

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрілігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№3 (150),
НАУРЫЗ
2017 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Аяған, Х.Әбжанов, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ш.Таңмамбетова – озат ұс-
таздар.

.....

Басуға 06.03. 2017 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1650.
Индекс – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Дала-принтте" басылды.

.....

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-түжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Эльмира Жүсіп. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов.....	2
Болат Сайлан. Мен барған соғыс.....	4
К.Есмағамбетов, А.Ахмет. Бұғауланған тарих: бір құжаттың ізімен.....	7
Зәуре Әбдірәсілова. Қолөнер өндірісі.....	11
Г.Сармурзина, Ж.Асылбекова. Ирго и зарубежные исследователи.....	14
Гулмира Жуман. Социально-экономические преобразования.....	16
Ұлжан Төлегенқызы. Қазақ мемлекеттілігі тарихына арналған еңбек...19	
Р.Дәрменова, А.Аманкелдіқызы. Қолданбалы қолөнер тарихы.....	20
Жангелді Шаукенов. «Мәңгілік Ел» идеясы келешекке бастама.....	22
Жәния Құсайынова. Жоғары оқу орнындағы патриоттық тәрбие.....	24
М.Тойғанбекова, Р.Наралиева, Б.Сұлтанова. Тарихи дерек және көркемдік шешім.....	26
Ә.Салықбай, Б.Салықбаева. «Қазақ тарихы» журналы.....	28

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Бақытжан Жапаров. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы және оқыту.....	31
Дәметкен Нұриева. Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аймақтары.....	32
Әлфия Меңдалиева. Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан.....	33
Анар Отарғазина. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.....	34
Бинұр Әбділбаева. Демократияландыру үдерісінің одан әрі жалғасуы...35	
Э.Кеңесбаева, Г.Жұмажанова. Алаштың қыраны – Отыншы Әлжанов...36	
Гүлшара Серікбаева. Қазақ жерлерінің тартып алынуы.....	37
Жанар Қорғанбаева. XI-XV ғасырлардағы шаруашылықтың дамуы...38	
Бағдагүл Ахметова. Тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер.....	39
Гүлнара Жұбаниязова. Заңдылықты білу – заман талабы.....	40
Ақтоты Бөкенбаева. Жеке тұлға және ұжым.....	41
Манат Оразбахова. Қазақтың тұңғыш банкирі.....	42
Сағадат Қалағаева. Тәуелсіздік – ел тірегі.....	44
Қуаныш Мақтиев. Адал ұрпақ.....	45
Бағила Декенова. Математика – ғылымдардың патшасы.....	46
Кәмшат Шерниязова. Математика тарихтан сыр шертеді.....	46
Салтанат Бокушева. Астана – бас қала.....	47
Дина Қойлыбаева. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 25 жыл...48	

АЛАШ АРЫСЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Эльмира ЖҮСІП,
тарих ғылымдарының магистрі

Ахмет Байтұрсынов – бұлтарысы, бұлғағы көп шытырман жолдан өткен адам. Ол Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1918-1919 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы саяси күштермен одақтас болса да, 1919 жылдың көктемінде Алаш басшылығының келісімімен Кеңес өкіметі жағына шықты. Лениннің ұйғаруымен Ахмет Байтұрсынов 1919 жылы жазда құрылған Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалып, 1920 жылы қазанда құрылған Ресей құрамындағы Автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚАКСР) үкімет мүшесі – оқу-ағарту комиссары болып сайланған. А.Байтұрсыновтың осындай күрделі өмір жолы оның қоғамдық мемлекеттік қызметін зерттеу үшін айтарлықтай қиындықтар туғызды. Ахмет мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасада (алаштық жүйе ме, әлде кеңестік жүйе ме – бәрібір) жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді басты нысана етіп алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді (К.Нұрпейіс. Алаштың күрескер ұлы. «Қазақ тарихы» А. 1998. №4-5).

А.Байтұрсыновтың азамат болып қалыптасқан кезеңі Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Патша үкіметінің 1867-1868 және 1886, 1891 жылдары жүзеге асырылған көп салалық реформалары (әкімшілік, сот, салық, т.б. мәселелерге байланысты) Қазақстанды отар ел ретінде толық заңдастырды. Осыған орай патшаның жергілікті әкімшіліктері тарапынан саяси-әлеуметтік тұрғыдан езу, оның жекелеген намысқой өкілдерін жәбірлеу мен қорлау жаппай орын алды. Мұны Байтұрсыновтар әулеті де бастан кешірді. XIX ғасырдың 80-жылдарында өз ауылында жәбірлеп, қорлағаны үшін Торғай уезінің бастығы Яковлевті Ахметтің әкесі Байтұрсын соққыға жыққан. Сол үшін ол ұзақ мерзімге Сібірге жер аударылған. Бала Ахмет осындай озбырлықтың талайын көріп, тез есейген.

Ахметтің өзі де Қарқаралы қаласында екі сыныптық училищенің меңгерушісі қызметін атқарып жүргенде полиция тыңшыларының жаласымен 1909 жылы Семей абақтысына жабылып, 8-9 айдай түрменің дәм-тұзын татқан болатын. Осындай оқиғалар тізбегі жигіт Ахметтің қоғамдық-саяси күреске ертерек араласуына түрткі болды.

Ал патша үкіметі уақыт өткен сайын көң көлемді отарлау саясатын жүргізуді күшейте түсті. Ол қазақ халқы мекендеген жерді мемлекет меншігі деп жариялап, сулы да нулы аймақтарды Қазақстанға қоныс аудару қорына, казак әскерлерін орналастыру қажеттеріне, патша әулетінің жеке қазақ меншігіне және басқа мақсаттарға пайдалану үшін күштеп тартып алып отырды. Осылайша, қазақ халқы отарлық езгінің қанды шеңгелінде қалды.

XX ғасыр басында өрістей бастаған қазақтың қоғамдық-саяси қозғалысы әуел баста өз алдына жалпы ұлттық-демократиялық мақсат-міндеттер қойды. Бұл істің басы-қасында екі ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақ зиялылары тұрды. Олар Әлихан Бөкейханов төңірегіне топтасты. Ахмет Байтұрсынов пен

Міржақып Дулатов, өздерінің әдеби шығармаларының беттерінде демократиялық мәндегі ұлттық тең құқықтық, халықтың мәдениетін көтеру, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты әлеуметтік-саяси мәні бар мәселелерді көтерді. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті. Бұған Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» (1911 ж.), Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» (1909 ж.) дәлел бола алады және сол кездің өзінде-ақ олардың қоғамдық-саяси мәні үлкен әрекеттерге барғанын көрсетеді. Ахмет Байтұрсынов төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары халықтың қалың бұқарасын туған өлкені қайта құрып, түрлендіру ісіне жұмылдыру үшін ұлттық баспасөз органдарын (газеттер мен журналдар) шығарған жөн деп шешті.

Осылайша халқымыздың тұңғыш бүкілұлттық бейресми «Қазақ» газетінің негізі қаланып, Ахмет оның бас редакторы болды. Газет 1913-1918 жылдар аралығында Орынбор қаласында шығып тұрды. Бұл газетті шығаруда, оны елге таратуда бас редакторға М.Дулатов сынды көзі ашық қазақ зиялыларының өкілдері көмектесті. Газеттің бағыт-бағдарын анықтауда кейін (1917 ж.) «Алаш» партиясын құруға жетекшілік жасаған Әлихан Бөкейханов үлкен рөл атқарды.

Газет 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық-демократиялық партияны дайындауда сан қырлы, салиқалы жұмыстар атқарды. Осы жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақтық сиезде Алаш партиясы құрылды. Сиезді шақыру мен оны өткізуде Ахмет Байтұрсынов үлкен белсенділік көрсетті. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнай бастағанда Ахмет Байтұрсыновтың белсенді араласуымен дайындалған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінің 1917 жылы 21 қарашадағы санында жарияланды.

Алаш партиясының саяси және экономикалық бас-тау көздері туралы, Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы мен олардың Кеңес өкіметімен ара қатынасы хақындағы алғашқы пікірлер кеңестік мерзімді баспасөзде 1919-1920 жылдардан-ақ жариялана бастады. Осы мәселе бойынша алғашқы қалам тартушылардың көш басында Алаш пен Алашорданың белгілі басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов пен қазақ зиялылары қатарынан шыққан алғашқы большевиктердің бірі Сәкен Сейфуллин тұрды. 1919 жылғы тамызда РСФСР-дың Ұлт істер жөніндегі халық комиссариаты органында Ахмет Байтұрсыновтың «Революция және қазақтар» мақаласы жарияланды. Осы шағын еңбегінде ұлт ұстазы 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерін қазақ халқының қалай қарсы алғанына өз бағасын беріп, Алаш автономиясын жариялау мен оның үкіметін құрудағы себептерді ашып көрсетіп, Алашорданың уақытша Сібір үкіметі, Құрылтай жиналысы комитеті (Комуч) және Колчак билігімен қандай қарым-қатынаста болғандығы туралы өз пайымдауларын баяндайды. Сонымен қатар, ол большевизмді қабылдауға 1917 жылы қазақ қауымы дайын емес еді деген тұжырым жасайды.

«Қазақтарға февраль революциясы қаншалықты түсінікті болса, – деп жазды А.Байтұрсынов, – Октябрь социалистік революциясы соншалықты түсініксіз көрінді. Бірінші революцияны қандай қуанышпен қарсы алса, екінші революцияны соншама үреймен қарсы алуға тура келді». Мұның себебін, ол былай негіздеді: «Екіншісінің түсініксіз болуын оп-оңай ұғындыруға болады: қазақтарда капитализм де, таптық жіктелу де жоқ, тіпті, жеке меншіктің өзін басқа халықтардағыдай айдар тағып ажырату қиын, көптеген пайдалану бұйымдары оларда қауымдық дәулет болып саналады... Қазақтардың күнкөріс жағдайына, таптық жіктелудің жоқтығына және жеке меншіктің заттарда белгілі меже болмауына байланысты қазақтар арасында олардың өзіне тән социализм мен коммунизмнің орын алуы қазақ халқына әзірше социалистік қоғамға деген мұқтаждықты қажет етптірмей отыр». Бұл тұжырымның қазақтар үшін таптық идеологияға негізделген большевизм идеясы мен большевиктер партиясы емес, ұлттық мүддеге негізделген жалпы қазақтың Алаш партиясы қажет болып еді деген ойды дәлелдеуге қызмет етіп отырғандығын түсіну қиын емес.

Ахмет Байтұрсынов 1917 жылы 5-17 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық екінші сиез жұмысына да белсене атсалысты. Сиез талқылап, шешім қабылдаған 10 мәселенің ішіндегі ең маңыздылары бүкіл қазақ жерлерін біріктіретін Алаш автономиясын құру, оның үкіметі – Алашорданы сайлау және «халықтық милиция» аталған Алаш автономиясының қарулы күштерін жасақтау жөнінде қабылдаған шешімдер болды.

А.Байтұрсынов Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуын қазан төңкерісі мен большевиктік билік өкелген анархияға қарсы тосқауыл ретінде түсіндірді. Ол большевиктік үстемдіктің Қазақстандағы алғашқы қоғамдарына мынадай баға береді: «Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз, шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізілді. Тоқ еттерін айтқанда, революция емес, барып тұрған анархия болды... Егер бұрын патша чиновниктері, аталған адамдар тобы қазақтарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді большевиктер-коммунистердің атын жамылған адамдар тобы жүргізіп отыр» (А.Байтұрсынов. Революция и киргизы. «Жизнь национальностей» М.1919. 3 тамыз. 29 (37)).

Алашорда осыдан кейін Кеңес өкіметін мойындамай, 1918 жылы оған қарсы шыққан күштермен одақтасты. Ал 1919 жылдың басында жауласушы күштердің арасалмағы Кеңес өкіметі мен Қызыл Армия жағына ауысуы Алашорда Колчак үкіметімен байланысын үзбей-ақ, Кеңес өкіметімен байланыс орнатуды жөн көрді. Бірақ та саяси хал-ахуалдың дамуындағы көптеген өзгерістер (Амангелді Имановтың өлімі, т.б.) келіссөз жүргізу үшін Мәскеуге барған Ахмет Байтұрсыновтың жағдайын айтарлықтай қиындатты.

Алайда, большевиктердің Алашордамен байланыс орнатып, қазақ халқының тағдыры жөнінде келіссөздер жүргізу қажеттігін дәлелдеуде Ахмет Байтұрсынов көп күш жұмсады. Соның арқасында Кеңес өкіметі қазақ халқының Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық мемлекеттігін ұйымдастыру ісін басқаратын орган құру туралы шешімге келді. Бұл іс сол жылы жазда құрылған қазақ революциялық комитетіне – Қазревкомға жүктелді.

Ахмет Байтұрсыновтың Кеңес өкіметі жағына шығуын және оның Қазревкомның мүшелігіне тағайындалуын большевиктер айтарлықтай саяси науқанға айналдырып

жіберді. Дәл осы кезде Кеңестік саясатты жүргізуге Ахмет Байтұрсынов аз көңіл аударған болатын. Алайда, ол Кеңес өкіметі құрған Қазақ өлкесін басқаратын Ревком төрағасының орынбасары әрі оның жетекші бөлімінің (ішкі істер жөніндегі) басшысы ретінде Алаш партиясының кейбір бағдарламалық мақсаттарын мүмкіндігінше Кеңес өкіметінің атынан жүзеге асыруға және Алашорданың жетекші қайраткерлерін Кеңес өкіметі тарапынан төніп тұрған аса ауыр қатерден сақтап қалуға көп күш жұмсады.

Ахмет Байтұрсыновтың бастамасымен 1919 жылы жаз бен күзде Қазревкомның мәжілістерінде Алашорданың Кеңес өкіметі жағына шықпаған басқа топтарымен, оның Батыс бөлімімен байланыс жасау және оларға белгілі шарттармен кешірім (амнистия) жасау мәселелері сан рет көтерілді (К.Нұрпейіс. Алаштың күрескер ұлы. «Қазақ тарихы» А. 1998.4-5).

1919 жылы 4 қарашада Түркістан майданының революциялық соғыс Кеңесі «Совет өкіметімен тікелей және жанама түрде күрес жүргізіп келген барлық қазақтарға толық кешірім жасау» туралы қаулы қабылдады.

1921-1928 жылдар аралығында Қазақстандағы күннен-күнге бел алып келе жатқан өкімшіл-әміршіл жүйеге қарсы қазақ зиялыларының тарихи, қоғамтанушылық, мәдениеттанушылық зерттеулері жарық көрді. Осы жылдары А.Байтұрсынов, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, М.Тынышбаев, сынды қазақ зиялылары тоталитарлық жүйеге қарсы рухани майданға шықты.

Алайда большевиктер Алаш қозғалысының жетекшілеріне, белсенді қазақ зиялыларына «Кеңес өкіметіне жау», «буржуазиялық ұлтшылдар», «Террорлық әрекеттерді дайындаушылар» деген айыптар тағып, 1928-1938 жылдары түрмеге жапты, ұзақ мерзімге концлагерьлерге айдады, басқа өлкелерге жер аударды. Одан елге оралғандар 1937-1938 жылдары «үлкен террордың» құрбандары болды.

1929 жылы Ахмет Байтұрсыновты ОГПУ, кейін НКВД жендеттері тұтқындап, 1930 жылы Солтүстіктегі Архенгельск облысына жер аударды. 1934 жылы қазан айында ол елге оралды. Үш жыл өткен соң 1937 жылы 8 қазанда қайта ұсталып, «халық жауы» деген жалған жаламен ату жазасына кесілді.

РЕЗЮМЕ

В статье «Ахмет Байтұрсынов» рассматривается его общественно-деятельность, работа в издательстве газеты «Казак» и как один из руководителей движения «Алаш», а также его взаимоотношения с Властью Советов.

In the article "Akhmet Baytursinov" deals: his social-political activity, about his works and in the release of newspaper "Kazakh" how one of the chiefs of the movement "Alash" and about his relationship with the Power of Soviet.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, 1991.
2. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. Москва, 1994.
3. Гуревич Л. Тоталитаризм против интеллигенции. Алматы, 1992.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
5. Қозыбаев М. Тарих зердесі. Бірінші және екінші кітаптар. Алматы, 1998.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
7. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. А., 2002.
8. Ұлы тұлғалар. Жинақ. Алматы, 2001.
9. Байтұрсын Ілияс. Алтын бесік. Қостанай, 1998.
10. Күзембаева В. Ұлттың ұлы ұстазы. Алматы, 2001.



Құттықтаймыз: БОЛАТ САЙЛАН – 50 ЖАСТА!

Тарихшы ғалым, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Ауған соғысының ардагері Болат САЙЛАН таяуда 50 жасқа толады. Редакция алқасы журналдың белсенді авторларының бірі, Болат Санабайұлын ердің жасы елуге толған мерейтойымен қуана құттықтап, зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс, иман мен сабыр, екі дүниенің бақыты мен байлығын тілейді. Төменде мерейтой иесінің, мақаласы мен ол туралы деректер назарларыңызға ұсынылып отыр.

МЕН БАРҒАН СОҒЫС

Болат САЙЛАН

Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Ауған соғысының ардагері

XX ғасыр тарихы біраз соғыстарға толы. Соның бірі – КСРО-ның дүркіреп тұрған кезінде өткен, қайғысы мен қасіреті, шығыны мен шырғалаңы, азабы мен ажалы аз болмаған Ауған соғысы. Осы он жылға созылған Ауған соғысына қатысу менің де маңдайыма жазылды.

Ауған соғысы басталғанда жоғарғы сыныптың оқушысы едім. Бірақ бұл соғысқа тап боламын деп ойламадым. Бұл соғыс туралы тек соғыста қаза болып, мәйіті елге әкелініп жатқан ауылдастарымның қайғысын көру арқылы біліп отырдым. Баратов Әбдісамат, Алпысбаев Әбдірахман және т.б. жауынгерлердің мырыш табытын елге әкеліп жерлеп, жаназасын шығаруға қатысқан ата-анамның аянышты әңгімелерінен, қайғыдан қан жұтып жатқан олардың отбасындағы жағдайлардан тыңдап жүрдім. Жастай кеткен қыршындардың аналарының көз жасын тыя алмай жүргенін естідім. Ауған соғысында ажал құшқан жауынгерлер табытының қайта-қайта ағылып келіп жатқанынан хабардар болдым. Ақыры көп ұзамай сол соғысқа өзім де аттандым.

1985 жылы сәуір айының басында аудандық әскери комиссариат тексеруінен толық өткен соң облыстық әскери комиссариатқа баратын болдық. Оған бару – әскерге жолдама (повестка в Армию) алу деген сөз. 15 сәуірде облыстық әскери комиссариатта әр түрлі кабинетке жүгіре отырып әскери-медициналық тексеруден өткеннен кейін, менімен бірге барған барша жігіт 10 мамырда әскерге кететін жолдама алды. Маған ғана жолдама берілмеді. Сол күннен бастап менде ешқандай көңіл-күй болмады. Жолдастарымнан қалып бара

жатқаным, әскери шақырту ала алмағаным жанымды жегідей жеді. Сөйтіп бойымды көңілсіздік билеп, бір апта қиналып жүргенде, жаңылыспасам 22-23 сәуір күні қолыма шұғыл түрде әскерге 25 сәуір күні аттанатыным туралы әскери шақырту қағазын алдым. Қуанышымда шек болмады. Апыл-ғұпыл дайындалып, қоштасу кешін өткізіп, туған-туыс, жора-жолдас, ата-анаммен қайыр-қош айтысып 25 сәуір күні әскерге аттанып кеттім. Сөйтсем 32-командаға түсіппін. Ол команда Ауған соғысына баратындарға арналған екен. Бұл 15 сәуір күні-ақ шешілген мәселе екен. Тек жолдама сол күні берілмеген. Өйткені менің қасы-көзім, шашым қап-қара, өзім қара торы, нағыз Ауған әскеріне ұқсайтын болғаным және денсаулығым мен бойымның дәлме-дәл келуі бәріне себеп болған көрінеді.

Екі-үш күнде бізді (15 жігітпіз) Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбеге жақын орналасқан Қорған-төбе қаласындағы әскери бөлімге әкелді. Әскерге алынғанымызға мәзбіз. Ештеңеден хабарсызбыз. Тараздан, Бішкектен қазақ және қырғыз жігіттері келіп қосылды. Бас-аяғы 120 солдат жасақталды. Әрбір взводқа 30 солдаттан бөле отырып, төрт взводтан жасақталған бір ротаға айналдық. 120 солдат жасақталып біткеннен кейін әскери бөлімнің алаңында подполковник Белявский деген офицермен біздің рота кездесті. Подполковник біздің Ауған соғысына баратынымызды, күшті дайындықтың басталатынын және кімде-кім Ауған соғысынан тірі қайтқысы келсе қара терге түскенше дайындалуы қажет деп ескертті және бұйырды. Дәл осы сәттен бастап біз Ауған соғысына бара-

тынымызды білдік. Сөйтсек біз «Ауғанстанға баратын жас жауынгерлер жиыны (Сбор молодых бойцов Афганистана)» деп аталатын бөлімге түсіппіз. Ал подполковник Белявский осы жиынның бастығы екен.

Менімен бірге әскери орталықта дайындықтан өткен ротадағы жауынгерлердің 80 пайызы қазақ, 15 пайызы қырғыз, 5 пайызы өзбек жігіттері болды. Дәлірек айтқанда кілең мұсылмандар едік. Солардың арасында қазақтардан Бақытжан Керімханов, Мұрат Бағысбаев, Қалдыбек Байботаев, қырғыздан есімде қалғаны Тынай Сулайманов, өзбектен Батыр Хамраев және т.б. көптеген мықты майталман жауынгерлер бірге әскери дайындықтан өттік. Аптаның алты күні оқу-жаттығуға арналды. Әсіресе, жүгіру, секіру, ату, қару-жарақ түрлерін пайдалану сияқты жаттығулар тыным таптырмады. Тәжікстан тауларындағы тактикалық жаттығулар дайындықта жүрген біздерді сақадай-сай етіп сомдалған жауынгерге айналдырды. Дайындық жұмыстарына КСРО-ның басқа нүктелерінен кәсіби әскери мамандар жұмылдырылды. 3 ай тоқтаусыз дайындықтан кейін арнайы спорттық емтихандар қабылданып, Ауғанстанға аттандыру басталды.

Тамыз айының басында қош бол Қорған-төбе дей отырып, біздің рота Термездегі шекараға тарттық. Шекарада КСРО-ның түкпір-түкпірінен дайындықтан келіп Ауғанстанға өту үшін кезек күтіп тұрған кеңес әскерлерінің шектеулі контингентіне қосылдық. Бір күннен кейін кезек бойынша мемлекеттік шекара сызығын кесіп өттік.

Ауған соғысына жас жауынгерлерді дайындайтын орталықтар, әсіресе, Орта Азия республикаларында мықтап қолға алынды. Отарда, Бішкекте, Ташкентте, Самарқанда, Шыршықта, Душанбеде, Қорған-төбеде, Кушкада және т.б. жерлерде дайындықтан өткен жауынгерлер кезегімен Ауғанстан аумағына жеткізілді. Ауған соғысына дайындықтан өтетін жауынгерлер орталығы күзде және көктемде тынымсыз жұмыс істеді. 3-4 ай немесе 6 ай жауынгерлік дайындыққа үйретілген солдаттар мен сержанттар лек-легімен Ауғанстандағы әскери горнизондарға түсірілді.

Бірақ біз Ауғанстан аумағына жеткізілгеннен кейін тарыдай шашылып кеттік. Бірге дайындықтан өткенмен соғыс талабы мен заңына сай Ауғанстандағы әрбір провинцияларға орналасқан кеңестік әскери горнизондарға бөліп тастады. Термездегі шекара арқылы Хайратонға жеткізілген бізді кезек-кезегімен иелікше иіріліп келіп жатқан тік ұшақ бесеу-алтаудан Ауғанстанның түрлі провинцияларына алып кетіп жатты. Сондай кезектің бірінде мен де 5-6 жауынгермен бірге тікұшақтың біріне отырып, Ауғанстанның ішкі жағына ұша жөнелдік. Ауғанстанның биік таулары мен шатқалдарын бойлай ұшқан тікұшақ қанатын қатты қаққан қырғидай бізді әуе жолымен ала жөнелді. Осылайша әуе жолы арқылы Ауғанстанға түсірілдік. Осы күннен бастап 730 күн, яғни толық 2 жыл менің әскери қызметім Ауғанстандағы 40-армия құрамында, кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің 201-дивизия солдаттарының қатарында сапқа тұрып соғысқа қатысумен өтті.

Тәжікстандағы оқу-жаттығу кезінде бірге болған кейбір жауынгерлерді екі жылда кездестіріп қалсақ, кейбірін кездестіре алмадық. Бірақ әр түрлі соғыс операциясы кезінде кейбір жігіттеріміздің майданда қаза болғанын бір-біріміз арқылы естіп отырдық. Қатты қайғырып күрсінетінбіз. Амал нешік соғыстың аты соғыс. Ауғанстанға жаңа барғанда жерлесім

Жомарт Сарыбаев қызмет атқаратын взводқа түстім. Ол қатардағы жауынгер болғанымен, біздің алдымызда барғандықтан Ауған халқы және ондағы соғыс қимылы жайлы көп нәрселерді үйретті.

Ауғанстандағы алғашқы айлар қиын соққанымен, біраз уақытта бәріне үйреніп те, көндігіп те кеттік. Қару-жарақ түрлерінің түр-түрінен атқылауды да әбден дайындалып барған біздер тез меңгеріп алдық. Автомат қол сағат секілді қолыңнан түспейді. Мұнда қару-жарақсыз жүру мүмкін емес. Ол – жауынгердің жан серігі. Әркімнің өзіне бекітілген қару-жарағы бар.

Ауғанстанның жер-жағдайы партизандық күрестің жүруіне қолайлы. Шығуға қиын биік таулар мен терең сайлардың мұнда көп болуы, «душман» аталған бандалық топтардың жасырылуына қолайлы жағдай жасады. Қыстақтардағы жасыл алқап деп аталатын жүзімдіктер мен бақтарда да кейбір кішкентай бөлімшелер үшін жасырын орын саналды. Репрессиядан қорқып, тұрғындардың көпшілігі душмандарды қолдады немесе оларға бағынуға мәжбүр болды. Жергілікті тұрғындар бүлікшілерді азық-түлікпен қамтамасыз етті, қауіптерден сақтандырды және тасалауға көмектесті. Халық өкіметінің өкілдері мен ауғандық және кеңестік армияның әскерлерін ұстап алған душмандар оларды аяусыз жазалады. Қолға түскен тұтқындарды қатты қинады, кемтар етті, терісін сыпырды және ақырында азаптап өлтірді. Оппозицияның ұрыс қимылдарының белсенді түрде өсуіне ауғандық армияның дәрменсіздігі де әсер етті. Олар ел аумағының 80%-ын бүлікшілердің бақылауына өз еркімен берді [1, 41-б.]. Сондықтан да мұнда бірінші кезекте сақтық шарасын сақтау маңызды болды. Егер мүлт кетсең, оққа ұшуың немесе тұтқынға түсіп қалуың әбден мүмкін еді.

40-шы армия он жыл ішінде Ауған жерінде жүздеген соғыс операциясын жүргізді. Соғыс операциясы – атыс пен шабыс, айқас пен шайқас еді. Душмандар шоғырланған алқап пен уездерге, таулар мен шыңдарға кеңестік әскерді кіргізе отырып, олардың көзін жою болды (Осындай соғыстарда көптеген жауынгерлеріміз жат жерде көз жұмды). Соның бірі – мен қатысқан «Ханабад операциясы». Оған әскери құраманың әр түрінен жауынгерлер алды. Мен қызмет атқаратын взводтан командирлер тарапынан 5 жауынгер баратын болып шешіліпті. Соның бірі мен болдым. Бесеудің екеуі мұсылман едік. Қасымдағы мұсылман жігіті түрікмен ұлтынан, аты-жөні – Чарыгулиев Оразсахет еді. Орыс тілін білмейтіндіктен, О.Чарыгулиев менен көп ажырамайтын. Осы соғыста Қорған-төбеде бірге дайындықта болған Қалдыбек Байботаев және Тынай Сулаймановпен қайта қауыштық. Олар да осы соғыс операциясына қатысушылардың құрамына кірген екен. Бір-бірімізді көрмегенімізге бір жылдан аса уақыт болған. Өте қатты қуандық. Өйткені аман-сау жолығып отырмыз. Бұл жолғы соғыс оңай еместігі осы жорыққа қатысатын жауынгерлерді арнайы кең бір алқапты жерге жинап, сақадай-сай тәртіп бойынша жасақтауы тегін еместі. Өйткені тек қару-жарақ жағын ғана емес, осы соғысқа қатысатын әрбір жауынгердің елдегі мекен-жайының толық жазылуын да талап етті. Мекен-жай кішкене қағазға қаламсап арқылы жазылып, босаған автомат оғының гильзасының ішіне тығындалды. Ал бұл гильза белбеу астында орналасқан шалбардың кішкене қалташасына салынды. Әлі есімде бұл не үшін қажет деп сұрағанымызда, жауынгер түрлі жағдайда қаза

болуы мүмкін, сондықтан бұл жазу әрі жауынгерді анықтауға, әрі мәйітін жөнелтуге жәрдемші құрал деп түсіндіргені. Сөйтсек кейбір жауынгерлердің өлі денесін танымайтын жағдайлар соғыста аз емес екен. Ханабадқа бағытталған соғыс операциясы ұзаққа созылды. Бақытымызға орай 5 адамнан тұратын біздің құрама бұл соғыстан 3 айға жуық жүріп, әскери бөлімшемізге аман-есен оралдық. Бір айтарлығы осы жорық алдында командирім уәде еткен наградамызды ала алмадық. Оған өкінбедік те. Өйткені деніміз сау, басымыз бүтін боп өзіміз аттанып кеткен әскери құрамаға қайта қосылдық. Алдымен амандығымыз үшін қуандық [2].

Осылайша әскери тәртіп пен түрлі соғыс қимылдарының тасасында жүргенде екі жыл да өте шықты. Тамыз айының басында Ауған жеріне кірген мен екі жылды артқа тастап тамыз айының басында үйге қайтуға бұйрық алдым. Әскери борышын өтеп біткен жауынгерлермен бірге әскери ұшаққа отырып, күн сәулесіне күйіп тұрған Ауған жерін артқа тастап әуе арқылы мемлекеттік шекараны кесіп өтіп, Термез қаласына жеткізілдік. Ұшақтан түскен соң тірі келгеніміз үшін бір-бірімізді құшақтап құттықтадық. Көпшілікпен бірге тура Ташкентке жол тарттық. Ташкент қаласында қарулас достармен қоштасып, әрқайсысымыз аңсай күтіп отырған ата-анамыз бен үйімізге жол тарттық. Мен бұл соғыстың тарихын «Ауған соғысының ақиқаты» кітабымда жазған едім. Енді алдағы уақытта бұл соғыстың әлі ашылмаған ақиқатын келесі кітабымда жариялаймын деп жүрмін.

Қысқаша қайырғанда, талайдың тағдырын төлкек еткен бұл соғыс 1989 жылы 15 ақпанда кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығарумен аяқталды. Оған КСРО бойынша 620 мың адам қатысып, оның 14453-і құрбан болса [3, с. 403], біздің республикамыздан 22 мың адам қатысып, оның мыңға жуығы қаза тапты [4]. Қазіргі бейбіт күнде соғыста құрбан болған қарулас достарымызға тағзым етіп, тірілеріне тілек тілейміз. Біз әскери антымызды бұзбадық. Кеңес әскерінің құрамында Ауған соғысына қатысқан офицерлер мен солдаттардың ешқандай кінәсі жоқ еді. Ауғанда атасы үшін соғысқан ешкім жоқ. Интернационалдық борышын басты міндет етіп алған жауынгерлер сол кездегі КОКП ОК Бас хатшысының, КСРО Қорғаныс министрінің бұйрығын орындаумен ғана шектелді. Сондықтан да бұл соғысқа қатысушылар жауынгерлік борыштарын орынды мақтан ете алады. Ауғанстанға аттанған әрбір азаматтың ойы да, мақсаты да өз борышын, адал орындау еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Меримский В.А.** В боях с моджахедами // Военно-исторический журнал. – 1994. – №8. – 40-47 стр.
2. **Сайлан Б.С.** Біз болған соғыс // Айқын. – 2015. – 19 ақпан.
3. Гриф секретности снят / Под. ред. Кривошеева Г. – Москва: Воениздат, 1993. – 415 с.
4. **Сайлан Б.С.** Ауған синдромы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 25 ақпан.

ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН

Болат САЙЛАН 1967 жылы 11 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданындағы Еңбек ауылында туған.

1985-1987 жылдары Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамында Ауғанстан аумағындағы соғысқа қатысты. Ауған соғысының ардагері.

1987-1993 жж. жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетінде оқыды.

1998 жылы 28 сәуірде “Ауған соғысы және оған қазақстандықтардың қатысуы (1979-1989 жж.)” деп аталатын тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал 2010 жылы 1 шілдеде “Кеңес өкіметі тұсындағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.)” деп аталатын тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының докторы атанды.

1993 жылдан 2012 жылға дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде оқытушыдан бастап, дайындық факультетінің деканы (2001-2004), Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі (2011-2012) қызметтерін атқарды.

2012 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасында профессор қызметін атқарып келеді.

Болат САЙЛАН бірнеше үкіметтік және ведомстволық марапаттардың иегері, сонымен қатар ҚР білім беру ісінің үздігі. Оның үш монографиясы мен Ауған соғысына қазақстандықтардың қатысуы және кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты тақырыбында 100-ден аса ғылыми мақалалары ҚР-ның қоғамдық-саяси журналдарында және алыс-жақын шетелдік басылымдарда (Берлин, Москва, София, Ташкент, Бишкек) жарияланды.

БОЛАТ САЙЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕРІ

1. Ауған соғысының ақиқаты (1979-1989 жж.). – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 247 б.
2. Боздақтар мәңгі жадымызда (1979-1989 жж.). – Алматы: Өлке, 2006. – 280 б.
3. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). – Алматы: ҚазмемқызПУ, 2011. – 433 б.
4. Қазақстандағы алғашқы жастар ұйымдарының құрылу тарихы (1917-1925 жж.) // Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 103 б.
5. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 120 б.

МАРАПАТТАРЫ:

1. “Жауынгер-интернационалист” Құрмет белгісі медалі.
2. “За отвагу и мужество” медалі.
3. “70 лет ВС СССР” медалі.
4. “От благородного Афганского народа” медалі.
5. “10 лет вывода ОКСВА” медалі.
6. “15 лет вывода ОКСВА” медалі.
7. “Ауған соғысының ардагері” медалі.
8. “20 лет вывода ОКСВА” медалі.
9. “25 лет вывода ОКСВА” медалі.
10. “Кеңес Одағының Батыры генерал Сабыр Рахимов” медалі.
11. “Кеңес Одағының Батыры генерал Сағадат Нұрмағамбетов” медалі.
12. “Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов” медалі.
13. Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері.

БҰҒАУЛАНҒАН ТАРИХ: БІР ҚҰЖАТТЫҢ ІЗІМЕН

Көшім ЕСМАҒАМБЕТОВ,

тарих ғылымдарының докторы, профессор,

Аққали АХМЕТ,

тарих ғылымдарының докторы, доцент

Қандай да болмасын тарихи оқиға туралы жазылған ғылыми еңбектің құндылығы оның қаншалықты мұрағат қорлары негізінде жазылуымен өлшенеді. Еліміздегі мұрағат қорларының халқымыз тарихының маңызды дерек көздерін құрайтындығы даусыз. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан еліміздегі мұрағаттар жүйесінің негізгі міндеттері сонда.

Тарихи деректерімізді дер кезінде жинастырып, өткенімізді объективті жазуға пайдалана алмауымыздың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымыз, өз еркіміздің өзімізде болмауы сияқты объективті себептерімен қатар, тарихымызды ғылыми негізде жазу ісінің кеш басталуы, біздегі тарих ғылымының негіздерінің кеңестік кезеңде қалыптасуы және ұлттық төл деректеріміздің негізсіз құпияландырылғаны сияқты субъективті факторлардың да әсері болғандығы белгілі. Сондықтан да өткен тарихымыздан жан-жақты ақпарат беретін деректерімізді іздеп табу, жинау, жүйелеу, сақтау және деректанулық сыннан өткізу арқылы тарихымызды жаңаша көзқарас арқылы жазу міндеті және тәуелсіздік тарихының дерек көздері мен нақты деректерін жүйелеп, ғылыми айналымға енгізу міндеті тұр. Өткен тарихымыздың терең зерттеліп, шынайы да, объективті жазылу ісі жүйелі де, ғылыми негізде жүргізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚР ПМ) қорында XIX ғасырдың 50-жылдары алған Сыр өңірі қазақтарының көтерілісі жөніндегі мәжіліс стенограммасы сақталған. Мәжіліс Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы М.Сужиковтың төрағалығымен 1952 жылдың 10 және 17 қазан күндері Тарих, археология және этнография институтының директоры С.Н.Покровский, Экономика институтының директоры С.Толыбеков, тарихшылар Х.Айдарова, Т.Шойынбаев, Ө.Тұрсынбаев, М.Ақынжанов, Т.Елеуов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, В.Шахматов, В.Савоськоның, Республикалық Орталық мұрағаттың директоры И.Чумактың, Пыхтин, Пилыук деген партия қызметкерлерінің қатысуымен Орталық комитеттің Бюросы залында өтеді. **Пікірсайыс негізінен Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған қазақтар көтерілісінің себептері мен сипатын анықтауды көздейді [1, 146 п.].**

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы жасырып ұсталған бұл құжат И.В.Сталиннің 1941 жылы партиялық баспасөзде Ф.Энгельстың «Орыс патшалығының сыртқы саясаты» деген еңбегі жөнінде жарияланған ашық хатынан кейін, яғни Кеңес өкіметінің сыртқы саясатының революцияға дейінгі Ресейдің ұлы державалық, аннексиялық саясатымен «сабақтастығы» туралы тұжырым жасалуына байланысты орын алған идеологиялық қыспақ жағдайында дүниеге келді. Шын мәнінде Сталиннің хаты патшалық Ресейдің отарлық саясатын ақтауға, орыстан өзге халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарын мансұқтауға жол ашты.

Енді «Шығыс халықтары Ресейге өз еркімен қосылған» деген пікірден өзге тұжырым жасау мүмкін болмай қалды. Осыдан соң, 1943 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» сынға ұшырады. 1949 жылғы бұл еңбектің екінші басылымы да ресми идеология қалыбына сай келе қоймайды.

Қазақ хандары мен сұлтандарын дәріптеушіліктің, шекті биі Есет Көтібаров бастаған көтерілісті ұлт-азаттық қозғалыс деп есептеудің қате екендігі туралы, т.б. ескертулер жасалған М.Морозов дегеннің мақаласы жарияланды [2].

Ең бастысы, кітапта Қазақстанның Ресейге қосылуының «қазақ ақсүйектерінің бір бөлігі мен патша үкіметі арасындағы астыртын келісім» негізінде жүзеге асқандығы, яғни «абсолюттік қасірет» ретінде бағалануы жоғарыда айтылған Сталиннің пікіріне мүлдем қайшы келді. Екінші басылым да Ресейдің Қазақстанды жаулап алу тарихы «артта қалған ортаазиялық хандықтармен» немесе Жоңғариямен қосылғаннан гөрі «жартылай қасірет» екендігі туралы тұжырымдама тұрғысынан баяндалды.

Басқаша сөзбен айтқанда, қазақтардың орталыққа қарсы күресі олардың Ресейге «қосылуы» мәселесін қалай бағалауға тікелей байланысты екендігі анықталды.

Ғалымдардың төбесіне төнген тоқпақ 1947 жылдың қаңтарындағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателіктер туралы» Қаулысынан анық сезілді. Онда Ө.Марғұлан, Е.Исмаилов, Қ.Жұмалиев және т.б. тарихшылар мен әдебиетшілерге революцияға дейінгі қазақ ауылындағы таптық күресті «бүркемеледі» деген кінә тағылды. Жай кінә емес, тарихшылар мен әдебиетшілердің еңбектеріндегі кемшіліктер «буржуазиялық-ұлтшылдық» ретінде есептелді [3, с.7-12, с.22-28].

Кеңес өкіметінің орталық және жергілікті идеологиялық аппараттары, әсіресе, Кеңесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысы тарихын зерттеушілерге ерекше шүйлікті. Т.Шойынбаев, Х.Айдарова және Я.Якуниннің «Қазақстан тарихы мәселелерін марксистік-лениндік тұрғыдан баяндау туралы» деген мақаласы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетін Е.Бекмахановты «ұлтшылдықпен» айыптаған арнайы Қаулы қабылдауына әкелді [4].

Кеңесары бастаған қозғалысты «керіартпалық», «феодалдық-буржуазиялық» қозғалыс деп тану, шығыс халықтарының Ресейге қосылуының жартылай қасірет екендігін «прогрессивті сипаттағы оқиға» тұжырымдамасымен ауыстыру туралы ұсыныстар түсіп жатады. Осыған орай Қазақстанда орын алған барлық ұлттық қозғалыстар тарихы қайта қарастырылады.

Француз тарихшысы А.Бенигсеннің өткен ға-

сырдың 50-жылдарындағы Қазақстанның тарих ғылымында қалыптасқан ахуалды «абсолюттік қасіреттен – абсолюттік жақсылыққа» деп бағалауы осыдан. *«Орыстардың Кавказ бен Орта Азияны жаулап алу тарихын ресми тұрғыдан пайымдау осы өңірлердің мұсылман халқына қатысты Кеңестер саясатын көрсететін ең дәл барометр болып табылады»,* – дейді ол [5, с.28].

«Жартылай қасірет» формуласы бойынша:

1. Орыс жаулаушылығы мұсылман халықтарды Түркия, Иран және Англия сияқты елдердің езгісінен құтқарған;

2. Феодалдық бытыраңқылықты жойып, бұл өңірлердің экономикалық дамуын тездеткен;

3. Отарланған өңірлердің алдыңғы қатарлы өкілдері ұлы орыс мәдениетінің ықпалына тартылуға мүмкіндік алған;

4. Кейін тек осы аймақтарда қоныс тепкен орыстар арқылы ғана Қазан революциясы жеңіп шығады да, олар жергілікті халыққа социализм жолымен алға басуына жетекшілік етіпті.

Бұл сияқты жалаң пайымдаулар енді интернационалистік қағидаттар талаптарына сәйкес келмейді.

Осыған байланысты Қазақ Республикасы Ғылым Академиясының Президиумы құрған комиссия Жанқожа бастаған көтерілісті «керітартпа» оқиға ретінде танып, көпшілік дауыспен шешім шығарады. Х.Айдарова мен В.Шахматов онымен келіспейді.

Ғылым Академиясының басшылығы Орталық Комитеттен көтерілістің сипатын анықтауда көмек беруге өтініш жасайды. Ғылыми қызметкерлер арасында Жанқожа бастаған көтеріліс жөнінде бірауыздылықтың жоқтығы себепті, Орталық Комитет өз тарапында партия қызметкерлері мен тарихшылардан тұратын шығармашылық топ құрып, оған өз пікірін білдіруді тапсырады. Мұрағат материалдарымен жеткілікті танысқан болып, бұл топ Ж.Нұрмұхамедұлы бастаған көтерілістің Хиуа хандығымен байланыста болуы, Жанқожаның өзі «феодал», «мұсылман» екендігі себепті орыс халқына «дұшпандылық көзқарас ұстанғандығы», Т.Шойынбаевтың 1949 жылы Алматыда жарық көрген «Восстание сырдарьинских казахов под руководством Джанходжи Нурмахамедова (1856-1857)» деген кітабын айналымнан алып тастау, автордың өз қателігін мойындап, мерзімді баспасөз бетінде мақала жариялау керектігі, дайындалып жатқан «Қазақ ССР тарихының» бірінші томында бұл көтерілістің «керітартпа» көтеріліс деп сипаттау керектігі туралы қорытынды жасады.

Бұған дейін тарихшылар Кенесары бастаған көтерілістің сипаты, оның «керітартпа» екендігі туралы ой түйіп үлгергендігі жоғарыда айтылды. Т.Шойынбаев өзі мойындағандай, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті үгіт бөліміне Кенесары бастаған көтерілістің «феодалдық-монархиялық» сипаттағы көтеріліс екендігі туралы хат та жазады. Сөз алған В.Шахматов та Кенесары қозғалысы жөнінде Т.Шойынбаевтың пікірін қолдайды. Бірақ, оны Жанқожа бастаған көтеріліске де осы секілді баға берген жағдайда *«сонда отаршылдыққа қарсы бағытталған көтерілістің бәрі бірдей керітартпа болғаны ма?»* деген сұрақ туындайтыны мазалайды. Дегенмен, ол Жанқожа бастаған көтерілістің ұлт-азаттық сипатта емес екендігіне тоқталады. Мұны Шахматов мәселенің басқа қырынан келіп түсіндіруге тырысады. Ұлт-азаттық қозғалыс ұлттық тәуелсіздікті және өзінің дербес мемлекетін құруды мақсат етеді. Сыр бойы қазақтарының көтерілісі Ресейден бөлінуді

және жеке хандық құруды көздемеді. Көтерілісшілер мәдениет пен дінге байланысты, орталық езгіге қарсы күрес талаптарын да алға тартпайды. Көтерілісшілер алдарына Хиуа хандығы мен басқа да ортаазиялық мемлекеттердің протектораттығына өту туралы да мәселе көтермеді...

Сырдария қазақтарының көтерілісі нақты орталық езгіге қарсы, яғни егін егуге қолайлы жерлерді тартып алуға, салыққа, озбырлыққа, жүгенсіздікке қарсы ұсақ шаруалардың наразылығы болып табылады. Көтеріліс стихиялы және қысқа мерзімде, барлығы жарты айда ғана орын алды. Қазалы ауданының шағын бөлігін қамтыды және оған үш мыңға жуық адам қатынасты. К.Қасымов бастаған көтерілісті керітартпа көтеріліс ретінде қарастыра бастаған кезде, маған мынадай ой туындады: *«Ресейге қарсы қозғалыстардың барлығы керітартпалық көтерілістер болады да, ал Қазақстанның Ресейге қосылуы прогрессивті болады. Олай болса, бұл дегеніміз – Ресей империясының отаршылдық саясатын ақтап алу емес пе?!»* дейді. Сонымен В.Шахматовтың Ғылым Академиясы Президиумы құрған комиссияның шешімімен келіспеушілігі Жанқожа бастаған көтеріліс сипатын «керітартпа» ретінде бағалаған көпшілікпен өзге пікірде емес екендігі көрінеді. Ал, оның Қазақстанның Ресейге қосылуы мен ұлт-азаттық қозғалысы арасындағы байланыс жөніндегі күдігі Орталықтың идеологиялық ұстанымын жете ұқпағандығынан болса керек.

Ал, Х.Айдарова бұл көтерілісті орыс әкімшілігіне ауыр алым-салық пен міндеткерлікке қарсы бағытталған жергілікті сипаттағы бой көтеру деп есептейді.

И.Чумак мұрағат материалдарына емес, марксизм-ленинизм классиктерінің жалпылама сөздеріне сілтеме жасай отырып, көтеріліс – *«феодалдар арасындағы өзара күрес»* дегенді дәлелдеуге тырысады. Тарихи шындықпен *«үш қайнаса сорпасы қосылмайтын»* бұл пікірді М.Ақынжанов, Ә.Тұрсынбаев, Т.Елеуов секілді тарихшылар да қолдайтындай сыңай танытады. Олар көтерілістің шығуына себеп болған факторларды анықтау арқылы оның сипатына тоқталудың орнына жұртшылық назарын басқа жаққа аударады. Тек, Х.Айдарова мен В.Шахматов дереккөздеріне мән беру керектігіне болмашы ниет білдіреді.

Ол кезеңде қарастырылып отырған тақырыпта Т.Шойынбаевтың орыс тіліндегі «Сырдария қазақтарының көтерілісі» (1949) деген шағын кітабы мен В.Шахматов және А.Якуниннің, басқа да авторлардың үш-төрт мақаласы ғана болады. Сондықтан пікірталас көбіне Т.Шойынбаевтың еңбегі төңірегінде өрбиді. Еңбекте И.В.Аничковтың 1894 жылы Қазан қаласында жарық көрген *«Киргизский героев Джанходжа Нурмахамедов (Очерк их первых шагов русских на Сыр-Дарье)»* деген кітабының материалдары біршама пайдаланылған, сонымен бірге еңбек Жанқожа бастаған көтеріліс сипатын анықтауға да негіз болған.

И.В.Аничков кітабының объективтілігі күмән тудырмайды, оның негізін Сырдария шебінің ресми құжаттары, қазақтардан естіп жазылып алынған материалдар құрайды.

Автордың баяндауынша, орыс әскерлері Райым бекінісін, Қосарал фортын салып табан тірегеннен кейін 1850 жылы Қазалы төңірегін жаулап алады. Одан соң Қосқорған, 1853 жылы маусым айында қырғын шайқастан кейін Ақмешіт қамалын басып алады. Ізінше №1, 2 форттар салынып, Перовский мен Сырдария шебі бекіді. Мұндағы орыс шенеуніктерге айрықша билік беріледі. Қазақтарды құлдыққа салудың, тағы басқа болашақ шараларының

алғашқы тәжірибесі ретінде Сыр бойына Орынбордан казак-орыстардың отызға тарта үйі көшіріліп әкелінеді.

Сол кездегі орыс билігін қарт батыр Ізтілеу Байжанұлы: «орыстар, қазақтар сияқты, шабарын шауып алып, кете бермейді, керісінше, алса да тоймайды, бірақ қазақ жерінен ешуақытта кетпейді», – деп сипаттайды.

Сырдария мен Арал маңында орыс билігі күшейген сайын отарлық қанау мен орыстардың озбырлықтары да кең етек ала бастайды. Қазақтар әуелгі кезде әр шаңырақтан бір сом елу тиыннан салық төлесе, кейін ол екі есеге ауысады. Орыс шенеуніктері алым-салықты белгіленген мөлшерден де артық алып отырады, малдарын айдап әкетіп, қыздарының абыройын төгеді. Ақырында қазақтар Сырдария жағасындағы шұрайлы да суландырылған, бұрыннан игерілген жерлерінен айрылады. Бұл секілді бейбастықтарды жалғыз И.В.Аничков ғана емес, мұрағат құжаттары, басқа да орыс авторларының еңбектері растайды [6, 9-п., 8-п., с. 20].

И.В.Аничков мынадай мысал да келтіреді: орыс солдаттары № 1 фортты салып жатқанда үш қазақты қол-аяғын байлап, кірпіш күйдіріп жатқан пеште тірілей өртеп жібереді. «*Мұны естіген Жанқожа ызаға шыдамай, орыстарға қарсы соғыс ашты*», – дейді ол. 1853-1856 жылдар аралығында Сырдария шебінің солдаттары жиырма үш қазақты өлтіреді [7, с. 256].

Көтерілістің астарында жатжұртшылықтың озбырлығына көндіге алмау жатты. И.В.Аничковтың сөзімен айтқанда: «*Елін қанқұйлы дұшпандардан қорғай білген, халқына пана болған Жанқожа батыр қорлыққа шыдай алмай, жасы сексеннің алтауына келгенде ... соңына мыңдаған сарбаз ертіп, ата жауымен арыстанша алысты*».

Мәжіліске қатысушылардың біразы Жанқожа бастаған көтеріліс себептерін бұл секілді мұрағаттық құжаттардан емес, оның ортаазиялық хандықтармен «байланысты болғандығынан», солардың мүддесіне орай әрекет еткендігінен немесе Жанқожаның өзінің «феодал» болғандығынан, тіпті мұсылман екендігінен іздестіреді. Т.Елеуов Жанқожаны: «*Англия мен Түркияны қолдаған Орта Азия хандарының қолшоқпары*», – десе, С.Н.Покровский: «*Қазақ халқының қас жауы Хиуа ханымен байланыста болған, үстем тап өкілдерінің мүддесін көздеген, орыстарға қарсы көзқарас ұстанған, бұл дегеніміз қозғалысқа керітартпа сипат берді*», – деп бір қайырады.

Мұндай «уәждердің» өрескелдігі соншалық, Х.Айдарова: «*Жанқожа Бұқарамен байланыста болып, Англияның мүддесі үшін күресті деген пікір – қандай саясатшылдық*», – деп тастайды.

М.Ақынжанов бұлардың барлығынан да асып түсіп, Жанқожаны «қазақ халқына қасірет әкелген», «орыстарға қарсы қысқал қарақшы» дегенге дейін барды. Өз сөзінің соңында, **біріншіден**, бұл көтеріліс Ғазауат ұранымен жүргізілген керітартпа көтеріліс; **екіншіден**, көтеріліс Ресейдің Орта Азияға ішкерілей енуіне қарсы шет мемлекеттердің бағыттауымен болды; **үшіншіден**, көтеріліс Ресейге қарсы Есет Көтібаровтың көтерілісімен және басқа да керітартпа күштермен бір мақсат, бір ұранның астында өрбіді; сол себепті оны дәріптеу марксистік көзқарасқа жатпайды деп қорытындылады.

Бұл секілді тұрпайы тұжырым жөнінде Кенесары қозғалысына ата жауындай тиіскен Х.Айдарова үнсіз қала алмайды. «*Жанқожаны сондай жеккөрініштілікпен әшкерелейді. Ал феодал Сырымды шаруалардың азаттық күресін басқарғаны үшін мадақтайды. Ақынжановты кітаптың ғылыми деңгейінен гөрі оның авторы (Шойынбаевты айтады.*

– авт.) көбірек мазалайтынға ұқсайды. Драматургия, әдебиеттану, журналистика және басқа да ғылым салаларымен айналысқанымен, оның тарихқа көзқарасы біржақты сияқты», – деп қағытады.

Жалпы, Жанқожа бастаған көтеріліс жөнінде жоғары деңгейде пікірталастың орын алуында адами фактордың да әсері бар секілді. Оны В.Шахматовтың «*адамдардың ғылыми мүддені емес, жеке бастың қамын басшылыққа алатындығын түсінбеймін*», – деген сөздерінен де байқауға болатын еді.

Сөз алғандардың қайсысында да, «ұлтшылдық» деген айып тағылып кете ме деген күдік басым жатты. Ө.Тұрсынбаев орнында отырып, «*мұның (көтерілістің) ұлтшылдығы мен керітартпалығы шошытады*» деді дауыстап. Оны да «шошытып» отырған көтерілістің сипаты емес, көз алдынан кетпей қойған Кремльдің ызғарлы елесі еді.

Біршама кідіріп барып Ө.Тұрсынбаев та мінбеге шықты. Ол әлем тарихына, Кеңес Одағының, Қазақстанның тарихына шолу жасап, сол арқылы Жанқожаның Англиямен байланыста болғандығын дәлелдегісі келді.

Бұл көтеріліс кімнің «диірменіне су құйды?» деген сұрақ қоюшылар да болды. Екіншілері мәселені бұлай шешуге ұмтылушылық дұрыс емес деді. Ақырында Жанқожа – сауатсыз адам, ол кезде радио да болмады, ағылшын-орыс қатынастары жөнінде естімеген де шығар деп бір тынышталды.

Сөйлеушілер Жанқожаның әрекеттерін бірде Хиуа хандығымен, бірде Ресеймен байланысты бола жүріп, кейін оларға қарсы күрескенін «екіжүзділік» деп таныды. Жанқожаның ортаазиялық хандықтармен байланысына тоқталсақ, оның «екіжүзді» емес, табанды ұстаным иесі екендігін көреміз.

1835 жылдан бастап Жанқожаның жасақтары Әмудария мен Сырдария арасында орналасқан Хиуаның тұрақты әскерлеріне қарсы соғысты. 1842 жылдың күзінде Хиуаның ірі бекінісі Бесқаланы, 1843 жылы Қуандариядағы тағы бір бекінісін қиратады.

Кенесары Қасымовпен бірге Жанқожа Сырдарияның төменгі ағысындағы қоқандық әскери бекіністер Жаңақорғанға, Шымқорғанға, Күмісқорғанға шабуыл жасайды. Кенесарының өтініші бойынша Жанқожа Созақ бекінісін алуға қатысады. Алайда, ортаазиялық хандықтардың қазақтардың мекендеріне шабуылдары тоқтамайды.

Осыдан кейін ол орыстармен одақтасуға мәжбүр болды. Бірақ көп ұзамай орыс езгісінің ортаазиялық хандықтардың езгісінен әлдеқайда ауыр екендігін түсінеді. Біздің тарихшыларымыз Жанқожаның бірде ортаазиялық хандықтарға, бірде Ресейдің орталық үстемдігіне қарсы күресінің бір ғана мақсатты – өз халқының тәуелсіз өмірін сүруін көздегенін ұқпады емес, олар өз бастарының қамын ғана ойлайды.

Жарыссөзге қатысқан С.Н.Покровский, Т.Елеуов, А.Нүсіпбеков те көтерілісті және оның жетекшісін «қаралаудан» басқа жаңалық ашқан жоқ. Олар да көтеріліс дінсіздерге қарсы ұранмен «Алаш» туы астында өтті» дегенмен шектелді. С.Н.Покровский мәжіліске дейін Жанқожа бастаған көтерілісті – ұлт-азаттық сипаттағы көтеріліс деп есептеген-ді, енді ол сөз көзқарасынан танып шығады.

В.Шахматовтың Жанқожа бастаған көтерілістің сипаты дереккөздерін зерттеу арқылы анықталады, оған дауыс берумен қол жеткізуге болмайды ғой деген уәжіне де ешкім құлақ аспайды.

Дереккөздері мен тарихшы ұстанымдарын бір арнаға түсіру қиынға соғады. М.Сужиковтың: «Қоз-

ғалыстың басты мақсаты не болды? Феодал Жанқожаның жеке мақсаты ма немесе орталық езгінің салдары ма? Бұл орайда біз шытырман жағдайға ұшырап отырмыз», – деген сұрағы осыны білдірді. С.Н.Покровский: «Егер де біз Аничковтың кітабына сүйенсек, сіздерге кепілдік берем, Жанқожа тоқсан бес пайыз жағымды, қазақ халқының батыры болып шығады», – деп шындығын айтты. Т.Шойынбаев та: «Григорьевтің Перовскийге жазған рапортында Сырдария қазақтары көтерілісінің негізгі себептері орталық езгі екендігі айтылған. Екіншілер Жанқожаға келіп, қанаудың шектен шыққандығын, еңбекақыларын бермейтіндігін айтып, шағымданғаннан соң ғана көтеріліс басталған», – дейді.

Сонымен, мәжіліске қатысушылар көтерілістің себептері мен сипатын, түпкі мақсатын анықтауда тарихи дереккөздерін емес, идеологиялық қаулылар негізінде қалыптасқан сенімдері мен жандарын сақтап қалуды көздеген адами инстинкті басшылыққа алады.

Жарыссөздің соңында Т.Шойынбаевқа сөз берілді. Оның кітабында Жанқожа бастаған көтеріліс – ұлт-азаттық көтеріліс ретінде сипатталды, бұл – қате пікір, ұлтшылдық (Х.Айдарова) деген пікір айтылған болатын. Сол себепті Т.Шойынбаев: «Менің кітабым 1947 жылы жазылып, 1949 жылы жарыққа шықты. Бұл – менің алғашқы зерттеу еңбегім, сөз жоқ, кемшіліктер бар. Ол уақытта ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибесі мен әдістемесін толық меңгермедім. Жинақталған материалдарға сыни көзқараспен қарамадым. Феодал Жанқожаны дәріптегенімді мойындаймын және таптық күреске жеткілікті мән бермедім... Сырдария өңіріндегі Ресейдің прогрессивтік ықпалын жеткілікті дәрежеде көрсете алмадым», – деп қандай да бір тәніп қалар қауіп-қатердің алдын алуға тырысады. Дегенмен «мен өз кітабымда бұл қозғалысты ұлт-азаттық қозғалыс деп бағаладым, енді оны отаршылдыққа қарсы көтеріліс ретінде есептеймін», – деп сөзін аяқтады. М.Сужиков жарыссөзді қорытындылап, барлығы да көтерілісте ұлт-азаттық сипаттың жоқтығы туралы мәмілеге келді.

«Қазақ ССР тарихының» үшінші басылымында (1957 ж.) осы пікір орын алатын болды, ол Қазақстанның Ресейге «қосылуының» «абсолюттік жақсылық» екендігі туралы тұжырымдаманың орын тебуінің бір көрінісі болып табылатын. **Бұл формуланың қағидадары мыналар еді:** 1) Қазақстанның Ресейге «қосылуы» қазақ халқының көрнекті өкілдері XVI ғасырдан бері аңсап келе жатқан арманы болды; 2) Ресейге «қосылу» қазақтарды Шығыстың варварлық мемлекеттерінің езгісіне ұшырауынан құтқарады және өркениетті елмен (Ресей өзін солай есептейді. – авт.) жақындасуын қамтамасыз етті; 3) Ресей

Қазақстан аумағының Қытай мен ортаазиялық хандықтар арасында бөлініп кетуден сақтап қалды, экономикалық дамуына жол ашты; 4) Қазақтардың өткен тарихында мемлекеттілігі болған емес, тек Кеңес өкіметі ғана Қазақ республикасын құрып, мемлекеттілікке қолдарын жеткізеді.

Бұл «ертегілер» бүгін де қылаң беріп қалады. Тіпті, Қазақстанды өз алдына дербес мемлекет ретінде емес, басқалардың көлеңкесінде ғана өмір сүретін, әлеуеті төмен ел санатында көргісі келетіндер бой көтеруде. Олар қазақ халқының жүздеген жылдар бойы отарлыққа қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресін мойындамайды.

Халқына адал қызмет еткен Жанқожа есімі ұрпақтар жадынан өшпек емес. Ол – «ақ патшаның бақайшағына дейін мылтықпен қаруланған қалың қолына қарсы пайғамбардың ақ туын көтеріп, майдан құрған, сайын сары даланың ең соңғы ұлы батырларының бірі, төбесінде бұлтты бар аруақты әулие». И.В.Аничковтың бұл сөзімен біреулер келісер, біреулер келіспес. Бірақ Жанқожа елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін шайқасқан батырлардың соңы еместі. Ұлттық қозғалыс та бұл көтеріліспен тоқтаған жоқ. Себебі ол – халықтың тарих сахнасында қалып, елдік құруының басты шарты.

Тәуменді халықтың тарихы да тәуменді екендігін жас ұрпақтың біле жүргені жөн. Халықтың тарихи санасы дұрыс қалыптаспай, ел егемендігі орнықты бола алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚР ПМ), 708-қор, 16/2-тізбе, 36-іс.
2. // Социалистік Қазақстан, 1945. 17-маусым.
3. До конца вскрыть буржуазно-националистические извращения в вопросах истории Казахстана // Вестник АН КазССР. 1951. №4.; Задачи идеологической работы в Академии наук КазССР в свете решений VIII Пленума ЦК КП (б) Казахстана 1951. №11.
4. О статье в газете «Правда» «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана». Постановление ЦК КП (б) Казахстана // Казахстанская правда. 1951. 19 апреля.
5. Bennigsen A. The Muslim peoples of the Soviet Union and the Soviets // The Islamic Review. London. July 1955. Vol. XVIII. №7. P. 28.
6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ), 1442-қор, 1-тізбе, 2-іс.; 384-қор, 1-тізбе, 6-іс.; Веселовский Н.М. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве с древнейших времен до настоящего времени. СПб, 1887.
7. Сборник литературных трудов А.К.Гейнса. СПб, 1898. Т.2.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және

3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

ҚОЛӨНЕР БИДІРІСІ

Зәуре ӘБДІРӘСІЛОВА (Абдирасилова),
тарих ғылымдарының кандидаты,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан жаңа саяси, мәдени-экономикалық қоғамға қадам басты. Ұзақ уақыт көшпелі және жартылай көшпелі мәдениет аясында өмір кешкен қазақ халқы үшін бұл мәдени төңкеріс болатын. Ол қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне, қоғамдық санасына түбегейлі өзгерістер алып келді.

Қарастырып отырған кезеңнің дамуға жетелейтін жетістіктері мен кемшіліктері (тежеуші факторлары) болды. Тақырып аясында қарастырсақ бұл – кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы және жаңа түрлерінің пайда болуы, екіншісі, патшалық Ресейдің Қазақстанды шикізат көзі ретінде бағалап, отарлық саясат ұстануы. Өзгерістер қазақтарды жаңа қоғамға бейімделуге, пайда табуға және байлыққа деген көзқарасын өзгертіп, интенсивті шаруашылық жүргізуге мәжбүрледі. Жаңа қоғамға бейімделу барысында, халықтың дәстүрлі шаруашылықтары мен кәсіпшілігі жалғасын тауып, кәсіпкерліктің жаңа салалары туындады. Соның бірі – қолөнер өндірісі немесе ұсақ және орта кәсіп түрлерінің кәсіпкерлік сипаты.

Халыққа қызмет көрсету саласында кәсіпкерліктің дамуына қазақтың тұрмыс-тіршілігінде ғасырлар бойы орын алған қолөнер кәсібі әсер етті. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуі мен алғашқы дамуында ауыл, деревня және қалаларда күн көріс үшін әр түрлі кәсіппен айналысатындар саны көбейе бастады. Олар өздері үшін ғана емес көшпелілер, жартылай көшпелілер және отырықшы шаруалардың сұранысына қажетті тауарларды өндірді. Сөйтіп, олар ақша-тауар қатынастарының қалыптасуына әсер етті. **Бұның өзі екі жолмен жүрді. Біріншіден**, олар жер және мал шаруашылығы өнімдерін шикізат түрінде алып өңдеді. Осының негізінде, шаруашылықтың бұл салаларының тиімділігін арттыруға, тауарлық сипат алуына үлес қосып, капиталистік сипатта дамуына белгілі дәрежеде әсер етті. **Екіншіден**, олардың тұрмыс-тіршілігіне қажетті заттарды сатты. Өз тұтынушыларының натуралды шаруашылығын ыдырата отырып нарыққа, сауда және өнеркәсіп капиталына жақындатты. Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік тауарларының өндіріс жолына бейімделуіне әсер етті. Осылайша қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне, халық шаруашылығының әр түрлі салаларында тауарлық өндірістің кеңеюіне, ішкі нарықтың дамуына, сауда капиталының өсуіне және жалдамалы еңбектің ұлғаюына ықпал етті.

Қазақ жерінде ұсақ және орташа кәсіпкерліктің қалыптасу негізі қолөнер кәсібiнен басталды. Ұсақ және орташа кәсіпкерлік мәселесін зерттеу жөнінде Т.Ө.Төлебаев «Ұсақ және орташа кәсіпкерлік мәселесі бүгінгі таңға дейін арнайы зерттелмей келеді. Ал оны зерттеп, айқындамайынша сол кезеңдегі экономикалық-әлеуметтік дамуын толыққанды дәрежеде түсіну мен түсіндіру мүмкін емес», – деп жазды [1; 205-6].

Қолөнер өндірісімен көбінесе отырықшы елдімекен тұрғындары айналысты. Күнделікті пайдаланумен

қатар, сыртқа шығарылатын өндіріс орындарының басым бөлігі Ташкент қаласында орналасты.

Капитализмнің қазақ даласына енуі, ақша-тауар қатынастарының дамуы ауылдық жердегі күнкөрісті қиындатып, өзіне бейімделуге мәжбүр етті. Ақшаның экономикалық қатынастарда басты рөл атқара бастауы, сату үшін әр түрлі заттар жасауды көбейте, кеңейте түсті. Капиталистік қатынастар өзінің негізгі құрылымы жағынан әлі де капиталистік емес экономикалық салаларда көрініс бере бастады. Сөйтіп, ақша табудың жаңа жолдарының пайда болуы кәсіпкерлікті дамытты.

А.Жанбосынова Қазақстандағы қолөнер кәсібінің дамуын үш кезеңге бөліп қарастырады. **Бірінші кезең:** XVII ғасырдың соңына дейін созылды. Бұл кезеңде кәсіпкерлік натуралды шаруашылық құрамында болып, жеке салаға бөлінбеген, шаруашылық мүшелерінің күнделікті іс-әрекетін ұйымдастыру сипатында болған. **Екінші кезең:** XVIII ғасырды тұтас қамтиды. Онда кәсіпкерлік кедейленген халықтың өмір сүруі үшін қосалқы кәсібіне айналған. **Үшінші кезең:** XIX ғасыр мен XX ғасырдың басына сәйкес келеді. Осы кезеңде бұл кәсіп тар көлемді мамандыққа айналып, біртіндеп ауыл шаруашылығынан бөлініп, нарық пен тапсырысқа қызмет істейтін маман кәсіпкерлер тобын құрады. Кәсіпкерлік өндіріс сипатын өзгертіп, ұсақ тауар өндірісіне ауыса бастады [2; 40-б.]. Қарастырылған уақыт осы үшінші кезеңде, яғни кәсіпкерліктің қалыптасу кезеңіне сәйкес келеді.

Қолөнер кәсібі өндірісінің дамуына Қазақстан қалаларында құрылған қолөнер комитеттерінің ықпалы жоғары болды. Мысалы, Түркістан аймақтық қолөнер комитетінің белсенді әрекетінің нәтижесінде, 1899 жылдың 1 қаңтарында қалалық училище құрамында бір кәсіптік училище және төрт кәсіптік сынып жұмыс істей бастады. Ташкенттегі реальдық училищесінде 270 адам, кәсіпкерлік училищесінде 83 адам білім алды [3]. Ондағы кәсіптік білім беретін училище 1896 жылы қазан айында ашылды. Сол жылы сырттан келгендердің 27,6%-ы, ал 1897 жылы 30%-ы училище жатақханасында тұрды. Осы училищенің пайдасына қолөнер комитеті 2692 рубль қаражат бөледі [4].

Түркістанда 1896 жылы халық мектептерінде қол еңбегі мұғалімдерінің штаты бекітіліп, қол еңбегі кәсіби оқу сабақтарын алмастырады. Ал, 43-училищелік семинарияда 657 кәсіптің 13 түрі іс жүзінде жүргізілді. 1887 жылы семинарияда кәсіби оқуды бітірген 5469 маманға жолдама беріледі. 1895 жылы кәсіпкерлер дайындайтын сыныптарда 465 оқушы оқып, оның 64-і І курсты толық аяқтайды. Мектептерде шеберханасы бар сыныптар болған. Қол еңбегі сабақтарында балаларды ағаш, металл, картон, қағаз өңдеу жұмыстарына баулыған [5].

Қазақстанда ұсақ және орташа кәсіпкерліктің қалыптасуы екі жолмен жүрді. Біріншісі, капитализмнің енуімен байланысты, жергілікті үй өнеркәсібі мен қолөнердің жаңа жағдайға бейімделе отырып дамуы нәтижесінде. Екіншіден, көшіп келген кәсіпшілер мен шаруалардың қазақтар ара-

сында тіршілік көзі ретінде кәсіпкерлікпен айналысуы барысында қалыптасты. Ертеден келе жатқан және отырықшыландыру барысында қалыптасқан елдімекендерде сондай-ақ, қалаларға, жәрмеңкелерге, базарларға жақын ауыл тұрғындарының арасынан ақша үшін әр түрлі кәсіппен айналысушы қазақ азаматтары шыға бастады. Ауылдар мен елдімекендерде, қалалардың базарлары мен көшелерінде кәсіпкерліктің әр түрлі салаларындағы шағын шеберханалары көбейді. Қазақ ауылдарындағы жекеленген үй өнеркәсібі мен қолөнер өнімдері енді арнайы сату үшін өндіріліп, тауарлық сипат алды.

Қарастырып отырған аймақтағы қолөнер өндірісінің жағдайына назар аударайық. 1898 жылы Сырдария облысының әскери губернаторының есебінде өздерінің шеберханаларында еңбекпен айналысатын барлық қолөнер кәсіпшілігінің жылдық ақша айналымы туралы нақты айту мүмкін емес, шамамен 2 000 000 рубльді құрайды деп жазылған. Сонымен қатар, далалық шеберлер өз еңбектерін жеңілдетуде, орыс шеберлерінің мүмкіндіктерін пайдаланып, мысалы, қолөнерші-тігіншілер тігін машинасымен жұмыс істей бастағанын көруге болады деп мәлімдеді [6; 1-10-пп.].

1905 жылы Сырдария облысының қолөнер кәсіпшілігі мекемелерінде көбінесе 5-10 адамнан жұмыс істеді. Облыс бойынша шамамен 115 000 рубль көлемінде өнім өндіретін 156 ұстахана, 80 000 рубль өнім өндіретін 24 ағаш ұстаханасы, 60 000 рубльге өнім өндіретін күміс және алтын бұйым жасайтын шеберхана, 90 000 рубльдік өндірісі бар 143 тігін мекемесі жұмыс жасады. Қолөнер өндірісінің табысы шамамен 30 000 рубльден кем болмады [6; 8-п.].

Қазақ қолөнершілері тері, ағаш, металл, сүйек т.б. шикізаттарды өңдеудің түрлі тәсілдерін игерді. Бірақ олар заңдық сословиелік белгілермен ұйым болып бірікпеді. Сондықтан олар шартты түрде қалалық және ауылдық деп екі топқа бөлінді. Қаладағы тұрғындардың көпшілігі кәсіпкерлікке бейімделді. Олардың қонысы жөнінде деректер жоққа тән. Алайда қалалардың әлеуметтік топографиясымен танысқанда, қала ішінде «теміршілер», «ағашшылар» және т.б. кәсіп атымен аталған көшелер болған.

Қазақстандық кәсіпшілер құрылымының батыс еуропалық немесе ресейлік ұжымдарға ұқсастығы болмады. Қалаларда мамандықтары бірдей кәсіпкерлер ішінен бір басшы сайланып, оны «ақсақал» деп атаған. Ол басқаларға сөзі өтетін, өз ісін жетік білетін ақылды да шебер адам болған. Ол барлық кәсіпкерлердің өкілі, қамқоршысы, қорғаушысы есебінде жұмыс барысында туындаған дауы-дамайларды талдап, шешім қабылдап отырған. Цех ақсақалдары кепілдік беру арқылы қажетті материалды несиеге сатып алуға құқығы болды.

Қазақ кәсіпшілері ұйымдасқан қолөнер өндірісін құрудың пайдасы мол екенін түсіне бастады. Себебі, **біріншіден**, өздері сайлаған басшы қарапайым кәсіпкердің мүддесін қорғайды; **екіншіден**, тауарды несиеге алуға мүмкіндік туғызады; **үшіншіден**, өндірген өнімді өткізуді ұйымдастырады; **төртіншіден**, кәсіптік шеберхана және сауда жасайтын үй-жайдың болуына мүмкіндік береді.

Деректерде еңбектің ұсақ кәсіпкерлік саласында көбінесе далалықтар жұмыс істегендігі және олар тапсырыс берушінің көз алдында, көшелерде орналасқан шеберханаларда тапсырыстарын орындап беретіндігі және қолөнер өндірістері бір көшеге топталып орналасқандығы, олардың өздерінің басшысы

болатындығы, басшылары сатып алушылармен және көтерме тапсырыс берушілермен келіссөз жүргізіп, әсіресе, ең кең тараған кәсіптерде мысалы: етікшілер, тігіншілер, т.б. шеберханаларда бірнеше цех бастықтары болатындығы, олар жиналып, шығарылған өнімнің ортақ бағасын анықтайтындығы жазылған [7; 38-б.].

1910 жылғы қалалық және уездік әкімшіліктің жинаған мәліметі, яғни қолөнер мекемелерінің жұмысы, ондағы жұмысшылар мен олардың жалақылары туралы төмендегі кестеде берілген [8].

1-кесте. Сырдария облысы бойынша 1910 жылғы қолөнер мекемелері мен олардың жұмысшылары:

Қалалар мен уездер	Саны		Жұмысшылардың табысы /мың рубль/
	Қолөнер мекемелері	Қолөнер жұмысшылары	
Ташкент	3671	8096	2185,7
Ташкент уезі	1913	7012	1385,7
Шымкент уезі	3065	13708	2322,9
Әулиеата уезі	2020	9526	1429,2
Перовск уезі	377	2167	331,9
Қазалы уезі	286	1424	274,1
Облыс бойынша	11342	41933	8029,4
Ескерту: Кесте В.И.Мейснердің «Рыбный промысел в Семиречье и его возможное будущее» (СПб., 1916. 8-б.) еңбегі бойынша құрастырылды.			

Облыс бойынша бір қолөнершінің орташа табысы 190 рубльге тең келді. Ұсталарының саны және жұмыс күші жағынан Сырдария облысында бірінші орынды Ташкент қаласы алды. Ал қолөнер өндірісінің дамуы жағынан екінші орынды Шымкент, одан кейін Перовск, Әулиеата және Қазалы қалалары иеленді. Ал, 1910 жылды 1911 жылмен салыстырсақ, жыл сайын қолөнер өндірісінің дамуы байқалады. Мысалы, 1911 жылы облыс бойынша қолөнер мекемелері 9661 болса, қолөнер жұмысшылары 19 960 адамды, олардың табысы 6309 мың рубльді құрап, облыс бойынша жұмысшының орташа табысы 270 рубльге өскендігі байқалады [9; 132-б.].

Енді, Сырдария облысындағы кәсіпкерліктің түрлері және олардың капиталистік сипаты туралы айқынырақ түсінік алу үшін Шымкент уезі бойынша нақтылы деректерді келтірейік. Онда 11 800 адам кәсіптің 40 түрімен айналысқан. Солардың ішінде сан жағынан көбірек айналысқан түрі киіз жасаумен 1836, аяқ киім тігу, жөндеумен - 600, кірешілер - 253, ет сатумен - 233 азаматтар айналысты. Ал табыстың көлемі бойынша кірешілер, тігіншілер, ағаш кесу мен сатуды кәсіп етушілер, ұсталар алдыңғы орындарды иемденді. Кірешілердің орташа табысын 250 рубль деп есептегенде, олардың жалпы табысы 15000 рубльді құрады [10; 134-б.].

Ауылдық жерлердегі ұсақ және орташа кәсіпкерлік тұрғындардың өмір тіршілігінде үлкен рөл атқара бастады. Кәсіпкерлер 731 120 рубльге жұмыс жасап, бұл ақшаның айналымға түсуіне ықпал етті [11; 11-п.]. Сөйтіп жұмыс күші мен ақша тауар құны баламасы ретінде жаңа экономикалық қатынастардың таралып, ұсақ және орташа кәсіпкерліктің қалыптасуына және дамуына үлес қосты.

Кәсіпкерлердің ұлттық құрамына тоқталайық. Ұйғырлар мен дүнгендер қолөнер кәсібімен өте аз айналысты, тек өздеріне қажетті заттарды жасаумен шектелді. Қазақтар киіз үй жабдықтарын, ер-тұрман жасаумен, сонымен қоса ұсталық қолөнер және ер-тұрманды күміспен әшекейлеумен айналысты. Қолөнердің басқа салаларының басым көпшілігі орыс тұрғындарға тиесілі болды [12; 1-п.].

Қазақтардың арасында қолөнер өндірісі кәсіпкерлігінің ішінде киіз жасау кең таралды. Деректерде «Облыс көлемінде Әулиеата уезінде киіз көп жасалады, ол жақтан Ташкентке және басқа да оңтүстік-шығыстағы қалаларға шығарылады», – деп жазылды. Қазақ үйдің көлеміне қарай, оған қажетті киіздің құны 50 рубльге дейін жеткен. Бұл деректен ақша-тауар қатынастарының дамуына байланысты, қазақтар киізді өздері ғана пайдаланып қоймай, тауар ретінде арнайы жасап, сыртқа шығарғандығын, оның өзіндік ақшалай құнға ие болғандығын байқауға болады. Түйе жүнінен көйлек, әскердегі казактарға жейде, астық, ұн басқа да тауарлар тасу мен сақтау үшін қап жасалды. Ондай қаптар, қойдың жүнінен де, кейде түйе жүнін араластыра отырып жасалады. Түйе жүнінен жасалған мата (армячина) тұрпайылығына қарамастан, мықты болғандықтан кең таралып, қолданылды [13; 113-114-бб.]. Онымен қатар, қой жүнінен текемет, алаша, кілем, ақ қалпақ, байпақ, арқан, жіп және т.б. жасап, сату дамыды. Сонымен қоса, тері өңдеу өндірісінің де ауқымы кеңейте түсті. Қой және ешкі терілерінен жасалған күдеріден Түркістан өлкесіндегі орыс әскерлері шалбар тіктіріп киді [13; 120-б.].

Қарастырылған аймақта өңдеуші өнеркәсіптердің ішінде тері, жүн өңдеу басты маңызға ие болды. Далалықтардың тері өңдеумен айналысатын қолөнер қоғамын **күншілік** деп атады. Бұл Батыс Еуропадағы қолөнер ұжымдарымен бірге пайда болған далалық шеберлердің қауымы еді. Күншілік қолөнер кәсібінің жанұялық-мұрагерлік сипатындағы, қолөнер цехтары болды [14; 559-б.]. **Күншіліктер** тері зауыттары сияқты су жеткілікті болу үшін, сулы жерлерге салынды. Олардың құрал-жабдықтары өте қарапайым болды.

Сырдария облысында 1901 жылы тері кәсібімен айналысатын 15 шеберхана болды, онда 52 адам жұмыс істеді. Олар көбінесе Әулиеата және Шымкент уезінде орналасты [15; 25-б.]. 1880 жылы Түркістанда екі тері зауыты сайланбалы ақсақалдың басқаруымен жұмыс істеді. Әрбір зауытта 7-ден 14-ке дейін жұмысшы болды. Жалпы өнім көлемі 2015 рубльді құрады [16; 44-п.].

Аймақтағы өңделген терілердің бағасы: ешкі терісінің біреуі 50 тиыннан 3 сом 50 тиынға дейін; қой терісі – 40 тиыннан 2 рубльге дейін тұрды. Бір күншілік жылына шамамен 200 000 рубльге бағаланатын 120 000 тері өңдеді, ал жұмысшы жылына 200 рубль көлемінде ақша тапты. Әрбір қожайын жылына 1500-2500 аралығында ақша жұмсады. Қожайынның жылдық таза кірісі шамамен 800-900 рубль болды [17; 327-б.].

Әулиеата уезінің елдімекендеріндегі қоныстанушы шаруалардың кәсіпкерліктері былайша дамыды: Бурное (Теріс) ауылында 3 адам ағаш шебері, ұста және қайысшы (шорник); Михайловскіде 3 ағаш шебері, 1 арба дөңгелегін жасаушы, 4 етікші, 1 пеш және кірпіш қалаушы, 2 бақшашы; Александровскіде 4 тігінші, 2 етікші, 1 арба дөңгелегін жасаушы, 1 теріші; Дмитриевскіде 4 ағаш шебері, 2 тігінші, 2 етікші, 4 дөңгелек жасаушы, 4 ұста, 6 жүн өңдеуші, 2 теріші, 2 тоқымашы, 1 жіп жасаушы; Каменкада 1 ағаш шебері; Меркеде 2 ағаш шебері, 2 тас қашаушы, 2 дөңгелек жасаушы, 3 ұста, 10 бас киім тігуші, 2 тігінші; Шалдоварда 4 ағаш шебері, 5 бас киім тігуші, 4 тігінші; Николаевскіде 2 ағаш шебері, 5 бас киім тігуші, 2 бөшке және күбі жасаушы; Покровскіде 4 етікші, 3 бөшке және күбі жасаушы, 2 ұста, 3 пима жасаушы болды [18; 65, 103-бб.]. Олардың көпшілігі

жергілікті сұранысты қанағаттандыруға бейімделді.

Шеберханалар ұсақ және ірі болып бөлінді. Ұсақ шеберханаларда тек жанұя мүшелері жұмыс істеді. Олар қолөнер шеберханалары ретінде тапсырыс бойынша өнім өндірді. Ірі шеберханалар цех түрінде ұйымдастырылды. Дегенмен, аймақта фабрика-зауыттық өндірістің дамуына байланысты, қолөнер өндірісі әлсірей бастады, бұл, әсіресе, 1913 жылдары айқын байқалды [19; 134-135-пп.].

Сонымен, ұсақ және орташа кәсіпкерлікпен айналысу прогрессивті құбылыс болды. Ол ауылдық жерге жаңа, капиталистік өндірістік қатынастардың таралуына мүмкіндік берді. Ауыл тұрғындарының сауаттылығын көтеруге, күнделікті тұрмыстағы сұраныстарын қанағаттандыруға ықпал етті.

РЕЗЮМЕ

В данной статье, рассматривается ручное производство, мелкий и средний вид предпринимательства на казахской земле во второй половине XIX века. А, также разделение труда, расширение товарного производства на различные виды народного хозяйства, развитие внутреннего рынка и расширение товарного капитала, дается анализ развитию национального предпринимательства.

In this article, a hand production is examined, shallow and middle type of enterprise on Kazakh earth in the second half of XIX century. And, also division of labor, expansion of commodity production on the different types of national economy, internal market development and expansion of commodity capital, an analysis is given to development of national enterprise.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Төлебаев Т.Ө.** Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы). Т.ғ.к. ... дисс. – Алматы: Каз ҰУ, 2002. – 251 б.
2. **А.Жанбосынова.** Қазақстандағы қолөнер кәсібінің дамуы. // "Қазақ тарихы". № 6. 1996 ж. – 40-б.
3. Туркестанские ведомости. 5 апреля 1899 г. №29. – С.14.
4. Туркестанские ведомости. 28 октября 1899 г. №34. – С. 8.
5. Туркестанские ведомости. 30 ноября 1900 г. №96. – С.7.
6. ОР ОММ, И-269-қ., 1-т., 536-іс, 1-10-пп.
7. Обзор Сыр-Дарьинский области за 1893 г. –Ташкет 1894. – 160 с.
8. Обзор Сыр-Дарьинский области за 1911 г. Ташкент, 1913. – 132 с.
9. ПСЗРИ -2. Т. XIV. –№48399.
10. ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 48535-іс, 2467-б, 134-135-пп.
11. ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 48518-іс, 1, 1 а., об, 2 об-11 об, 34, 35-41-пп.
12. ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 48521-іс, 1-п.
13. ҚР ОММ, 34-қ., 1-т., 2-іс, 2-3-пп.
14. **Заорская В.В. и Александр К.А.** Промышленные заведения Туркестанского края. – Петроград: «Екатеринбург типография», 1915. – 559 с.
15. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1901 г. – Ташкент, 1902., – 180 с.
16. ОР ОММ, И-17- қ., 1-т., 19415-іс, 44-пп.
17. **Букейханов А.** Киргизы. Формы национального движения в современных государствах. – Петербург. Под ред. А.В.Костелянского, 1910. – 290 с.
18. **Гейер И.И.** Туркестан. Изд. второе испр. и дополн. –Ташкент : «Изд. Криснера», 1909. – 124 с.
19. ОР ОММ. 269- қ., 1-т., 467-іс, 10-11-пп.

ИРГО И ЗАРУБЕЖНЫЕ ИССЛЕДОВАТЕЛИ

Казахского края в XIX веке

Галия САРМУРЗИНА,
докт. ист. наук, профессор, КазНУ им. Сатпаева,
Жамиля АСЫЛБЕКОВА,
докт. ист. наук, профессор КазНУ им. Аль-Фараби

Если в конце XVII-XVIII веках иностранные ученые и путешественники только-только начинали изучать и узнавать территорию Киргизского (Казахского) края, то в XIX веке, особенно в связи с созданием Императорского Русского географического общества (ИРГО), связи края с зарубежными научными центрами стали прочными и постоянными.

Императорское Русское географическое общество учреждено 6-го августа 1845 г. в Санкт-Петербурге. Главным деятелем по устройству Общества был адмирал П.Литке. В его научной деятельности особенно живое участие принимали академики К.М.Бэр, В.Я.Струве и Г.П.Гельмерсен, барон Ф.П.Врангель, а также П.И.Рикорд, И.Ф.Крузенштерн, граф Ф.Ф.Берг, К.И.Арсеньев, М.П.Вронченко, П.И.Кеппель, В.И.Даль, А.И.Левшин, граф М.Н.Муравьев, князь В.О.Одоевский, граф В.А.Перовский, П.Я.Чихачев и многие другие исследователи.

Интересующие нас отделы РГО, включавшие в орбиту своей деятельности территорию Казахстана, были созданы в г. Оренбурге (Оренбургский отдел в 1868 г.), в г. Омске (Западно-Сибирский в 1877 г.), в г. Ташкенте (Туркестанский – 1896) и в г. Семипалатинске (Семипалатинский подотдел Западно-Сибирского отдела в 1902 г.) [1].

Титул «императорское» давал право на получение субсидий (по 2 тыс. рублей в год на каждый отдел, с 1914 ПО ИРГО – 4 тыс. рублей), бесплатную пересылку почты, содействие со стороны местной администрации в организации и проведении экспедиций, включая выделение вооруженного конвоя из казаков и направление в их состав военных топографов. Генерал-губернаторы обычно являлись официальными покровителями и почетными председателями отделений. Они утверждали итоги выборов руководящих заседаний, устройство лекций, организацию экспедиций и так далее. Их организующая функция постепенно перешла в контролирующую. Во взаимодействии отделов с подотделами преобладало научное партнерство над административной зависимостью. Распространенной формой контакта с прочими научными, образовательными, административными структурами являлся обмен изданиями. Так, ЗСО ИРГО наладило обмен такой обмен с более чем 530 адресатами в 85 городах России и 18 странах Европы, Азии, Африки, Америки [2].

Только за 1905 год одним только Оренбургским Отделом ИРГО осуществлялась связь по обмену изданиями с 32 иностранными учреждениями. Их перечень включая [3]:

4	-	Йена	Тюрингенское географическое общество
5	-	Кассель	Общество естествоиспытателей.
6	-	Лейпциг	Географический Отдел.
7	Испания	Мадрид	Географическое общество.
8	Португалия	Лиссабон	Географический Отдел.
9	Италия	Неаполь	Итальянское Африканское Географическое Общество.
10	-	Рим	Ватикан
11	-	-	Королевский восточный институт.
12	-	Монако	Музей океанографии.
13	Франция	Бордо	Общество коммерческой географии.
14	-	Анжер	Географическое Общество.
15	-	Тур	Географическое Общество.
16	-	Гавр	Общество коммерческой географии.
17	-	Руан	Нормандское географическое Общество.
18	-	Париж	Географическое Общество.
19	США	Вашингтон	Американское географическое Общество.
20	-	-	Бюро этнологии.
21	-	-	Геологическое Общество.
22	-	-	Национальное географическое Общество.
23	-	-	Смитсоновский институт.
24	-	Сан-Франциско	Географическое Общество Тихого океана
25	Мексика	Тонубай	Национальная астрономическая обсерватория.
26	-	-	Геологический институт.
27	Аргентина	Буэнос-Айрес	Аргентинский географический институт.
28	-	Лаплата	Главное статистическое управление провинции Буэнос-Айрес.
29	Перу	Лима	Географическое Общество.
30	Бельгия	Брюссель	Колониальное Общество.
31	Швейцария	Невшатель	Общество географии.
32	Англия	Лондон	Издание международного каталога научной литературы

	Австрия	Вена	Императорско-королевский естественно-исторический музей.
2	-	-	Союз географов при университете.
3	Германия	Берлин	Общество земледелия.

Проводя итоги деятельности Оренбургского отдела РГО, можно отметить, что в дореволюционное время в Оренбургском крае были осуществлены первые исследовательские работы, и самую активную роль в этом процессе сыграл Оренбургский отдел РГО. С 1868 по 1917 гг. членами отдела опубликована

141 работа по исследованию края, издано четыре выпуска «записок», в которых, в том числе, занимали видное место работы представителей нарождающейся научной интеллигенции – И.Алтынсарина, Д.Даулбаева, Т.Сейдалина, двадцать пять выпусков «Известий», «Трудов» Отдела. Много статей и очерков краеведческого характера напечатано на страницах «Оренбургских губернских ведомостей», «Оренбургского листка» и других газет [1].

В этот период времени в разные периоды, Казахстан посещают с знаменитые путешественники Александр Гумбольдт, Арминий (Герман) Вамберн, Генрих Мозер, барон Жозеф де Бай и др.

Александр Гумбольдт установил ареалы расселение агриппеев и исседонов, ответил на вопрос «Кем и где добывалось золото, которое в большом количестве поступало в греческие приморские владения?» – То его мнению Салаирские горы вместе с Южно-Уральскими были главными источниками золота для скифов и для причерноморских колоний, для понтийских эллинов [4].

В работе «Asie Centrale» Гумбольдт пришел к заключению, что в Азии, особенно на юге и на западе, можно наблюдать значительные изменения материка. Гумбольдт под этим названием полагал все пространство, которое, начавшись от западных берегов Черного моря, простирается через южную Россию, включает районы Каспийского и Аральского морей. По выражению Гумбольдта – это «страна-кратер». В образовании ее важнейшее место принадлежит процессу создания горных систем Кавказа, Гималаев, Гиндукуша, Тянь-Шаня. «С подъемом столь огромных хребтов при подошве их необходимо должны были образоваться и огромные впадины или углубления. Одну из таких впадин и самую огромную составляет Арало-Каспийская котловина».

Гумбольдт не допускал, чтобы Арал и Каспий уже в историческое время составляли один бассейн. Плато Устюрт, несмотря на свое сравнительно недавнее образование, должно было препятствовать этому соединению, и значит общий Арало-Каспийский бассейн существовал ранее образования Устюрта. Что же касается Скифского залива Каспийского моря, упоминаемого древними писателями и находившегося между нынешними Кара-Богазким и Кендерлинским заливами, то весьма вероятно, что во времена Геродота и в эпоху экспедиции Александра Македонского путем рукавов скифского залива, в которые впадал Оксус [4].

О путешественниках-исследователях: французском археологе, этнографе и путешественнике бароне Жозефе де Байе; офицере швейцарской армии, исследователе Средней Азии Генрихе Мозере; путешественнике-полиготе Арминии (Германе) Вамберге, одними из трудов которого явилось «Путешествие по Средней Азии», прошедшем, в том числе, и Приаралье и Северный Прикаспий, – сохранились упоминания в казахской прессе-газете «Дала уалаятының газеті»: В «Русской Старине» напечатаны весьма любопытных «Путевых впечатлений Генриха Мозера в странах Азии»: «Путешественник объезжал эти места в 1882-1883 гг... С открытием новых более удобных путей в Среднюю Азию, число иностранных путешественников, желающих посетить этот уголок древнего мира, надо полагать, увеличится.

Из последних иностранцев, побывавших в наших владениях, следует считать Мозера. До сих пор, однако, разностороннее изучение Средней Азии производилось исключительно русскими, в этом отношении наша отечественная литература обогатилась значительным числом почтенных трудов. Не только специальные исследования по геологии, зоологии, ботанике и статистике Туркестана, но и многие сочинения, касающиеся бытовой, исторической стороны и также области личных впечатлений, обращают на себя внимание серьезного читателя. Нельзя того же сказать про иностранцев, исключая, конечно, Вамбери, который если и присочинил, но зато многое и повидал. Вамбери знал хорошо местные языки, обладал исключительными способностями для того, чтобы быть серьезным путешественником, а потому его книга читалась с любопытством не только за границей, но и у нас в России.

Воспоминания Г.Мозера представляют толстую книгу, снабженную многочисленными и прекрасно исполненными рисунками и отличающуюся разнообразием самого текста. Чего только тут нет! и описание Оренбурга, и киргизские степи, и казачьи поселения, и история Ташкента и его окрестностей; затем автор ведет за собой читателя в Бухару, в Хиву, в Кара-Кумы, в Туркмению, в Персию и кончает Константинополем; попутно описываются нравы и внешний быт населения, а также некоторые события из наших завоеваний в Туркестане.

Г.Мозер был знаком несколько с русским, киргизским языками, два раза был в Туркестане и жил там подолгу». [5]

И далее, буквально в следующем году: «На днях из Омска выехал в степь член Парижского географического общества, морской офицер запаса, виконт де Кювервиль, командированный в Россию министерством просвещения французской республики с этнографической целью, а также для изучения современного научного и промышленного состояния России. В прошедшем году виконт де Кювервиль совершил большое путешествие по Олонецкой губернии, побывал в Словецком монастыре и в губерниях Архангельской, Вологодской и Ярославской. В настоящее время в Омске гостит другой путешественник барон де Бай, путешествующий уже давно по Европе для изучения сравнительной археологии. После специального изучения Италии, Испании, Португалии, Англии, Австрии, Швеции, Венгрии и Дании он занялся изучением археологии России.

Барон де Бай в прошлое воскресенье посетил становище киргиза Курганской волости Дюсена Джангоскина. Радушный хозяин со своей семьей встретил гостя и лиц, сопровождавших его. Барон де Бай познакомился с жизнью степняка. Он очень интересовался каждою мелочью домашнего обихода. Наскоро были устроены состязания киргизов в борьбе, пение мужчин и девушек, игра на балалайке. После нескольких часов барон де Бай вместе сопровождавшими лицами покинул становище, сопровождаемый верховыми киргизами. Французы – друзья России, а барон де Бай – один из самых преданных друзей» [6].

Не обходилось и без казусов: «...в 1847 году английское миссионерское общество, именовавшее себя «Благодатной альпийской миссией», поп-

росило английского посла в России, чтобы он получил разрешение у царского правительства «распространять христианство между оренбургскими киргизами». Видя в альпийской миссии помощника, царское правительство любезно распахнуло перед ними двери в казахскую степь. Но как и всякая миссионерская деятельность, альпийская миссия в действительности ставила перед собой более широкие задачи, нежели приобщение к Христу инаковерующих. Как вспоминал об этом И.В.Павлов – бывший врач оренбургского и самарского генерал-губернатора В.А.Перовского «Вместо христианской проповеди, они занимались съемкою планов с наших степных укреплений и с Оренбургской крепости» [7].

Этот факт не мог остаться без последствий. Спустя некоторое время, губернатору Петровскому было поручено выслать «Благодатную альпийскую миссию» из пределов России... [7].

И так, дореволюционный Казахстан становился все более и более открытым для исследований, которые, помимо русских исследователей-сподвижников-

путешественников, проводили еще и иностранцы, внесшие огромную лепту в изучение края, внесли свой вклад в развитие российской и мировой науки и культуры.

ЛИТЕРАТУРА

1. Научная и культурно-просветительная деятельность отделов и.... <http://articlekz.com/article/5246>
2. РГО! История! Русское Географическое Общество <http://mob.rgo-sib.ru/rgo/55.htm>
3. Отчет о составе, деятельности и средствах Оренбургского Отдела Императорского Русского Географического Общества за 1905 год.-Спб-1905. с. 20-21.
4. **Цыбульский Владимир** – научные экспедиции по Казахстану,... <http://fanread.ru/book/6139626/?page=7>
5. «Дала уәлаятының газеті».- Алматы : Ғылым. 1989.-с.-42-44
6. «Дала уәлаятының газеті».- Алматы : Ғылым. 1990.-с.174-175
7. **Афанасьев В.** Тайна «англичанского» дома «Ленинская смена».-1971.- 20 августа.

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ и политическая обстановка в Казахстане в 1920-1930-е гг.

Гулмира ЖУМАН,

Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина

После окончания Гражданской войны (1918-1920 гг.) первые большевистские опыты в управлении экономикой, ориентированные на огосударствление, централизацию и директивное планирование, обернулись еще большим хаосом для народного хозяйства и финансов [1]. **Критическая ситуация в экономике Казахстана:** упадок промышленности, транспорта и сельского хозяйства, отсутствие денежных знаков (в период «военного коммунизма» бытовало мнение, что деньги «пережиток капитализма»), а также натуральный обмен создавали огромные трудности в продовольственном снабжении. В результате масштабного бегства городского населения в сельскую местность...» [2], наблюдался рост безработицы.

Экономическая стагнация Казахстана отражалась и на территориальном размещении предприятий: 87,3 проц. из них находились в сельской местности. Пятая часть всего числа предприятий работала сезонно, в среднем около пяти месяцев в году. Почти 75 проц. промышленных предприятий не использовали наемных рабочих [3]. Ситуация, сложившаяся в стране подтверждала необходимость изменения экономического и политического курса страны. В короткое время требовалось обеспечить экономическую стабильность и оптимальную среду для развития предпринимательской деятельности. При этом, введение рыночных элементов носило вынужденный характер, а сохранение административно-командных высот – принципиальный и стратегический. Предполагалось, что только на основе прочного крестьянского хозяйства, можно будет обеспечить сырьем крупную про-

мышленность. В свою очередь, необходимо было наладить производство промышленных товаров, в которых так остро нуждалась сельская местность.

Несмотря на позитивную динамику, наблюдавшуюся в экономике Казахстана, в ходе осуществления НЭП (март 1921 г.), уже к осени 1923 г. начался крупный экономический кризис. Возник дисбаланс цен между промышленными и сельскохозяйственными товарами – «ножницы цен». Параллельно разразился «кризис сбыта товаров промышленного производства». Резкое колебание цен вызывали всеобщее негодование. Население отказывалось от покупки дорогого и некачественного промышленного товара. Крестьяне перестали продавать зерно больше того, что нужно для уплаты налогов. Это в свою очередь снизило возможность экспорта сельскохозяйственных продуктов и, следовательно, уменьшило валютные поступления, необходимые для покупки промышленного оборудования за границей. Если цены на изделия промышленного производства поднялись на 50 проц., то стоимость продукции сельского хозяйства в это время снизилась на 40 проц. [4]. Таким образом, неэквивалентный обмен между городом и деревней препятствовал развитию сельского хозяйства. То, что происходило в действительности, полностью противоречило интересам производителей сельскохозяйственной продукции.

Обо всем этом с большой озабоченностью говорили депутаты, приехавшие из различных областей, краев, республик на II Всероссийский съезд советов в январе 1924 года. Например, представитель Казахстана А.Досов отмечал следующее: «Казахи

теперь потеряли свой кочевой образ жизни». Сейчас они «висят в воздухе»; чтобы осесть на землю, им нужны средства, для того чтобы получить и обработать участок.

Безусловно, открытие свободной торговли на первое время значительно понизило рыночные цены, но вслед за тем их высокий уровень снова восстановился. Значительный рост цен на большинство предметов первой необходимости вызвал в свою очередь усиленный спрос на денежные знаки, в особенности на крупные купюры, что находилось в полной зависимости от падения курса рубля в следующей пропорции: «стоимость 1000 руб. приравнивалось к равной стоимости 1 копейки в дореволюционный период» [5].

Что же касается промышленности, то в результате недостаточного количества перерабатывающих предприятий сырье уходило в Центр или даже за границу, а возвращалось с большими накладными расходами [7]. В итоге, не загруженные, но дееспособные производственные мощности кожевенной и текстильной промышленности Казахстана, не могли выступать в качестве важного механизма экономического роста и расширения внутреннего рынка. Допущение рыночных отношений позволило восстановить разрушенное войнами и революциями хозяйство страны, но уровень материального обеспечения населения оставался низким.

Все эти проблемы не могли оставить равнодушными представителей казахской интеллигенции. На протяжении 1920-1930-х гг. казахская интеллигенция принимала активное участие в разрешении судьбоносных для казахского народа вопросах и настаивала на необходимости переориентации взглядов и интересов на всех уровнях претворения в жизнь грамотной и уместной в сложившихся условиях государственной индустриальной политики. С.Садвакасов, Ж.Мынбаев, С.Ходжанов, Ж.Султанбеков, С.Асфендияров, Т.Рыскулов и др. представители национальной элиты сконструировали свое видение будущего Казахстана в области индустриального развития. Впервые годы НЭП они противостояли сырьевой зависимости в пользу национальных интересов и приоритетов, акцентировав внимание на необходимости повышения уровня жизни народа.

1926 г. стал последним благополучным годом и для городского населения, после которого в стране начал развиваться товарный кризис. В связи с этим, важным источником удовлетворения спроса населения являлось кустарное производство, по сути служившее основой для развития легкой промышленности. Но восстановление легкой промышленности без оживления сельского хозяйства и развития сырьевой базы, а также расширения рынка потребления, было невозможно. Поэтому в целях организации рыночного оборота в Казахстане необходимо было сосредоточить внимание на переработке продуктов на месте их производства, что в свою очередь способствовало повышению транспортной способности и товарной ценности. А для этого следовало, по мнению представителей национальной интеллигенции А.Досова, Ж.Султанбекова, С.Ходжанова, К.Сергазиева [8] и др. всемерно содействовать развитию сельскохозяйственной промышленности в районах, непосредственно даю-

щих сельскохозяйственное сырье. Таким образом, приоритетное положение должна занимать обрабатывающая промышленность, исходя из наличия неисчерпаемых запасов сырья.

Из этого следует, что изучение проблемы повышения экономической эффективности в изучаемый период, обусловлено невозможностью развития экономики и общества без аграрной сферы. Развитие сельского хозяйства республики объективно определялось необходимостью обеспечения местного населения продовольствием соответствующего качества и в необходимом количестве. Несмотря на то, что многие партийные работники ошибочно полагали, что скотоводство является «отживающей формой хозяйства», тем не менее, именно скотоводство играло большую роль в деле развития текстильной и кожевенной промышленности, а порой было и единственным источником существования казахов-кочевников.

Население Актыубинской, Уральской, Жетысуйской губерний только на 80 проц. было обеспечено промышленными товарами, привезенными из Центра. Отправка сырья в Центр для переработки и обратная перевозка товара привело к дороговизне продукции. Например: мелкое ценнейшее экспортное сырье (муфлоны) обрабатывалось на частных заводах в Казани, а затем экспортировалось за границу, что вызывало излишние расходы, тогда как выработка была крайне низкая и составляла всего 27 проц. довоенного уровня. Из этого следует, что предприятия Казахстана исключительно были заняты первичной обработкой сырья.

В отношении сельхоз сырья: «40 проц. казахстанской шерсти поставлялось на суконные фабрики центральных губерний России» [9]. Только один туркестанский хлопок был способен насытить хлопчатобумажные фабрики, обеспечить все население Союза ССР [10]. На территории Казахстана в 1925 году имелось 52 тыс. десятин исключительно под хлопок, из них 42 тыс. в Жетысуйской и Сырдарьинской губерниях, а 12 тыс. в Каракалпакской автономной области [11]. Эти регионы, по сути, являлись крупнейшей текстильной базой СССР. Здесь же функционировала единственная суконная фабрика, находящаяся в 48 км. от г. Алма-Аты и 240 км. от ближайшей железнодорожной станции с производительностью 190-200 тысяч аршин сукна», [12], которая естественно не могла обеспечить все потребности казахстанского населения.

Товарный дефицит, голодный покупательский спрос, наличие высоких цен – все это являлось помехой к установлению приемлемых цен и на продукты сельского хозяйства, экспортируемые из Казахстана. Хозяйства были вынуждены продавать продукты по ценам на 50-70 проц. дешевле их себестоимости, а за продукцию городской промышленности население платило в 3-4 раза дороже. Подобное положение складывалось из-за отсутствия хорошо налаженной кооперации по сбыту продукции, отдаленности от железной дороги зачастую в 500-600 км., а также «засилья частных скупщиков (русские, татары и казахи)» [13]. В результате чего промышленными товарами снабжались, главным образом, оседлые районы, а кочевое население было лишено возможности приобретать товары первой необходимости по сравнительно

доступным ценам [14].

Из других республик в Казахстан поставляли также чай, сахар, керосин, спички [15]. Самыми дефицитными товарами были масло и мыло [16]. «Предметами роскоши» являлись резиновые калоши, патефон [17]. Таким образом, в условиях скудного и избирательного государственного снабжения, людям приходилось самим заботиться о себе.

Трудности индустриализации Казахстана были вызваны низким довоенным уровнем хозяйства, экономической и культурной отсталостью, еще бытовавшим мнением о колониальном статусе края, постепенным свертыванием новой экономической политики. На съездах, пленумах, конференциях неоднократно говорилось, что Казахстан является богатым источником всех видов сырья (жиры, кожа, мех, шерсть). Это определяло место нашей республики в системе экономики Союза исключительно как сырьевого источника. Установка, продиктованная изначально военными условиями, оставалась неизменной и в последующий период. Казахстан должен был поставлять сырье в наиболее промышленные районы России, развивать в широком масштабе усовершенствованную первичную обработку сырья, обеспечить республику квалифицированной рабочей силой, при этом было принято решение о невозможности создания крупных индустриальных предприятий обрабатывающей промышленности [18]. Данная политика в корне перекликалась с политикой колониального самодержавия, суть которой сводилась к тому, чтобы «держать национальные окраины на положении сырьевого придатка», «чтобы сбывать здесь промышленную продукцию центральных районов дореволюционной России» [19]. Более того, в послереволюционный период еще долгое время поддерживалось мнение о Казахстане как о степном бесперспективном крае.

Политика, проводимая центром в Казахстане, стала постепенно наталкиваться на сопротивление ряда представителей казахской интеллигенции, которые открыто указывали на ошибки партийного руководства в области индустриального развития республики. Смагул Садвакасов еще в начале 1920-х годов понимал сущность ошибок отдельных органов Советской власти, их неумение и нежелание проводить целесообразную политику в Казахстане, негативно влиявшую на материально-бытовое благосостояние местного населения, которое фактически было лишено использовать сырьевые богатства своего края в своих интересах.

Т. Рыскулов, С. Садвакасов, А. Досов, С. Асфендияров, С. Ходжанов, У. Кулумбетов и др. осознавали, экономическую выгоду приближения производства к источникам сырья, как для Казахстана, так и для народного хозяйства СССР в целом. Но выступления и действия представителей национальной интеллигенции рассматривались как противоречащие интересам и планам Центра, а порой и как враждебные. Разумные предложения местных партийных, советских, хозяйственных руководителей о необходимости пересмотра колониальной структуры экономики края, прежде всего в ходе осуществления индустриализации квалифицировались как проявление местного национализма, что послужило основанием для проведения массовых политических

репрессий в 1920-1930-е годы.

Получив «формальное» право распоряжаться своей судьбой, Казахстан, как и многие окраины бывшей Российской империи, стал ареной для ряда социально-экономических экспериментов власти. А отсутствие демократической обстановки внутри партии, помешало коллективной выработке политической линии, обеспечив подмену политики политиканством в борьбе за власть.

ТҮЙІН

Автор негізгі ойын мақалада 1920-1930 жж. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бағыттайды. Қазақ зиялы қауымының өкілдері: С. Садвакасов, Ж. Мынбаев, С. Қожанов және т.б. Қазақстан экономикасының шикізат орталығына айналуына қарсы ұлттық мүдделерімен таныстырады.

Основное внимание автор акцентирует на социально-экономических изменениях в Казахстане в 1920-1930-е гг. В статье представлены позиции представителей казахской интеллигенции: С. Садвакасова, Ж. Мынбаева, С. Ходжанова и др., выступавших против сырьевой направленности экономики Казахстана в пользу национальных приоритетов.

Ключевые слова: экономика, нэп, индустриализация, сельское хозяйство, рынок, торговля, интеллигенция, репрессии.

ЛИТЕРАТУРА

1. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана. Народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 280.
2. ГАЖО (Государственный Архив Жамбылской области). Ф.50. Оп.1. Д.237. Л.8.
3. Нусупбеков А.Н., Асылбеков М.Х., Козыбаев М.К., Сулейменов Р.Б. История рабочего класса Советского Казахстана. Рабочий класс Казахстана в период перехода к социализму. 1917-1937. – Том 1. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С.171.
4. Рыскулов Т.Р. Собрание сочинений в трех томах. Том 3. – Алматы: Казахстан, 1997. – С.231.
5. РГАЭ. Ф.1562. Оп.6. Д.49. Л.24.
6. РГАЭ. Ф.7733. Оп.5. Д.933. Л.2.
7. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.244. Л.160-161.
8. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.483. Л.145.
9. Хавин А. У руля индустриализации. – М: Изд/тво политической литературы, - 1968. – С.24.
10. ГАЖО. Ф.50. Оп.1. Д.405. Л.5.
11. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.483. Л.141.
12. ЦГА РК. Ф.787. Оп.1. Д.845. Л.44.
13. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.1295. Л.95.
14. Прокопович Г.Ф. Проблемы железнодорожного строительства в Казахстане // Народное хозяйство Казахстана. -1926. -№ 2, - С.201.
15. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.1295. Л.387.
16. Горинов М.М., Цакунов В. 20-е годы: становление и развитие новой экономической политики. // История Отечества: люди, идеи, решения. - М: Политиздат, 1991. -139 С.
17. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана. Народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 288-289.
18. РГАСПИ. Ф.17. Оп.13. Д.439. Л.2.
19. Чуланов Г. Промышленность Казахстана за годы Советской власти. – Алма-Ата: Каз.Гос.издат – во, 1951. – С.4.

г. Астана.



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ЕҢБЕК

Ұлжан ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
тарих ғылымдарының докторы

2016 жылдың 21 желтоқсанында Атырау қаласында республикамыздағы Отандық бұқаралық ақпарат басшылары, жетекші мамандары, танымал журналистері бас қосқан «Отандық БАҚ: кешеден-келешекке» атты бас редакторларының жиыны өтті. Жиында Отандық баспасөз саласының көкейтесті мәселелері екі күндік басқосуда жан-жақты талқыланып, болашақ журналистика саласын дамыту бағыттары сөз болды. Осы жиынның екінші күнінде тарихшы ғалымдар Ерлан Сыдықов пен Әбілсейіт Мұқтардың «XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы» атты 54 баспа табақтық монографиялық еңбегінің тұсаукесері өткізілді.

Атырау облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген монографияның тұсаукесерін жазушы Мереке Құлкенов ашты. Баспагер кітап туралы: «Бүгінде ел тәуелсіздігінің арқасында Қазақстан тарихы концепциялық жаңа көзқарастармен жазылуда. Соның дәлелі алдарыңыздағы монография болмақ. Бұл кітап әр қазақтың төрінде тұруы тиіс», – деп ойын тұжырымдады.

Монографияға Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., профессор Х.Әбжанов былайша тілек білдірді: «Қазақ хандығының 150 жылдан астам тарихын баяндаған монография Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарының талқысынан өтіп, оң бағасын алып, баспаға ұсынылған еді. Еңбек бұрын жарияланған мұрағаттық құжаттар мен зерттеулерді жаңаша зерделей келе, соңғы жылдары қолымызға тиген Ресей, Қытай, Иран мұрағаттарының жаңа материалдары негізінде дайындалған. Зерттеуге соңғы жылдары жарияланған Ресей, башқұрт, қалмақ ғалымдары еңбектері кеңінен тартылған. Соның нәтижесінде екі ғасырға жуық біртұтас Қазақ мемлекетінің тарихы, оны билеген Бас хандары мен хан, би, батырларының қоғамдық-саяси қызметтері, олардың сыртқы саясаттағы көпекторлы ұстанымдары, көршілес алып империялардың отарлау саясатының қырлары, оларға қарсы бағытталған үздіксіз жалғасқан ұлт-азаттық қозғалыстар зерделенген. Ғылыми зерттеу аталған кезеңдегі Қазақ елі тарихын толық бірізділікпен зерделеген еңбек деп есептейміз». Ал т.ғ.д. А.Ахмет: «Сүбелі еңбектің дүниеге келуі бірер жылдың емес, жиырма жылдан астам уақыт еңісі, екіншіден, Қазақ хандығы тарихын толыққанды ашу үшін Орынбор, Астрахан, Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа тарихи мұрағаттарында жыл сайын үздіксіз жүргізілген ізденіс нәтижесі, үшіншіден, өткен дәуір тарихы жаңа көзқарастармен екселген», – деген қорытынды жасады.

Жиынға қатысқан авторлардың бірі Ә.Мұқтар: «Біз зерттеген XVII-XIX ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығы тарихы Ресей елінің сыртқы отарлау саясатымен сәйкес келген ең күрделі кезеңдер екендігін, тәуелсіз ел атанған тұстан отарлық кезең тарихын қайта қарау тарих ғылымы үшін де, отандық тарихшылар үшін де оңайға соқпағандығын, біраз уақытқа дейін орыс мұрағаттарының кейбір қорларына рұқсат болмағандығын, кейінгі жылдары ғана ашылған Ресей мұрағат қорларын пайдалана сараланғанын атап өтуіміз қажет. Бұл еңбекте қазақ мемлекеттілігі тарихын тұтастықта қарап,

жүйелі тарихи оқиғалар желісін барынша шынайы ашып көрсетуге тырыстық. Ол үшін тек мұрағат материалдары ғана емес, түп дерек құжаттар, аталы шежірелер, қазақтың тарихи жыр дастандары және өзімізге дейінгі жазылған бар зерттеулерге толығымен шолу жасалды... Бұл еңбекте біз бірнеше мәселелерге назар аудардық. Біріншіден, жалпы Қазақ хандығы тарихын, оның біртұтастығын Абылай ханның өліміне дейін созуды ұсындық. Оны Тарих институтындағы әріптестер де қолдады... Екіншіден, еңбекте Қазақ хандығының ел тәуелсіздігін сақтау үшін жүргізген көпекторлы саясатын толыққанды зерттеуге күш салдық. Ол Әбілқайыр ханның 1731 жылғы қазақ-орыс келіссөздерімен шектелмей, Жоңғар хандығымен, 1740-1748 жылдар аралығындағы Иран шахы Нәдірмен, түркімен, қарақалпақтармен, кейін Әбілмәмбет ханның Ресеймен, Қытайдың экспанциясын тоқтату үшін Ауған шахы Ахметпен, Абылай заманындағы Ресей, Қытай, Ауған шахымен байланыстары мұрағат деректерімен дәлелденеді. Олай болса Әбілқайыр хан Ресейге «бодан» болды дегенді тоқтатқан жөн.

Үшіншіден, Қазақ хандығының әлеуметтік құрамына, тұлғалардың өмірі мен қызметіне, ұлт-азаттық қозғалыстарға айрықша назар аударылады. Ұлт-азаттық қозғалыстар Ресей қазақ жеріне қадам алған соң басталғаны, оған Әбілқайыр ханның өзі де тартылғаны, азаттық күрестің еш үзілмегені тың деректермен зерделенеді. Біз тарихи тұлғаларды мұрағат ізімен сараладық, нәтижесінде тарихымыздың біраз ақтаңдақтары ашылды. Дегенмен, монографияға сыншы көпшілік, барлық мәселе қамтылды, түйіндеріміз еш талассыз ақиқат деуден аулақпыз. Олай болса салиқалы сын-пікір күтеміз. Тарихымызды бірге түгендейік», – деп ойларын ортаға салды.

Тарих сүйер қалың оқырманына жол тартқан бұл кітаптың ресми тұсауын Әбілсейіт Мұқтардың алғашқы ұстазы «Қазақстан Республикасы ағарту саласының үздігі» Қаламқас Құмарова мен «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры Жұмабек Кенжалин кесті.

Осылайша Е.Сыдықов пен Ә.Мұқтардың «XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы» атты монографиясы оқырманға жол тартты.

ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕР ТАРИХЫ

арқылы студенттердің шеберлігін дамыту

Рахия ДӘРМЕНОВА,
ҚазмемҚызПУ профессорының міндетін атқарушы,
Ақбота АМАНКЕЛДІҚЫЗЫ,
ҚазмемҚызПУ-дың магистранты

Қазақ халқының басынан өткен сан қилы замандар, оның тіршілігі мен дағдарысы, салт-дәстүрі, санасы, өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпы арқылы ұлттық өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарихқа айналды. Өнер – халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді. Қазақ халқының эстетикалық асыл қасиеттері, арман-мүдделері, тыныс-тіршілігі қолданбалы қолөнерінен бастау алады.

Қазақ қолөнерінің тарихы тым тереңде. Ол кең-байтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының мәдениетінен арқау алады, шекаралас Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізіп отырған. Үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі XIX-XX ғасырдың басы. Археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштерге арқа сүйесек, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптері мен күнделікті тұрмыс қажетіне жарап, қол өнердің өз ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған. Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқаны: Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, Кригель өзені аңғарынан табылған керамикалық қазындылар. Қазақ халқының қолөнері ерте кезден-ақ әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін қызықтырған. **Геродот тіпті былай деп жазып қалдырған:** «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған. Жайдың металдан істелген бөлшектері, оғы, айбалталары мыстан істелген. Бас киімдері мен белдік әшекейлері түгелдей алтыннан жасалған. Сондай-ақ, ат омырауындағы өмілдіріктер де мыстан соғылып, жүген сулығы, ауыздығы тағы да басқа бөліктері түгелдей алтынмен әшекейлендіріліп, безендірілген».

Оқу-тәрбие үдерісінде студенттерді көркем өнерге тәрбиелеп оқытуда олардың шеберлігін іс жүзінде дамытып, сұлулыққа, тазалыққа үйретіп, адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеру, оны игеру жолдары қарастырылады. Біздің ұлттық тәрбие берудегі негізгі міндеттердің бірі – жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтанш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту.

Қазақ қолөнерінің өзіндік табиғатын қарастыру бағытында өзіне тән ерекшелігін мойындаумен бірге, Қазақстан аумағының әр бөлігінде жасалған түрлі өнер шығармаларының айырмасын жергілікті жерге тән қор-

шаған орта тудырған ерекшеліктерден байқауға болады. Мысалы, Батыс Қазақстан өңірінде жасалған зергерлік бұйымдардың ою-өрнегі ірі, бедер сызықтары қатаң. Бұл оған салмақты, асқақта салтанатты сипат береді. Оңтүстік өлкедегі бұйымдардың ою-өрнек нақышының ерекше көптірлілігі және салпыншақтар мен алтын жалатқан бөлшектерді жиі қолданатындығы байқалады. Ал ою-өрнек пішіндері ойнақы, сыртқы сызықтары бір-бірімен икемді үйлесім тауып, күрделі композициялық түзілімде әр түрлі қиыршық тастар мен қосымша бөлшектерді жиі қолданатын жақ – Солтүстік Қазақстан аймағы. Орталық Қазақстан мен Шығыс Қазақстан бұйымдарына әшекей, бедер нақыштарының ұстамдылығы мен қарапайымдылығы, пішін айқындылығы тән. Сыртқы әсерге байланысты туындайтын осындай түрлі жағдайларда көркем бұйымды, шығарманы жасаған жеке тұлғаның мінез-құлқына, дарындылығына, темпераментіне, тіпті бояу түстерін тану қасиетіне де недәуір әсерін тигізеді хақ /1, 72-б./.

Қолөнер жөнінде орасан зор мәліметтер жинақтап, зерттеп, оны қағазға түсірген тіл-әдебиетші Ә.Тәжімұратов өз ойын былайша таратады: «Әріне, қолөнердің халық қажетін өтейтін тамаша үлгілері көп. Қазақ халқында өрмек тоқу, қоржын, аяққап, сырмақ сыру, түскиіз жасау сияқты өнері кең тараған. Осындай мәдени мұраны көне деп қарамай, оны байырғы байлығымыз деп бағалап, халқымыздың тұрмыс қажетін өтеуге тиімді пайдалануымыз керек» /2, 6-б./.

Ертеден қалыптасқан қазақ өнерінің мүмкіндіктерін білу, меңгеру болашақ ұрпақ тәрбиесін жетілдіру үшін, сонымен қатар қазіргі халық шеберлері мен суретшілерінің шығармашылық ізденістерінің сипаттық ерекшелігін айқындайтын рухани бастау болып табылады.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік жағдайлар өзгеріске ұшырап, өнер тек қана рухани сұраныс болудан қалып, тауар ретінде жұмыс істей бастады. Оған деген сұраныс көпшілікке, жеке адамдарға, базар талғамына, көрмелер мен мұражайларға арналған түрлі талап-тілектерін қанағаттандырып отырған шақта, біздің де дәстүрлі халықтық шығармашылыққа деген көзқарастарымыз өзгеруі қажет.

Қолөнер – кейбіреуге қымбат металл ретінде асыл қазына, кейбіріне тарихи жәдігер, ескерткіш, өнді біреуге экзотикалық бұйым. Сондықтан қолданбалы қолөнерге сұраныс бар болғандықтан, оның мән-мағынасын дұрыс түсіндіруге, жеткіншек ұрпақтың мәдени сауаттылығын арттыруға жағдай жасауымыз қажет. Бүгінгі күнгі тұтынушыны қамтамасыз ету, көрерменді әсемдік аясына баулу үшін, қазіргі өмірімізге, талғампаздығымызға сай кілемдер, сырмақ, текеметтер, ыдыстар жасай білуіміз қажет.

Оқытушы эстетикалық тәрбие арқылы жеткіншектің сезім мүшелерін тәрбиелеп, қабілеттерін күшейтіп, өнер шығармаларын эстетикалық тұрғыдан ұғынуға бағыттады және оның ойлап-қабылдауына аса мән

береді. Өйткені, «Ойлампаздық қасиеті өсіп жетілмеген адамның тамаша сұлу, көркем заттарды қабылдауы нашар болады» /3, 45-б./ Қолөнер бұйымдарын талапқа сай жасау бірнеше пәндерді біріктіре ізденіп, қолданумен ғана жүзеге асырылады. Көркем сәндік-қолданбалы өнер сабағында студенттер сәндік өнердің тарихи және теориялық даму үдерісі жөнінде тереңірек білім алып, көркем шығарманы талдауға және пікірін жеткізе білуге үйренеді. Жас жеткіншектердің білімін жетілдіріп, ақыл-ой санасын дамытуға игі әсер етумен бірге өнердегі басты мақсаттардың бірі – көңіл-күй мен сезім тереңдігін дамытудағы, яғни эмоционалды тәжірибені арттырудағы қосқан үлесіне, рухани мәдениетімізді меңгертуге, адамгершілік және көркемдік тәрбиенің жолын ашуға жағдай тудыру.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің бірқатары адамзат қоғамы алға жылжыған сайын жаңа түрге ие болып, кейбірі күнделікті тұрмысқа қажет те болмай қалмағы ақиқат. Халқымыз ғасырлар бойы тұтынып келген, көптеген мүліктердің түрлері мен сапасы да жаңаруда. Бірақ қазақ қолөнері бұнымен халық тұрмысын да өзінің ежелгі маңызын жоғалтып отырған жоқ. Олай болса, қазақ халқы қолөнердің бай мұраларына қазіргі заманға сай жаңаша сипат бере отырып, оларды жетілдірудің техникалық жүйесін қалыптастыру қажет.

Қолданбалы қолөнер сабағы білім алушыларды оқуға саналы қарауға бейімдейді. Танымдылық, шеберлік пен ой еңбегі және эстетикалық мәдениетін дамытудағы міндеттері негізінен бұйымдар жасау барысында жүзеге асырылады. Шеберлік – кәсіби немесе әуесқойлық білімдердің қандай да болсын түрінде істі терең танушылықпен, дамыған іскерлікпен үйлестіріп тиімді әрекеттерді жүзеге асырушылық, белгілі бір көзқарас бойынша жұмыс пен қойылатын талап сапалары; іс-әрекеттің еркіндік деңгейі, жұмыс қалай іске асып жатыр екенін бақылау; оны зерттеуге жұмсалатын уақыт; тәжірибе мен білім деңгейі; білім барысында және тәжірибе іс-әрекетінде ашылатын адамның қабілеттілігі.

Қолданбалы қолөнер сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану – проблемалық және зерттеу әдістерін, жаңа оқыту технологияларын, оқыту формаларын, оқыту ойындарын автоматты оқыту жүйесіне енгізу арқылы бағдарлама бөлімдерін сапалы жүзеге асырады және оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады. Сабақ барысында ақпараттық технологияларды қолдану оқытушының уақытын үнемдейді, оқу материалының көлемін және деңгейін шығармашылық жоспарлауға оқыту-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру формасының бір түрінен басқа түріне ауысуына, барлық оқыту жүйелерін оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқыту үдерісі шығармашылық тұрғыда, тәрбиелік сипатта болу керек, жасалған бұйымдардың ұлттық колориті қанық, көркемдік құндылығы және жасалу сапасы жоғары, функционалды және эстетикалық талаптарға сай, қоғамға пайдалы болу. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе, балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман болуы қажет.

Жеке адамның шығармашылық қабілетін, суреткерлік қиялын, эмоционалды түйсіне білу қасиетін арттыруда проблемалы жағдайлар тудыру; өз бетінше ойлай білу; көркем шығармаға, құбылыстар мен бағыттарға салыстырмалы талдаулар жасай білуге үйрету педагогикалық үдерістің біртұтастығы мен жүйелілігін құрайды.

Студенттердің эстетикалық тәрбиеде қазақ қолданбалы өнерін пайдаланудағы теориялық білімдер мен практикалық іскерліктері педагогикалық практика жағдайында жүзеге асады. **Қазақ қолданбалы өнері**

негізінде эстетикалық тәрбие беруге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру үшін мынандай шарттарды ескеруіміз керек:

Халықтың рухани танымын, эстетикалық талғамын кемелдендіру үшін осы күнге дейін толықтырылып жинақталған аса бай рухани игіліктерді игеріп, танымай тұрып, ілгері аттау мүмкін емес /4, 177-б./ Көзбен көріп, сенудің адам үшін маңызы зор. Білімге кім-кімде қол жеткізе алады, бірақ меңгерген білімді тәжірибемен байланыстырып, енгізу керек. Шеберлікке икемделуге, шебер болуға әркімнің қабілеті әр түрлі болып келеді, бәрі бірдей емес. Ол үшін мұражайларға, көрмелерге жиі барып, шеберлердің шығармашылық туындыларының құпия сыры мен мазмұн-мағынасына үнемі үңіліп отыру тиімді. Қазақ қолданбалы өнері негізінде эстетикалық тәрбие беруде студенттердің кәсіби даярлығын жетілдіру, қолданбалы өнер арқылы студенттердің эстетикалық қызығушылықтарын қалыптастыру алдағы уақыттағы басты міндеттердің бірі. Өнер – мәдениет айнасы. Олай болса, мәдениетімізді әлемдік деңгейге көтеру үшін көркем өнердегі ұлттық бейнемізді анықтап, жалпы адамзаттық игіліктерді меңгеруіміз қажет. Қолөнерді дамыта отырып, жер-жерде халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпаққа насихаттау, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру құрметті де игілікті іс болмақ. Әр ұлт өз халқының педагогикасымен сусындап, жастардың ұлттық намысын оята отырып, оларды бүгінгі күн талаптарына сай жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға технология, бейнелеу өнері сабақтарында қазақ халқының өнерін, оның ішінде сурет салу, ши тоқу, кілем тоқу өнерін меңгерту, жетілдіруді талап етеді. Бейнелеу өнері, технология сабақтарында қажетті технологиялық үдерістерді сақтап орындалған бұйымдар экологиялық, экономикалық, эстетикалық заңдылықтарға жауап беріп, адамның талғамын, сұлулық сезімін арттырып, оның қажеттілігін өтеуі қажет. Мұндай әсемдіктің, көркемдіктің, сұлулықтың тұрмыстық сүйкімді, әсем зат-бұйымға ұласуы – өнер. Қорыта келгенде, қазақ халқының қолданбалы өнері – біздің ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі. Қолөнердің тарихын терең зерттей отырып, оны таныстыру халық шеберлерінің өнегелі өнерін насихаттау, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра отырып, студенттердің шеберлігін дамыту қажет.

ABSTRACT

The development of students' skills on the basis of the history of arts and crafts.

The main role of Kazakh crafts and goal objectives are considered in this article. Using kazakh crafts teachers try to form aesthetic tastes of students at the universities. The being of Kazakh people, the samples of crafts, wealth of arts are discussed. History of arts and crafts of the Kazakh people are very deeply. It originates from a genetic linkage of the Kazakh society with the predecessors - ancient juice, yusyns, kyungay-hangars, Turkiye people and kipchaks, perhaps, in anything another don't find fuller confirmation as in the preservation fact at Kazakhs it is archaeological traced anthropological types - elements of material culture, art, craft of the ancestors.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әмірғазин Т.** Әсемдікке құштарлық академиясы. -Алматы: «РОСТ», 2001 ж.
2. **Тәжімұратов Ә.** Шебердің қолы ортақ. -Алматы: Қазақстан. 1987. -96 б.
3. **Бикенов А.** Қазақтың материалдық мәдениеті, Астана: 2010, 192 б.
4. **Адамқұлов Н.** Ұлттық қолданбалы қолөнері. -Алматы, 2006. -122б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ КЕЛЕШЕККЕ БАСТАМА

Жангелді ШАУКЕНОВ,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Жаңа ғасырдың екінші онжылдығында елдің алдында инновациялық-өндірістік дамуға өту жөнінде жаңа әлеуметтік-экономикалық міндеттер тұрды. «Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасында» жаңа тарихи жағдайда қазақ халқының алдында жаңа тарихи парыз тұр, деп көрсетілді. Аталған мәселелер жаңарған қоғамнан бірлік пен қоғамдық келісімге сүйенген ұйысудың жаңа түрін талап еткен еді. Доктринаны талқылап әзірлеуге беделді қоғам қайраткерлері мен халық құлақ асатын зиялы қауым өкілдері тартылды. Сондықтан Үкімет мақұлдаған Қазақстанның Ел бірлігі доктринасын билік пен қоғам арасындағы сындарлы келісім негізінде дүниеге келген құжат деп атауға болады.

Саяси түсіндірме құралына жүгінсек, «доктрина» (лат. *doctrina*) – ғылыми-философиялық ілім, білім, саяси жүйе деген мағынаны білдіреді. Ол – іс-әрекет жасауға бағыт беретін нақтылы нұсқаулар принциптерінің жиынтығы. Әлемдегі тәжірибеде доктриналар көбінесе билік үшін күрестің саяси қозғалыс мүшелерін ықпалдастыру құралына да айналады. Доктрина негізінде Елбасы Жолдауында жарияланған халықтың ең басты құндылығы ретінде Тәуелсіздік идеясы қаланған. Доктрина – этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісі негізінде құрастырылған, уақытында ұсынылған маңызды құжат, болашақ дамуға бағытталған әрекеттің жетекшілікке алынатын теориялық және саяси ұстынын білдіретін мемлекеттік маңызды құжат.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жариялағаны белгілі. Стратегиялық бағдарламада Мемлекет басшысы еліміздің ендігі межесі мен асуын айқындап берді. Жалпы Қазақстан халқы үшін осы құжаттың орны орасан. Жолдау – жүріп өткен жолымыздағы кіріс-шығысты пайда-зиянды безбендейтін әділ таразы және ертеңгі алыс сапарға аттанар даңғайыр даңғылдың бағдаршысы.

Астанада Бейбітшілік пен келісім сарайында 2016 ж. 26 сәуірінде өткен **Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт»** атты XIV сессиясында **«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі қабылданды**. Біз, Қазақстан азаматтары, Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи «Тәуелсіздік толғауын» негізге ала отырып, Болашағы Біртұтас Ел – **Мәңгілік Елді** құру жолында біргеміз.

Мәңгілік Ел... Мәңгілік Қазақстан... Осынау қас-терлі ұғымдар ата-бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары еді ғой. Тәуелсіздіктің бар-жоғы 25 жылында сол арманның асау тұлпарын ауыздықтап, ерттеп міндік. Көздеген көмбеге мерейлі межеге жеткізер құбыламыз – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. Ширек ғасырдан астам ұзақ мерзімге жоспар жасау – құрғақ қиял емес. Осы күні өркениеттің шырқау шыңына шығып отырған ондаған мемлекеттер осы жолдан өткен. Бірақ біздің жолымыз бөлек. Біздің жолымыз – Елбасымыз Н.Назарбаев

тізгін ұстаған Қазақстандық жол.

Болашаққа барар жолды бағамдайтын осы бір тарихи құжатта талай дүние қамтылады. Келешегі кемел Отанымыз үшін бұл құжаттың маңызы үлкен. Аты айтып тұрғандай, маңызды құжат барлық қазақстандықтарды ортақ мақсатқа жетелейді. Барлығымыздың мақсатымыз – тәуелсіздігімізді мықтап сақтай отырып, еліміздің дамыған 30 елдің қатарына қосу. Осы межені бағындыру мақсатында елімізде қаншама мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Жолдауда 35 жылды әр бес жылдыққа бөліп, даму сатымызды көрсетіп, әр бір бесжылда мақсаттарымыздың орындалатынына көз жеткізіп отырғанымызды нақтылай айтып берді. Елбасы еңбек пен ғылымға иек артуымыз керектігін айтты. Әлемдік бәсекеде ғылым үлкен рөл атқарады, ғылым арқылы бәсекеге төтеп береміз. Елбасының Жолдауында жастарға, келешек маман иелеріне назар аударғаны қатты әсер етті. Осы тұрғыда өткен жылғы Жолдауында: *«Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайдылық танытпаңыздар»*.

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын. Үкіметке 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын», – деп атап өтті. Бұл студенттер үшін, әрине, қуанышты жайт. Шәкіртақы мөлшері көбейген сайын студенттің де оқуға деген ықыласы, талабы артатыны сөзсіз. Осы жұмыстарды атқара отырып, студенттерге *«сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш»*, – деп сенім білдіреді [1].

Елбасы кезекті жолдауында жастардың патриоттық санасын қалыптастыру тақырыбын да назардан тыс қалдырмады. Ол: *«тек бірлесіп ғана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп ғана біз алға баса аламыз»*, – деп, халықты бірлікке шақырды. Артынан *«Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі»*, – деп нақты бағытын көрсетті.

«Қазақстан – 2050» стратегиясының «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты конфессиялы қоғамымыз табысының негізі» бөлімінде көрсетілгендей біздің негізгі құндылықтарымыз: жаңа қазақстандық патриотизм, еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс екенін айтады.

Сонымен қатар, Елбасы еліміздегі барлық этнос азаматтары құқықтарының теңдігі туралы ескертіп келеді. Біз бірлігіміз жарасқан көпұлтты мемлекетпіз.

Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы. Елбасы Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін айта келіп, жастарымыздың заман талабына сай үш тұғырлы тілді меңгеру қажеттігін мақсат етіп қойды. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Ал, орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршамызға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет елдерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатыр. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Осы жағдайда Елбасымыз «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Жастарымыз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» екенін басты назарға қойды [2, 2-б.].

Елбасы халқымыздың дәстүрі мен мәдениеті – ұлттың генетикалық коды екенін айтты. Жаһандану иірімінен аман қалу үшін де біз дәстүрімізбен, тілімізбен, мәдениетімізбен ғана ерекшелене аламыз. Осының барлығын шынайы жүзеге асыру үшін Елбасы интеллигенцияның рөлі жоғары.

Президенттің қазақстандық ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін құру міндеті бізді үлкен қуанышқа бөлейді. «Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Себебі, «Мәңгілік Ел» мұратына жету ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының көрінісі арқылы жүзеге асатындықтан да Ұлт көшбасшысының халықтың үш буынына үн қатуы кешегі тарих қойнауындағы бабалар үнін тағы да жаңғыртқандай әсер қалдырды. Елбасы жаңа стратегияны жүзеге асыруда қазақ халқына айырықша жауапкершілік жүктелетіні, бабалар өсиетіне адал, іс-қимылда ірілік көрсету қажеттігін тұжырымдай келе, бейбітшілік, тұрақтылық және гүлдену арқылы ғана ХХІ ғасыр Қазақстанның алтын ғасырына айнала алатындығы туралы пайымын ел-жұртына жеткізді [3, 4-5-б.].

«Қазақстан – 2050» Стратегиялық жобасы – біздің адастырмас компасымыз, айнымас темір-қазығымыз. Алайда, байлық пен абырой, жаңарулар мен жаңғырулар аспаннан жаумайды. Одан дәмелі елдің әр баласы еңбек пен ғылымға арқа сүйеуі

қажет. Елбасының бізден талап етіп отырғаны да осы. Сонда ғана халықтың әл-ауқатын көтеріп, жаһанды мойындатып, Жер бетіндегі азулы 30 мемлекеттің қатарынан ойып тұрып орын аламыз.

Бірақ бүгінгі әлемде ешкімге есеңді жібермей ғұмыр кешу – оңай шаруа емес. Әр мемлекет өз мүддесі тұрғысынан жанталаса әрекет етіп жатыр. Бірі алып жесем, бірі шалып жесем дейді. Сондай саясат сайысында, бағдар қақтығысында жеңіліске ұшырамай, әманда жеңіс тұғырынан көріну үшін тиімді тактика, салымды стратегия керек. Құдайға шүкір, ондай нәрсе Қазақстанда бар. Ол – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, Мәңгілік Ел идеясы. Осы құндылықтар бізге қуатты қару, асқақ рух болады деп шүбәсіз сенемін. Өйткені Елбасымыз айтпақшы, «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан жылдан бергі асыл арманы. «Қазақстан – 2050» бағдарламасы – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол».

Қорыта келе, Жолдауда айтылған маңызды мәселелерді әр азамат ой елегінен өткізіп, оған сүбелі үлесін қосуға тырысуы қажет. Ғылыми қамтуды, экономиканы дамыту, еліміздің көркеюіне ат салысу жастарымыздың мойнындағы міндет. Ал жетістік пен ғылым инемен құдық қазғандай білімнің арқасында ғана жалынан сипатады. Сондықтан Жолдауда Елбасы алға қойған мақсаттар мүддесінен шығу үшін жастардың талмай ізденіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, жобаларды жүзеге асыруға белсене кірісуі керек деп ойлаймын.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор пишет о том, что перед новым поколением стоит задача сохранить историческое сложившееся наследие страны, приумножить национальное богатство и возвысить роль и место Казахстана в глазах мирового сообщества.

In the article the author writes that there is a task for the new generation to maintain the historical heritage of the country, to increase national wealth and the role and place of Kazakhstan in the eyes of the world community.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы // Егемен Қазақстан. - №11. 2014, қаңтар.

2. Нұрекешов Е. Мәңгілік Ел – біздің келешегіміз // Отан сәкшысы, 2014. - №5.

3. «Мәңгілік Ел» идеясы білімнің арқасында жүзеге асады // Жас өркен-Қостанай, 2014. - №1.

Ата-аналарға бала тәрбиесіне арналған 14 кеңес

1. Баланың сұрағына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
2. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болсын.
3. Балаңыз шығармашылықпен айналысып отырса, үстелі шашылып жатса да ұрыспаңыз.
4. Өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсетіңіз.
5. Балаңыздың кемшіліктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Балаңызбен жеке сөйлесуге күнде уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, кемшілігін бетіне баспаңыз.
9. Әрбір жетістігі үшін балаңызды мақтап отырыңыз.
10. Жас мөлшері әр түрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкер-

шілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.

12. Балаңызды жетістігі мен дәрежесі үшін емес, адами қалпында қабылдап, жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.

13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.

14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.

15. Балаңыздың бастаған ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқтауына жағдай жасаңыз.

16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.

17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.

18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.

19. Балаңыздың өткір ойлылығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ:

кейбір әдістемелік тәсілдер

Жәния ҚҰСАЙЫНОВА,
Қазақ Гуманитарлық заң университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ Гуманитарлық Заң Университеті (ҚазГумЗУ) Қазақстан тарихын зерттеу әдістемесін құру проблемасын ғана емес, сонымен қатар студенттерді патриоттыққа, азаматтыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу міндетін де алға қояды. «Мәңгілік Ел» идеясы – осы міндетті жүзеге асырудағы құнды бағдардың бірі [1].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясын қолдау және жүзеге асыру мақсатында ҚазГумЗУ патриоттыққа тәрбиелеу және жас ұрпақты өз халқының тарихы мен оның рухани құндылықтарымен таныстыру міндетін жүзеге асыратын Қазақстан тарихын оқытудың арнайы бағдарламасы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді. Осы бағдарламаға сәйкес бірінші курстың сабақтары тілдерді оқыту және жалпы білім беру бағдарламалары қосылған кредиттік-модульдік жүйеде ұйымдастырылған.

Енгізілген «Мәңгілік Ел» оқу пәнінің мақсатына ұқсас, ҚазГумЗУ-да «XV-XXI ғасырлардағы қазақ зиялыларының рухани және адамгершілік-этикалық мұрасы» элективті курсы әзірленген, оның мазмұнында жоғарыда аталған оқытудың практикалық-бағдарланған тәсілінің принциптері ерекше айқын байқалады [2].

Жастарға өз Отанының тарихи оқиғаларын драмалық қойылымдар арқылы таныту – аталған курс мақсатының бірі. Студенттер қойылымдарға қатысып, спектакльдерде тарихи кейіпкерлердің рөлдерін ойнай отырып, тарихи танымдарын қосымша бекітеді, өз елінің, халқының мәдени құндылықтарын таниды. Спектакльге қатысудың жоғары моральдық құндылығы бар, себебі студенттердің ұжымдық жұмысы жастарды бір-бірімен өзара адамгершілік қарым-қатынас жасауға әкеліп, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытады.

Қазақ жазушылары мен ақындары шығармаларының және қазақ эпостары мен аңыздарының негізіндегі қойылымдар халықтың рухани мұрасымен танысуға, ұлттық құндылықтарын терең бағалауға, құрметтеуге және сақтауға мүмкіндік береді. Спектакль қою алған білімінің бағасы, патриоттық тәрбиенің элементі, тарихқа деген құрметі ғана емес, сонымен қатар «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтиханды тапсыруға рұқсат алу үшін міндетті алғышарттарының бірі болып саналады.

Қожа Ахмет Яссауи, Абай, Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары, Т.Ахтановтың «Ант» шығармасы, Қасым ханның ұлықталуы, қазақ билері, батырлары мен хандары туралы халық эпостары негізіндегі спектакльдер, сонымен қатар қазақ зиялылары өкілдерінің қызметі туралы, Ұлы Отан соғысы батырлары туралы және тоталитаризм кезеңіндегі Қазақстан халқының ерлігі туралы қойылымдар студенттердің күшімен қойылды.

«Ж.Көпеевтің шығармаларындағы қазақ мемлекеттілігінің идеологиясы», «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының дүниетанымындағы мемлекеттілік», «Жазбаша деректер бойынша Қазақ Хандығының құрылуы мен қалыптасуы» (М.Х. Дулати «Тарихи-и-Рашиди», Қадырғали Жалайыри «Жами-ат-тауарих») салмақты қойылымдар.

Қазақстан тарихы пәнінің маңызды міндетінің

бірі – тарихи образдарға кіре отырып, халықтың басынан өткен ұлы оқиғаларымен байланысын сезінеді, патриоттық рухы оянып, елінің тарихына өзінің қатыстылығын сезінеді.

Бірінші курс студенттері үшін еліміздің тарихи орындарына оқу экскурсияларын ұйымдастыру – ҚазГумЗУ-дың білім беру үдерісіндегі жаңашылдығы. Оның міндеті жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жалғастыру, Қазақстанның тарихи орындары мен ескерткіштеріне бару арқылы мәдени-тарихи құндылықтарды насихаттау, нәтижесінде олардың ел тарихымен байланысы орнайды, тарихи-мәдени ортаға тікелей ену әсеріне бөленеді.

Қазақстан тарихын зерделеу аясында бірінші курс студенттері әзірленген бағыттарға сәйкес жыл сайын еліміздің тарихи жерлерін аралайды. Қазақстанның оңтүстік өңірінен келген студенттердің Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи жерлерге баруы және керісінше, солтүстік және шығыс өңірлері студенттерінің Оңтүстік Қазақстанға баруы – осындай экскурсияларды ұйымдастырудағы маңызды және қызықты тәсіл.

Оңтүстік Қазақстан облысына ұсынылатын экскурсиялар оңтүстіктің ірі үш қаласы – Тараз, Шымкент, Түркістан бағыттарын қамтиды. Ежелгі заманнан Тараз мыңдаған көпестер қаласы деп аталған. Шымкент және Түркістан Қазақ Хандығының шекаралық қалалары болған және орта ғасырларда ата-бабаларымыз аталған жерлерді сыртқы басқыншыларға қарсы күресте қазақтың ежелгі жері ретінде қорғап қалған. Түркістанда қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан. Орта ғасырларда бұл қала Қазақ Хандығының ордасы болған.

Бұл үш қала Ұлы Жібек жолының орталық тораптары болды. Студенттер әр қазақ үшін қасиетті орын – Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне, ежелгі қалашық Отырарға, Арыстан баб тәу ету кешеніне, Тектұрмас, Әулие ата, Қарахан, Айша бибі, Түрікбасы әулиесі, Сиқым ата кесенелеріне, атақты балуан, күрес атасы Қажымұқанның мұражайына барды.

Студенттер Шығыс Қазақстан облысындағы Семей, Павлодар қалаларына, XX ғасырдағы қазақ мемлекеттілігі идеяларының қалыптасуына негіз болған жерлерге барды. Балалар Семей қаласында орналасқан «Алаш» автономиясының бұрынғы астанасында болды. Шығыс Қазақстан жерінде ұлы ойшыл және ақын Абай, философ Шәкәрім Құдайбердиев өмір сүріп, шығармаларын дүниеге әкелді, Мұхтар Әуезовтің рухани қалыптасуы болды. Осы өңірдің мұражайлары мен ескерткіштеріне де барды.

Студенттер оқытушыларымен бірге Алматы қаласына және оның төңірегіндегі жерлерге де барды. Қазақ халқының өткен тарихына байланысты тарихи жерлерді, Отанымыздың даңқты ұлдары Райымбек батыр, Бауыржан Момышұлы, азамат және Ұлы Отан соғысының батырлары болған жерлерді аралайды. Сонымен қатар республикамыздың табиғаты өте әдемі жерлерінде – Шарын шатқалында, ҚР Ұлттық саябағының Түрген сарқырамасында болды.

Студенттер Орталық Қазақстанға да өте ма-

ңызды экскурсиялық сапарға шықты. Ежелгі және орта ғасырлардың тарихи ескерткіштері – Қазақ ұлысының бесігі, Жошы хан мен Алаша хан кесенелері орналасқан Ұлытауда да барып, бабаларымыздың тарихи-мәдени ескерткіштерін өз көздерімен көріп қайтты. Енді Қарлағ мұражайына, Батыс Қазақстандағы тарихи жерлерге бару жоспарлануда.

Біздің мақтанышымыз Астана қаласы мен Ақмола облысы да назардан тыс қалмайды. Астанада қазақтың ұлы батыры Қабанбайдың кесенесіне бару, Кенесары Қасымовтың сарбаздары жерленген Астана қаласының ескі бейітіне бару, қаладағы тарихи тұлғалардың ескерткіштеріне бару ұйымдастырылады.

Жыл сайын студенттер Ақмола облысы Малиновка аулында сталиндік қуғын-сүргіндер мен тоталитарлық жүйенің құрбандарын есте сақтау мақсатымен құрылған «Алжир» – «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагері мемориалды музей-кешеніне барып тұрады. Аталған кешенге бару балалардың санасында өшпес із қалдырды, оның дәлелі көптеген студенттер көріп тұрып көзінің жасын жасыра алмағанын, олардың көргендерін терең ұғынғандарын өз көзімізбен көрдік.

Студенттердің алған әсерлерін және осы экскурсияларды ұйымдастырған өздерінің оқытушыларына деген алғыстарын ата-аналарымен, курстастарымен бөліскені олардың зор рухани көзқарасы мен мақтанышқа ие болғанының дәлелі болды. Студенттер тарихи ескерткіштерге барудың және сол тарихпен байланысуға мүмкіндік алудың мән-маңызын, тарихи құндылығын жоғары бағалады. Оларды тарихи орындарға экскурсияға апарудың мақсаты – тарихты жас ұрпақтың жадында сақтау.

Тарихи білімді арттырудың тағы бір тәсілі – сабақты тікелей қала мұражайларында өткізу. Мысалы, ҚР Ұлттық мұражайында, ҚР Президентінің мәдени орталығында өткізілген сабақтарда ҚазГумЗУ-дың тарих оқытушылары экскурсия жүргізушілердің көмегімен Қазақстан тарихының белгілі бір дәуірінің ерекшеліктерін экспонатты көрсете тұрып әңгімелейді. Мұражай экспозициялары мен көрмелері уақыт рухын, ұрпақ пен уақыт сабақтастығының маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді.

ҚазГумЗУ-да патриоттық, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу тәжірибесін нығайтуда тағы бір оқыту нысаны – қонақтық дәрістер енгізілген. Тарихта із қалдырған тұлғалар және батырлармен қатар, еңбектерінің арқасында жарыққа шығып, шынайы баяндалатын тарихты зерттеуші тұлғаларға да назар аудару мақсатында қонақтық дәрістер ұйымдастырылады. Шақырылғандар – еліміздің белгілі тарихшылары, археологтары, саяси және қоғам қайраткерлері. Лейден университетінің профессоры З.М.Әуезовамен, Берел қорғанынын алғашқы ашқан З.С.Самашевпен, ҚР ұлттық елтаңбасының авторы Ж.Мәлібековпен, белгілі ғалымдар Ж.К.Таймағамбетов, К.Н.Бұрханов, З.Е.Қабылдинов, Д.Қамзабектермен және тағы басқа тұлғалармен кездесу ұйымдастырылды.

Студенттер қонақтық дәрістерде Қазақстан халқының тарихы мен мәдени мұрасын тереңірек білуге, өздерін қызықтыратын сұрақтарды қоюға, сонымен қатар өз пікірлерін білдіруге және көрнекті ғалымдармен пікірталасқа түсуге мүмкіндік алады.

Патриоттық тәрбиенің әдіс-тәжірибесі туралы айтқанда, тікелей оқу аудиторияларында өткізілетін интерактивті сабақ нысандарына да назар аудармай болмайды. Әлемдік стандарттарға сай оқытудың интерактивті технологиялары мен әдістерін белсенді пайдалану оқыту үдерісінде студенттер алатын құзыреттілікті қалыптастыруда ма-

ңызды мәнге ие болады.

Жоғары креативті әлеует, білімді алу және пайдалану үдерісін біріктіру аталған әдістердің жалпы айырмашылығындағы ерекшелік. Эссе жазу, кейстер шешу, топтық жұмыс, дереккөздерін талдау, мәтіндерді сараптамалық бағалау, интеллектуалды карталар мен Қазақстанның ғылыми тарихының өзекті тақырыптарына мультимедиялық дәрістер жасау және осы сияқты тағы басқа әдістердің кең аясы білім алушыларға шығармашылық жағынан өздігінен оқуға және оқығанының негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы, «XV-XXI ғасырлардағы қазақ зиялыларының рухани және адамгершілік-этикалық мұрасы» элективті курсын меңгеру соңында ҚазГумЗУ-дың студенттері нақты деректер мен оқиғаларды жаңғырту қабылетімен бірге, тарихи білімнің маңызын бағалауға, оны өз азаматтық позициясын қалыптастыруда қолдануға мүмкіндік алады.

Осы құзыреттіліктерін дамыту жастарға маңызды тарихи оқиғалар мен қазіргі саяси ахуал арасындағы байланысты тауып талдауға, өзін қазіргі тарихи үдерістің қатысушысы ретінде тануға мүмкіндік береді, яғни өз елінің патриоты екенін танытады.

ҚазГумЗУ-да жыл сайын оқушыларға арналған ҚазГумЗУ ректорының гранты байқауы өткізіледі. Ол тарихи, рухани және мәдени мұраны насихаттау, патриоттық идеяны жүзеге асыру, өз елінің тарихына сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру мақсатын көздейді. **Байқау бірнеше кезеңнен тұрады** – тарихи тақырыпқа эссе жазу, тарихи деректер білімі бойынша тестілеуден өту, сонымен бірге әңгімелесу, оған Қазақстанның әр өңірінің оқушылары қатыса алады. Жыл сайын байқауға жүздеген оқушылар қатысады, әр жылда байқау тақырыбы Қазақстан тарихының көрнекі күндеріне арналады. Бүгінгі күні ҚазГумЗУ студенттерінің арасында тарихқа деген махаббатының арқасында биік мақсатқа жеткен үздік студенттер оқиды.

Тарихқа деген қызығушылықты қалыптастыру мен тереңдету қажеттілігінің өзекті бола тұсуінің тағы бір себебі – соңғы жылдары айтулы оқиғалар мен күндерге бай болды. Атап айтқанда Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Абай Құнанбаевтың 170 жылдығы, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және тағы басқа айтулы мерекелер.

Осыған байланысты ҚазГумЗУ-да Қазақстан тарихын оқытудағы жаңа тұрғыдағы тәсілдерді маңызды да уақытылы деп санаймыз.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о практике патриотического воспитания через учебный процесс в Университете КАЗГУМУ, методических подходах и результатах обучения.

The article refers to the experience in patriotic education in an educational process, methodological approaches and learning outcomes at KAZGUU University.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан – 2050 стратегиясы Президенттің Жолдауы (17 қаңтар 2014 ж.)
2. Касымбеков М.Б., Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К. и др. Мәңгілік Ел. Учебник [Текст]. – Алматы: Ұлағат, 2015. – С. 9.

ТАРИХИ ДЕРЕК ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

(Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романы бойынша)

Майра ТОЙҒАНБЕКОВА,
Рахила НАРАЛИЕВА,
ҚазҰУ-дың аға оқытушылары,
Бибігүл СҰЛТАНОВА,
филилогия ғылымдарының кандидаты

Әдебиет өмір шындығының көркем бейнесі десек, әдебиет тарихы да халық тарихымен тығыз байланысты. Еліміздің рухани өмірінің жарқын көрінісі, елеулі бір саласы ретінде көркем сөз өнері ел тарихымен бірге қалыптасып, дамыды. Адам санасы, ой-өрісі мыңдаған жылдар бойы жетілетін тарихи құбылыс екендігін ескерсек, әдебиет адамзат тарихындағы көркем ой жетістіктерінің бірі екендігі даусыз ақиқат.

Рухы мықты, еркіндікті аңсайтын қазақтың қас батыры туралы тәуелсіздік жылдарында жазылған көркем туындылардың ішіндегі ең сүбелісі Қажығали Мұханбетқалиұлының – «Тар кезең» романы. Ұлтымыздың тарихымен сабақтас, XVIII ғасырда өмір сүрген Сырым Датұлының ерлікке, қайшылыққа толы өмірі, сол кезең туралы тарихи шындық романда кең ауқымда көркем бейнеленген деуге болады.

Өткен ғасырда және кейінгі тәуелсіздік кезеңінде қабырғалы қаламгерлеріміз бен ақын-жыршыларымыз І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Жамбыл Жабаев, Иса Байзақов, Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Қалижан Бекхожин, т.б. өз шығармаларының негізгі кейіпкерлері етіп батырлар тұлғасына қол артуында терең сыр бар. Қара қыпшақ Қобыланды, Қара қасқа атты Қамбар батыр, Ер Тарғын, Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Батыр Баян, Қарасай, Өтеген, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Райымбек, Махамбет, Исатай, Сырым, Кенесары, Наурызбай, Амангелді, Бекболат, т.б. есімі елге белгілі, қол бастаған немесе ұлт-азаттық күрестің ұйтықы, басшысы болған батырларымыз бен хандарымыздың көркем әдебиеттегі соқталы бейнесі сап түзеп, осы арқылы қазақтың рухани әлемі жаңа белеске көтерілді, байтақ кеңістікке шықты.

Қазақ тарихының әрбір кезеңі, яғни ел басынан өткен, халық тағдырында терең із қалдырған тарихи, саяси оқиғалар енді нақты тарихи тұлғалардың – қазақ батырларының бейнесі арқылы, солар өмір кешкен, азаттық жолында арпалысып өткен заман, уақыт кеңістігі арқылы көркем шежіреленді. Әдеби кейіпкер ретінде бой көтерген осынау тарихи тұлғалардың көркем, жинақталған бейнесін сомдау енді өз кезегінде қаламгерлер үшін де жаңа суреткерлік, шеберлік мүмкіндіктерге жол ашты. Осы орайда, әрбір әдеби жанрдың көтеретін жүгі салмақ басып, әдеби әдіс-тәсілдердің көкжиегі де кеңі түсті. Осы арқылы дәстүрлі қазақ поэзиясының кең тынысы қаламгерлерді жаңа құнарлы көркемдік ізденістерге қол артуға итермеледі. Ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан әдебиет тарихындағы рухани көшіміздің ең бір асылы мен аяулысы да, яғни рухани құндылықтарымыздың баға жетпес байлығы да қарап отырсақ осы арнадан енші тауыпты.

Осы тұрғыдан алғанда соңғы жылдардағы әдебиетіміздің табысы, жетістігі деуге тұрарлық шығарма – Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романы.

Тарихи шығармаларға деген халықтың ықыласы ерекше екендігі жоғарыда баяндалған жағдайлардан белгілі. Осы орайда тәуелсіздік жылдарында жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы жиырма жылдан астам уақыт ізденіп «Тар кезең» тарихи романын 2012 жылы жарыққа шығарды [1]. Бұл жаңа туынды ресми мұрағат құжаттарындағы бұйрықтарға, хаттарға сүйеніп, зерттеп, зерделеу арқылы жазылған. Ол туралы Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры, ақын Несіпбек Айтұлы: «Тар кезең» романы Қ.Мұханбетқалиұлының жиырма жыл көз майын тауысып зерттеп жазған шығармасы және үлкен, күрделі шығармаға келу үшін адам оны көп уақыт зерттеу керек» [2],– деп атап айтыпты. Сонымен қазақ әдебиеті Сырым Датұлы туралы тағы бір тарихи романмен толықты. Халық мүддесін бар өміріне мұрат еткен ұлы күрескердің ерлік хикаясы да, қиын-қыстау заманның қыспағынан қымсынбай, ащы шындығымен, асқақ романтикасымен бейнелеп кеткен ақындар мен жазушылардың қажырлы еңбектерінің нәтижесі қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығының айқын үлгісі. Отандық тарихта өзіндік орны ерекше тұлға Сырым Датұлының халқына сіңірген баға жетпес қоғамдық-саяси қызметін зерделей отырып жас ұрпақты отансүйгіштікке баулудың үлгісі ретінде мектептерде, арнаулы оқу орындарында Сырымтану курстарын енгізсе, нұр үстіне нұр болар еді.

...Арыдағы даңқты тарихымызды айтпағанда, бергі XVIII, XIX ғасырлардағы оқиғалардың өзі Сырым батыр қозғалысы біздің ұлы халық екендігімізге айғақ. Ата-балаларымыз Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрды. Бұл қуатты ұлыс кең даланы еркін жайлап, өзгеше тұрпатты озық мәдениет жасады. Бай болды, бағлан болды. Сырым тәрізді батырлардың арқасында елімізді, жерімізді белгілі бір уақыт аралығында еркін сақтап тұрдық, олар ешкімге кеудесін бастырған жоқ. Ең азы жүз, жүз елу жылға отаршылдықты тоқтату, кідірту болды. Нәтижесінде, ұлтымыз осыншама бай, ұлан-байтақ жерді иеленді, өзіне лайық ұрпақ өсірді.

Тәуелсіздік дәуірінде туған тарихи романдардың ең сүбелі, салмақтыларының бірі – талантты жазушымыз Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы [3]. Қажығали Мұханбетқалиұлы – ізденімпаз, еңбекқор жазушы. Бұрын әдебиетімізде ізі түсе қоймаған құбылысты қалам ұшына алып, суреттеуге құштарлық – Қ.Мұханбетқалиұлының шығармашылық стиліне тән дүние.

Әдеби шығарма негізінде дерек, факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи оқиғаға құруы шарт емес. Алайда шығарманың материалдық болмысын, өзегін ақиқат оқиғалар құрамайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы да қиын. Өткен тарихи дәуір шындығын суреттейтін қазіргі қазақ романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық болмысында

тарихи фактінің атқаратын қызметі өте жоғары.

Құжат, айғақ жазушыға шындықтың бар болмыс-бітімін, мәні мен мағынасын, сыры мен сымбатын ашып бере алмайды. Өмір шындығы мен өнер шындығы арасында жер мен көктей айырмашылық барын ірі суреткерлердің қай-қайсысы да айтады. Мысалы, Л.Н.Толстой, өзінің бар еңбегі өмірлік құбылыстарды іздеп, жинап, оларды көшіру ғана болса, онда оларды жариялауға ұяты жібермейтінін айтады дейді ғалым Ж.Дәдебаев [3, 58-б.].

В.Г.Белинский тарихи факт дегеннің шебер үшін кірпіш пен тас қана екендігін, олардан сәулетті ғимарат жасау тек суреткердің ғана қолынан келетін ғажайып іс екендігін жазады. Ал К.Паустовский өзінің «Алтын раушан» повесінде жазушы еңбегін зергерлік шеберханалардың шаң-тозаңы арасынан алтын ұнтағының түйіршіктерін бір-бірлеп теріп жинаған, ақырында одан алтын раушан жасаған Шаметтің бейнетімен салыстырады. Өмірдің шындық құбылыстары мен оқиғаларының қалың тасқыны арасынан қажетті, типтік сипаттағы маңызды, мағыналы фактілерді көре білу үшін де зергерлік зерде қажет.

Жазушының өмір материалдарының мол тобын іздеп тауып, оны байқап бақылауы да, танып пайымдауы да қиындығы мол, қияметі көп жұмыс. Бірнеше емес, бір шығарманың материалдық негізін анықтау, бірнеше емес, бір жазушының өмір шындығын игеру үдерісіндегі өзі мен өзгелерге ортақ белгілер, сипаттар және өзгелерде жоқ, оның өзінде ғана бар бөлек ерекшеліктерді анықтап байқаудың, бағдарлап пайымдаудың өзі де оңай шаруа емес. Шындығында жазушының өмір материалдарынан өнер туындысын жасау үдерісінің басты сатыларын, қиын, нәзік иірімдерін, көпшілікке беймәлім қырларын анықтауға талпынып, оның қайсыбір жайларының мәнісін ұққан сайын, шығармашылық өнердің шын сырларының құпия, жұмбақ сипаты айқындалып, арта түседі. Әйтсе де жазушы еңбегінің терең сырларын тану мүмкіншілігін жоққа шығаруға болмайды, бірақ оның барша шетін, нәзік, терең иірімдерін жете білу мүмкін емес. Жазушының тарихи шындықты сұрыптап, екшеу, жинақтауының басты ерекшеліктерін анықтау осы бір өте күрделі, көп сатылы үдерістің кейбір маңызды, негізгі қырларын тануға көмектеседі әрі әдеби шығарманың көркемдік-идеялық бітімін, поэтикалық жүйесін анықтауға жол ашады...

...Қазіргі қазақ романының мағыналық құрылымын түзеп, оқиға желісін құрап отырған өмір құбылыстарының ерекше бір тобы бар. Ол – әдеби көркем үлгілер. Қазақ әдебиетінің өткен дәуірлерде жасалған ескерткіштері сол дәуірлер шындығы туралы шығармалардың ең басты материалына айналды. Өткен дәуірлерде өмір сүрген көркем және ғылыми шығармашылық өкілдерінің қалдырған әдеби және ғылыми мұралары олардың өмірі мен дәуірі туралы жазылған бүгінгі көркем шығармалардың айырықша сипаттағы «құжаттық» негізі қызметін атқарып отыр [4, 58-б.].

Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы – хронологиялық жүйеге құрылған, қазақы шежірелік сипатты бойына жинақтаған тарихи шығарма. Ондағы баяндалатын оқиғалар негізінен тарихи жүйемен дамып, өрбіп отырады. Сонымен қатар, тарихи шығармада жазушының лирикалық шегіністерге, арғы-бергі дәуірлерге ауысып отыратын тұстары да жеткілікті. Ондағы суреттелетін негізгі оқиғалар, басты қаһармандар тарихта болған, белгілі деректерде сақталған. Шығарма табиғатынан бір айқын аңғарылатын нәрсе, жазушы шығарма жазуға үлкен дайындықпен келгендігі. Яғни, ол әр кезеңдегі тарихи деректер мен мағлұматтарды мол жинаған, ғалымдар еңбектерін барынша оқып танысқан, тереңдей зерттеген. Рас, шығармадағы тарихи деректердің молдығы, автордың сол тарихи мағ-

лұматтарды кейде сол қалпы өзгертпей қолдануы, дерек жетегінен ұзап шыға алмай қалатындығы романның басты кемшілігі десек те болады.

Ресей Сыртқы істер коллегиясынан Орынбордағы шекара экспедициясына жолданған жарлықтар, Нұралы ханның, Барон Игельстромның хаттары, рапорттары, т.б. Қажығали Мұханбетқалиұлы ақтарған тарихи деректерді көркем шығарма өзегіне сіңдіре білген. Автордың тарихи шығармашылық әлемін талдау барысында бұған айқын көз жеткізуге болады. Қайсар мінез, қажырлы еңбек терең білім негізімен ұштасқан жазушы болмысын танимыз. Жазушының баяндау тәсілі, кейіпкер толғанысы, психологиясы арқылы берілетін ой қорытулар, философиялық түйіндер осыны көрсетеді. Мысалы:

«Ал, енді әлгі хаттың сұмдық екені, шынында да, сұмдық енді! Хан атамыз қалай ғана дәті барып жазғызды екен соны?! – Нұрмұханбет екі шекесін қос қолымен сығымдап ұстап, көзін жұмған күйі қатты күрсінді. – Жарайды! – деді сонсоң, – ел ағалары қатты-қатты сөз айтқан-ақ шығар... Жарайды, тіпті тілдері тиіп кеткен жерлері де бар болар. Бірақ жұрт сөйтті екен деп, «бір өзінде қырық кісінің ақылы болуға тиіс» Хан осылай ете ме екен?! Сұмдық қой мынауысы!.. «Жандарал мырза! Шекараға тыныштық бермей, шепті жағалап екі күннің бірінде атыс-шабыс жасап жүрген мына әумесерлердің ауылдарына қарулы қалың қол жіберіп, әсіресе, Жаманқаладан төменгі, ал Елек пен Жемнің жоғарғы жағындағы елдердің шаңырағын ортасына түсірмесеңдер... бұлар сіздерді шабындыдан көз аштырмайды, мені де Хан екен деп құлақтарына қыстырмайды. Айтарым: осы хатты алған бойда, әлгі мен айтқан жерлерге ауыр қолмен жедел аттаныңыздар!» – Ал, керек болса... ел иесі ханыңның сиқы!»

«Ер жігіттің ішінде ерттеулі ат жатсын!»; «Ер азаматтың ісіне, әй, кәпір, осы... сүйреңдеп қатын араласпаса екен!» деген секілді, қазақы тәрбиеден қалыптасқан әдет-ті» [1, 255-б.].

Бұл үзіндіден ежелгі қазақы тәрбиені көреміз. Ер азамат түздің адамы, даладағы, яғни ер азамат ісіне әйел араласпаса екен деген ежелгі дала заңы.

Романның сюжеттік желісімен аңыздық және тарихи деректерді салыстыра қарағанда, жазушы екеуін де өз мақсатына жаратқан. Автор тарихи деректен де, аңыздық деректен де алшық кетпеген. Шығармада осы деректерден өрбітіп, дамытқан жазушы болжалын айқын танимыз. Осылайша, романдағы бір эпизодқа негіз болған Нұралы ханның хаты Нұралы образын ашуға қызмет етіп тұр. Бірақ мәселе деректің көркем шығармада нақты көрініс табуында емес, осы оқиғаның көркем туындыда қалай бейнеленуінде. Романдағы оқиға желісінің көп мөлшері орыс отаршылдығының тарихи алғы шарттарын көрсетуге құрылған. Жазушының тарихи мағлұматтарды шеберлікпен пайдаланғанына романды парақтаған сайын көз жеткізуге болады. Өйткені тарихи дерек, жазба құжаттар көп бұрмаланбай, роман өзегіне нақты көшкен. Қаламгер сол дерек, мағлұматтарды көркем шығарманың құрылымына ендіре, қиялда қорыта отырып өзінше дамыта пайдаланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұханбетқалиұлы Қ. Тар кезең. А.2012ж. -656 б.
2. Тоқсанбай Қ. Жиырма жыл жазылған роман // Егемен Қазақстан, 26 қыркүйек, 2012.
3. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы, көркемдік шешім. А. 2001.
4. Ахмет А. Қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығы\\library.wksu.kz/dmdocuments
5. Бердібай Р. Дәстүр тағылымы. - Алматы, 1973.
6. Мұқанов С. Қазақтың ХVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктері. А. 2009.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ» ЖУРНАЛЫ

және қоғамдық пәндерді оқытуға арналған Ашық хаттар

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
журналдың бас редакторы, жазушы, зерттеуші
Бегайым САЛЫҚБАЕВА,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының 2-курс магистранты

XX ғасырдың соңғы онжылдығы – Қазақ Елінің тәуелсіз ел болып, бағы жанған кезең. Қоғамдағы өзгерістермен бірге 1993 жылы «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасы ретінде «Қазақ тарихы» журналы да ашылып, қазақтың әр жерде шашырап жатқан төл тарихы жүйеленіп, жазыла бастады. Тек төл тарихты зерттеу ғана емес, оны Қазақстанның әр түрлі оқу орындарында оқыту мәселелері де осы басылымның көтерген жүгінің бірі болатын.

Сондықтан «Қазақ тарихы» журналының екінші бөлімі «Оқулық, оқыту және оқу құралдары мәселелері» деп аталды. Журнал әдістемелік тұрғыдан әрдайым жаңаның, озат тәжірибенің жаршысы бола білді. Оның Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихының, адам және қоғамның, құқықтанудың сабақ жоспарларын жариялап қана қоймай, әдебиет пен тарих, география мен тарихтың кіріккен сабақтарын ұсынуы, озық технология, жаңаша әдіс-тәсілдерді насихаттауы, пәндерді оқытуды жетілдіруге арналған мақалалары көпшіліктің асыға күтетін дүниесі еді. Сонымен бірге журнал әрдайым көкейкесті, зәру мәселелер көтеріп, жұртқа ой салды. «Ал екінші «Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе» бөлімінде орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тарихын оқыту тұжырымдамалары, әдіс-тәсілі, оқулықтары талқыланады, – деп сипаттаған журналдың әдістемелік бағыты туралы сайтта. – Сонымен қатар құқықтану, дінтану негіздері, дүние жүзі тарихын оқытудың әдіс-тәсілдері баяндалып, ұстаздарға әдістемелік кеңестер беріледі...» [1].

Ал журналдың тұңғыш санының шығуын ғалымдардан гөрі шалғай ауылдардағы тарихшы мұғалімдердің асыға күткені мәлім. Өйткені Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары бір де бір жөні түзу әдістемелік құрал жоқ еді. Одақ құлаған. Онымен бірге КСРО кезінде жарық көрген большевиктік көзқарастағы, ұлы орыстық шовинизмнің үстемдігін, науқан-шылдық, тоталитарлық пиғылды қуаттайтын әдістемелік құралдар да жарамсыз болып қалды. Сондықтан «Қазақ тарихы» журналының тұңғыш санының шығуын тарихшы мұғалімдер ерекше қуанышпен қарсы алды. Бұл туралы Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері С.Дүйсен «Тарих мұғалімдерінің сүйікті журналы» деген мақаласында былай дейді: «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл пәндерді оқыту, әсіресе, ауылдық мектептерде оқыту ерекше қиын болды. Бағдарламалар шалғайдағы мектептерге уақытында жетпей жатты... Міне, осындай күрделі кезеңде «Қазақ тарихы» ауылдағы тарих мұғалімдерінің ақылшысы, көмекшісі болды. Әр нөмірін мұқият оқып, сақтап, жинап отырдық... Журналдың сол кезде мектепте қоғамдық пәндерді оқытуда маңызды рөл атқарғанын аға буын тарихшы мұғалімдер ешқашан ұмытпайды» [2, 31-б.]. Бұл – Ел тәуелсіздігінің алғашқы

жылдарында Ақмола облысының алыс ауданында қоғамдық пәндерді оқытумен айналысқан маманның сөзі.

Алғашқы жылдары журналда әдістемелік сипаттағы мақалалар үлесі аздау болды. Ал сол кездегі педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Тұрлығұл редакцияға жарты жүктемеге қызметке алынған соң әдістемелік мақалалар күрт көбейді [3]. Мәселен, 1994 жылдың күзінен бастап «Қазақ тарихы» журналында республикадағы озат ұстаздардың сабақ жоспарлары, тарихи кештер, сабақтан тыс іс-шаралар өткізудің үлгілері, озат тәжірибелері үзбей жариялана бастады. Сонымен қатар алматылық ғалымдар мен әдіскер-ұстаздар түзген қоғамдық пәндерді оқытудың күнтізбелік жоспарлары тұрақты түрде 2008-2009 жылдарға дейін жарияланды.

«2005 жылдан бастап негізгі оқырмандары мектеп мұғалімдері болғандықтан, журнал материалдарының жартысына жуығы әдістемелік сипатта болды. Мәселен, 2012 жылғы бірінші нөмірдегі барлық 47 мақаланың 36-ның авторлары мектеп мұғалімдері болды. Менің есептеуім бойынша 20 жыл ішінде журналда мектеп мұғалімдерінің 800-ден астам әдістемелік және зерттеу мақалалары жарияланыпты», – деп жазады жоғарыдағы мақаласында С.Дүйсен [4, 31-б.].

Кезінде «Қазақ тарихы» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі, тұрақты авторлары болған әдіскер мұғалімдер Қ.Құнапина, Қ.Жүкешов, Г.Жусанбаева, Ж.Сыманқұлова қазір ғылым кандидаттары мен докторлары атанды. Мектепте қоғамдық пәндерді оқытудың білгір әдіскерлері ретінде олардың кейбірі журналдан әлі де қол үзген жоқ. Ал елімізге танымал әдіскер ғалымдар Т.Тұрлығұл мен Б.Әбдіғұлованың Қазақстан мектептерінде қоғамдық пәндерді оқытуға арналған ғылыми-әдістемелік мақалалары қазірге дейін тарихшы мұғалімдер үшін құнды дүниелер болып келеді. Сондай-ақ осынау ширек ғасыр ішінде журналда мектепте тарихты оқыту мәселелеріне арналған ғалымдар, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер қатысқан бірнеше дөңгелек үстел материалдары жарияланды. Тарихшы мұғалімдерге көмек ретінде карта-сызбалар, тарих кабинетін безендіру мен жабдықтау туралы ақпараттар, тарих терминдерінің сөздіктері, оқулық жазу мен олардың сапасы мәселелері, жалпы мектеп мұғалімдерін толғандыратын барлық мәселелер журнал беттерінде көтеріліп отырды.

Редакция қызметкерлері Қазақстан тарихы пәнінің бірде ҰБТ-дағы міндетті пәндер қатарынан, бірде осы пәннің ЖОО-дағы мемлекеттік емтиханнан алынып қалуына наразылық ретінде үш-төрт рет Ашық хат жазып, оған әйгілі тарихшылардың қолын қойғызып, министрлікке қайта-қайта хат жолдап, хабарласып жүріп, әділеттіліктің орнауына қол жеткізді. Осылайша «Қазақ тарихы» журналы Қазақстан тарихы пәніне төнген қауіптің бетін екі-үш мәрте қайтарды.

Әдістемеге арналған алғашқы Ашық хат «Қа-

зақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі назарына!» деген тақырыпта журналдың 2000 жылғы 1-санына жарияланды. Қол қоюшылар: Алматы қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру және қайта даярлау институтының тарих пәні бойынша әдіскері Қайыркен Құнапина, Алматы мектептеріндегі Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімдері: Роза Сәуенова, Қатия Құсанова, Баян Адырбек, Әлия Көпекбаева, Маздақ Мұханбетжанова, Күмісай Сабзенова, т.б. Барлығы 25 адам қол қойған.

Онда «Қазақстан тарихы» пәнін мектеп бітірушілер міндетті түрде тапсыратын пәндер қатарына қосу талап етілді. «Сондықтан біз Министрліктен биылғы жылдан бастап Қазақстан тарихын мектеп бітірушілердің мемлекеттік емтиханына міндетті түрде тапсыратын пәндер қатарына қосуды сұраймыз.

Бұл, ең әуелі, келешек ұрпақтың елге, жерге деген сүйіспеншілігін, отаншылдық сезімдерін арттырып, ұлттық мақтанышын тудырады еді, – деп жазылған Ашық хатта. – Екіншіден, қазір республиканың барлық жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихынан міндетті түрде сынақ тапсырады. Мектептегі емтихан – ЖОО-дағы сынақтарға дайындық іспетті рөл атқарары сөзсіз. Үшіншіден, әр елдің тәуелсіздігінің негізі – тілі мен тарихы. Сондықтан қай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан, Қазақстанның барлық азаматы өз мемлекетінің тарихын мейлінше тереңірек білуге міндетті» [5, 59-60-беттер].

Ашық хаттың соңына «Қалауынша емес, міндетті болсын» деген ортақ тақырыппен Алматы мектептеріндегі тарихшылардың осы айтылғанды жақтаған пікірлері жарияланды. Авторлары – №138 гуманитарлық өнер гимназиясының тарих және құқық пәні мұғалімі Әлия Қасымова, №140 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі Қанымхан Күліпбаева, №161 көпсалалы гимназияның тарих пәні мұғалімдері Фарида Қабылбекова, Бағдаш Ахметқұлова [6, 60-беттер].

Оларды ұйымдастырған – Алматы қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру және қайта даярлау институтының тарих пәні бойынша әдіскері Қайыркен Құнапина. Барлық іске бас-көз болған – «Қазақстан мектебі» журналы мен оның қосымшаларының бас редакторы Сайраш Әбішқызы. Ал мәтінді дайындау мен әр ғалымға хабарласып, қол қойдырушы – «Қазақ тарихы» қосымша журналының редакторы Әбділдабек Салықбай. Сөйтіп «Қазақстан тарихы» пәні мектеп бітірушілер міндетті түрде тапсыратын пәндер қатарына қосылды.

Екіншісі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі назарына!» айдарымен, «Ашық хат» деген тақырыпта «Қазақ тарихы» журналының 2003 жылғы 6-санына жарияланды. Онда мектеп пен жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқытудың өзекті мәселелері көтерілді. Бұл «Қазақ тарихы» қосымшасының дербес отау тігіп, он жылдық мерейтойын жеке басылым ретінде атап өткен алғашқы жылындағы әрекеті болатын. Сондықтан бұл жолы барлық іске бас-көз болған – «Қазақ тарихы» журналының бас редакторы Әбділдабек Салықбай. Ал мәтінді дайындау мен әр ғалымға хабарласып, қол қойдырған – «Қазақ Ордасы» қосымша журналының редакторы Әбубөкір Қайран. Сондай-ақ «Қазақ тарихы» журналының ақылдастар алқасының мүшесі Тотай Тұрлығұлдың да көп көмегі тиген еді.

Ашық хатқа қол қойған алматылық ғалымдар мен әдіскерлер: Тотай Тұрлығұл, Тұрғанжан Төлебаев, Қанағат Жүкеш, Қайыркен Құнапина, Сәуле Жәкішова, Гүлжазира Төлеубаева, Рая Құсайынова, Нұргүл Қыдырқожаева және бір топ тарихшы мұғалімдер.

Журналдың он жылдық мерейтойына орай 2003

жылы Алматыда «Мектептегі қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» деп аталатын дөңгелек үстел өткізілді. Соған қатысушылардың ұйғарымынша жазылған Ашық хатта мектеп пен жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқытудың кемшіліктері санамалап көрсетіліп, оны оңдау тәсілдері туралы мынадай нақты ұсыныстар айтылды:

«Сондықтан аталған олқылықтарды жою үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет деп санаймыз.

1. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам және қоғам», «Құқықтану» пәндерін оқыту әдістемесінің оқулықтарын жазуға мемлекеттік тапсырыс берілсе.

2. Арнайы дайындықтан өткен, яғни қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі бойынша магистратура мен аспирантура бітіргендер ғана жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесінен сабақ берсе.

3. Жоғары оқу орындарының оқытушы-әдіскері студенттерге тұтастай жетекшілік жасап, ондағы барлық жауапкершілікті мойнына алу үшін педпрактика кезінде жоғары оқу орындарында беретін сабақтарынан толық босатылса.

4. Келешекте студенттердің педпрактикасын сапалы өткізу және мектептегі қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесін талапқа сай оқыту үшін жоғары оқу орындарында өз алдына қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасы құрылса.

Тек сонда ғана жоғары оқу орындарында мектептегі қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесінен сапалы білім беріліп, білікті маман даярлауға жол ашылмақ» [7, 4-бб.].

Осы Ашық хаттан соң «Қазақ тарихы» журналының 2003 жылғы 6-санында «Мектептегі қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» деп аталатын дөңгелек үстелдің материалдары «Әдістеме мәселесі – басты назарда» деген тақырыппен жарияланды. Онда жоғарыдағы ашық хатқа қол қойған алматылық ғалымдар мен әдіскерлердің және Алматы мектептеріндегі бір топ тарих пәні мұғалімдерінің әдістемелік талқылауы мен пікірлері журналдың 12 бетіне басылды [8].

Нәтижесінде мектеп пен жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқытуда біршама ілгерілеушілік болды, жаңа буын оқулықтарын жазу ісі қолға алынды.

Үшіншісі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Ашық хат. Ол «Қазақстан тарихы» қағажу көрмесін!» деп аталды. Ашық хатта Қазақстан тарихы пәнінің жоғары оқу орындарында мемлекеттік емтиханнан алынып қалуына наразылық білдірілді. «Сондықтан осы Ашық хатымызды Министрлік назарына ұсына отырып, жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнінен міндетті түрде мемлекеттік емтихан қабылдануы қажет деп санаймыз, – деп жазылды «Қазақ тарихы» журналының 2006 жылғы 6-санына жарияланған Ашық хатта. – Мұның өзі Ел Президентінің үстіміздегі жылы 10 қазанда шыққан «Қазақстан Республикасы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлығын» жүзеге асырудың ең басты жолдарының бірі екендігіне күмән жоқ. Өйткені Отан тарихы – бүкіл қоғамға, әсіресе, жастарға патриоттық тәрбие берудің негізгі құралы» [9, 81-бет]. **Ашық хатқа қол қойғандар:** М.Асылбеков, К.Байпақов, Б.Көмеков, К.Нұрпейіс, О.Ысмағұлов, Б.Аяған, К.Бұрханов, Т.Омарбеков, Н.Мұхаметханұлы, Ә.Салықбай, Қ.Құнапина.

Нәтижеде журнал көтерген мәселеге жауап хат «Қазақ тарихы» журналының 2007 жылғы 2-санына жарияланды [10]. «Қазақстан тарихы» қағажу көрмейді немесе жаңа министрдің игі қадамдары» деп аталған жауапта министр Ж.Түймебаевтың бұйрығымен Қазақстан тарихы пәнін жоғары оқу орындарында мемлекеттік емтиханға енгізу мақсатында комиссия құрылғанын, көп

ұзамай енгізілетінін хабарлаған еді. Оған 14.02.2007. датамен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің департамент директоры К.Құрманалиевтің қолы қойылыпты.

Діттеген мақсатқа жету үшін Ашық хат жазу, қол қойдыру, жариялау ғана аздық етеді. Ең әуелі сол Ашық хатты қасына дәлел-дәйегін, түсіндірме хатын тіркеп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жөнелту керек. Одан соң министрліктің жауапты мамандарына жіберген хаттың өкше ізіне түсіп, үздіксіз хабарласу қажет. «Кісідегінің кілті – аспанда» дейді қазақ. Министрліктегі шенеуніктердің «мына кісі ел-жұрт үшін шабылып жүр-ау» деп есіркемей, жауапкершіліктен тайсақтайтыны, бір-біріне сілтейтіні, байқамай шамына тисең, шарт кететіні тағы бар. Табанды талап пен қажымас қайраттың арқасында ғана жауап аласыз. Осынша мол машақатпен келген жауап хаттың шығарып салма болуы да ғажап емес. Сондықтан редакция қызметкерлері бұл мәселені назарында ұстап, жылт еткен жаңалықтарға жедел үн қатып, деміл-деміл қоғамдық пікір туғызып, түртпектеп отырды.

Ақыры дәл республика күні қарсаңында редакцияға қуанышты хабар келеді. Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы К.Шәмшиденованың қолы қойылған «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартын бекіту туралы» (2007 жылғы 22 қазан. №499) бұйрық шығыпты. Осы бұйрықтың 4-тармағында: «Жоғары оқу орындарының басшыларынан 2006 жылғы түскен және мемлекеттік емтихан тапсырмаған студенттерден Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтихан алу» [11, 94-бет] талап етілген. Бұл туралы хабар «Қазақ тарихы» жазды, Білім және ғылым министрлігі қолдады» деген тақырыппен журналдың 2007 жылғы 6-санында жарық көрді.

Ашық хаттың үшеуінде де «Қазақ тарихы» журналы редакциясының қызметкерлері білек сыбана кірісіп, темірдей тегеурін мен зор табандылық көрсетті. Мысалы, соңғы Ашық хаттың жауабына аңдатпада былай деп жазылыпты: «Осы Ашық хатты дайындап, аталған ғалымдарға қол қойғызып, «Қазақ тарихы» журналы мен «Айқын» газетіне жариялаған редакция қызметкерлері еді. Журнал шыға сала бұрынғы министр Б.Әйтімованың атына хат жөнелткен, министрлік қызметкерлеріне бірнеше рет хабарласып, жауап талап еткен де солар. Ақыры, міне, көптен күткен жауап та келді...» [12].

2016 жылдың жазында «Қазақстан тарихы» пәніне тағы да шабуыл жасалды. «Биыл «Қазақстан тарихы» пәнін жоғары оқу орындарында оқыту мәселесіне төртінші рет қауіп төніп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің кейбір шенеуніктері бұл пәнді тарихшылар даярламайтын барлық ЖОО-лардың бағдарламасынан алуға әрекеттенуде, – деп жазылды «Қазақ тарихы» журналының 2016 жылғы 5-санындағы «Қазақстан тарихы» пәніне шабуыл жасағандарға тойтарыс беру мақсатындағы аңдатпасында. – Оған қарсы болған танымал тарихшы ғалымдар «Егемен Қазақстан» газетінде «Ұлт қорғаны – ұлттық тарих» (13 сәуір 2016 ж.) деген мақала, «Қазақ үні» ұлттық порталында Елбасы Н.Назарбаевқа ашық хат жариялап, келіспеушілігін білдірді. Төменде сол мақала, ашық хат пен бір топ тарихшының қарсы пікірі оқырман назарына ұсынылып отыр» [13, 2-бет].

Мән-жайды толық түсіндірген осы аңдатпадан кейін Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев, Х.Әбжановтың «Ұлт қорғаны – ұлттық тарих» мақаласы [14], Қ.Абуев, Н.Абдуллаев, Қ.Аллаберген бастаған 15 ғалымның «Қазақстан тарихы» оқулығындағы қателіктерді жөндейтін уақыт жетті» деген айдармен, «Қазақстан тарихын арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі»

деген тақырыппен жазылған Елбасы Н.Назарбаевқа Ашық хаты [15], сонымен жалғаса жарияланған тарихшы-ғалымдар Н.Атығаевтың «Үлкен қателік деп санаймын» [16], А.Жұмаділдің «Кому нужен какой-то хан?» немесе Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы қалай бекітілді?» [17], Д.Салқынбектің «Тарихи сабақтастық үзілмесін!» [18] атты мақалаларында Қазақстан тарихы пәнін орта арнаулы және жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі әр қырынан талданып, мәселені оңдаудың сан түрлі ұсыныстары айтылды. Алайда Қазақстан тарихы пәнінің Білім және ғылым министрлігіндегі «жаулары» бұл жолы әбден ойласып, аса мұқият дайындалып іске кіріскен сияқты. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарының ректорларын жеке-жеке шақырып, келісімін алып, қол қойғызып қойған екен. Олар «Қазақ тарихы» журналының осы жолғы жолдаған хатына жауап қатпастан, жауап сұрап, хабарласқан кезімізде аты-жөнін атамауымызды өтінген бір қызметкері Қазақстан тарихы пәнін аталған оқу орындарында тек XX ғасырдың басынан бастайтындай етіп, шешім шығып қойғанын айтты.

Қысқасы, бұл мысалдардан байқауымызша, «Қазақ тарихы» журналы Қазақстанның оқу орындарындағы қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесіне жіті көңіл бөлді. Әдістеме мәселесін үнемі назарында ұстап, жылт еткен жаңалықтарға жедел үн қатып, кемшіліктерді сынап қана қоймай, оларды болдырмаудың жолдарын көрсетіп, қоғамдық пікір туғызып отырды. Редакцияның осындай табанды да үздіксіз әрекеттерінің арқасында қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, білікті маман мен білімді шәкірт даярлауға жол ашылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. [www.http.kaztar.kz](http://kaztar.kz)
2. С.Дүйсен. Тарих мұғалімдерінің сүйікті журналы. "Қазақ тарихы". №1(118), 2013.31-бет.
3. Ә.Салқынбай. «Қазақ тарихының» тарихы. "Қазақ тарихы" №2 (119), 2013. Мұқаба. 1-бет.
4. С.Дүйсен. Аталған еңбек. "Қазақ тарихы". №1(118), 2013.31-бет.
5. Қ.Құнапина, Р.Сәуенова, Қ.Құсанова т.б. ҚР Білім және ғылым министрлігі назарына! «Қазақ тарихы». №1.2000. 59-60-беттер.
6. Ә.Қасымов, Қ.Күліпбаева, Ф.Қабылбекова, Б.Ахметқұлова. Қалауынша емес, міндетті болсын. «Қазақ тарихы». №1.2000. 59-60-бб.
7. Т.Тұрлығұл, Т.Төлебаев, Қ.Жүкеш, Қ.Құнапина, т.б. ҚР Білім және ғылым министрлігі назарына! Ашық хат. «Қазақ тарихы». №6.2003. 3-4-беттер.
8. Ә.Қайран, Ә.Еркінқызы. Әдістеме мәселесі – басты назарда. «Қазақ тарихы». №6.2003. 5-16-беттер.
9. М.Асылбеков, К.Байпақов, Б.Көмеков, К.Нұрпейіс, т.б. «Қазақстан тарихы» қағажу көрмесін! «Қазақ тарихы» №6.2006. 81-бет.
10. К.Құрманалиев. «Қазақстан тарихы» қағажу көрмейді немесе жаңа министрдің игі қадамдары. «Қазақ тарихы» №2.2007. Мұқ. 2-б.
11. «Қазақ тарихы» жазды, Білім және ғылым министрлігі қолдады». «Қазақ тарихы». №6.2007. 94-бет.
12. К.Құрманалиев. Аталған еңбек. «Қаз.тар.» №2.2007. Мұқаба. 2-б.
13. Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев, Х.Әбжанов. Ұлт қорғаны – ұлттық тарих; Қ.Абуев, Н.Абдуллаев, т.б. «Қазақстан тарихы» оқулығындағы қателіктерді жөндейтін уақыт жетті; Н. Атығаев. Үлкен қателік деп санаймын; А.Жұмаділ. «Кому нужен какой-то хан?» немесе Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы қалай бекітілді? Д.Салқынбек. Тарихи сабақтастық үзілмесін! «Қазақ тарихы». №5.2016. 2-8-бб.
14. Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев, Х.Әбжанов. Ұлт қорғаны – ұлттық тарих. «Қазақ тарихы». №5.2016. 2-3-бб.
15. Қ.Абуев, Н.Абдуллаев, т.б. «Қазақстан тарихы» оқулығындағы қателіктерді жөндейтін уақыт жетті. «Қазақ тарихы». №5.2016. 4-5-бб.
16. Н.Атығаев. Үлкен қателік деп санаймын. «Қазақ тарихы». №5.2016. 6-бб.
17. А.Жұмаділ. «Кому нужен какой-то хан?» немесе Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы қалай бекітілді? «Қазақ тарихы». №5.2016. 6-7-бб.
18. Д.Салқынбек. Тарихи сабақтастық үзілмесін! «Қазақ тарихы». №5.2016. 8-бб.

СЫН ТҰҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

Бақытжан ЖАПАРОВ,
С.Сапарбеков атындағы № 125 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән емес. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда жас балалардың да ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткіздік. Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым – 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сабақта білім оқушыға дайын күйінде беріле салмауы керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Сабақтың мақсаты. а) қызығушылықты ояту – сұрақ қою;

б) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу;

в) ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш кезеңнен сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру.

Мен өз сабақтарымда, көбінесе Қазақстан тарихы пәнінде стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде қолданып жүрмін.

Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I қызығушылықты ояту кезеңінде ой қозғау (шақыру).

II мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі.

III ой толғаныс кезеңінде Венн диаграммасы, еркін жазу, т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім. 7-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегияның мүмкіндіктеріне тоқталайын:

РАФТ. Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат,

хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Осындай жұмыстары арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл кестедегі көрсеткіштер арқылы СТО технологиясының мүмкіндіктері негізінде оқушының субъект ретінде қаншалықты өскенін аңғаруға болады.

-Зейіні.

-Сөздік қоры.

-Танымы.

-Есте сақтауы.

-Ой-өрісі.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

Сабақтың жоспары: 1. Психологиялық дайындық. 2. Ой ашар. 3. Үй тапсырмасын тексеру. 4. Жаңа сабақ.

I Қызығушылықты ояту.

а) Ой қозғау.

ә) Өзіндік жұмыс.

б) Түртіп алу - + ? v (INSERT).

II Мағынаны тану. Топпен жұмыс.

III Ой толғаныс сатысы. 1. Венн диаграммасы. 2. Бағалау. 3. Үйге тапсырма.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында:

-Бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланады;

-өзін жеке-дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;

-бір-біріне құрметпен қарауға;

-өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;

-өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;

-мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмасуға;

-достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;

-белсенді шығармашылық ойлауға негіз қаланды.

Байқап отырсаңыздар, қай жұмыс болмасын оқу мен жазу қатар жүреді, оқығанын қағаз бетіне түсіру, оқушының қаншалықты білімді екенін, шеберлігін байқатады. Бұдан шығатын қорытынды, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асыру – технологияның басты кілті.

Қызылорда облысы,
Жанақорған ауданы.

ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫ

Шығыс Қазақстан (Онлайн сабақ. 6-сынып)

Дәметкен НҰРИЕВА,

Рыков атындағы орта мектептің жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Пән: Ежелгі Қазақстан тарихы.	Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аймақтары. Шығыс Қазақстан: 1. Шілікті патша қорғандары. 2. Берел қорымдары.
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	Білімділік: ерте темір дәуіріндегі Шығыс Қазақстан, оның табиғат жағдайлары, осы өңірге тән Шілікті патша қорғандары мен Берел қорымдары туралы оқушылардың алған білімдерін толықтыру, қосымша деректер арқылы сақ мәдениеті туралы мағлұмат беру, алған білімдерін нақтылау. Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін, бір-біріне деген қарым-қатынасын, ойлау, сөйлеу, суреттеу қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: мәдени мұралар негізінде ұлттық құндылықтарды сақтауға жәдігерлерді бағалауға баулу. Топтық жұмыс барысында бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.
Оқу мақсаттары:	Барлық оқушылар: Ерте темір дәуіріндегі Шығыс Қазақстан, оның табиғат жағдайлары, осы өңірге тән Шілікті патша қорғандары мен Берел қорымдары туралы біледі.
	Оқушылардың басым бөлігі: Өз беттерімен материалды оқып, оның зерттелуі туралы оқып, қорытынды жасай біледі. Кейбір оқушылар: Өз бетімен тақырыпты меңгереді, қорытынды жасай біледі.
Тілдік мақсат:	Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аймақтары. Шығыс Қазақстандағы 1. Шілікті патша қорғандары. 2. Берел қорымдары туралы басты деректерді анықтап, баяндай біледі.
	Негізгі сөздер мен тіркестер: аргипейлер, исседондар, аримаспылар, дромос, Берел кезеңі, астау-саркофаг, сфинкс.
Алдыңғы оқу	Берел қорымдары.
Жоспар	Жоспарланған жаттығулар. Бағалау. Ресурстар. Көрнекілігі: карта, интерактивтік тақта, слайд, мұражай жәдігерлері, банер, үлестірмелі парақшалар, жұмыс дәптері. Әдісі: сұрақ-жауап, ой қозғау, топ болып жұмыс істеу. Түрі: аралас сабақ.
Басталуы	Психологиялық ахуал. Ұйымдастыру. Шаттық шеңбері. Топқа бөлу топ атын анықтау. Жергілікті жер-су атауларының шығу тарихы бойынша. 1.Берел сөзінің шығу тарихы. Жауабы: Берел – қазақтардың алғаш Ресейге қосылған кезіндегі 19 ғ. шекарадағы «Бергі ел» деген мағынада шыққан. 2. Бұл ауыл 1871 жылы Қытаймен арадағы сауда орталығы ретінде салынған. Моңғолдың «Топ қарағай» деген сөз тіркесінен шыққан. Бұл қай ауыл? Жауабы: Катонқарағай.
Ортасы:	I Үй тапсырмасының орындалуын тексеру. Интерактивті тақтамен жұмыс. 1. "Миға шабуыл" "Тарихи тұлғалар" сәйкестендіру. 2. Картаға Шығыс Қазақстан аймағында өмір сүрген тайпалардың мекендеген жерлерін белгілеп, олардың аттарын жазыңдар. 3. "Жас зерттеушінің күнделігі" археологиялық ескерткіштерді сипаттау. Топпен жұмыс. I. 1-топ .Табиғат жағдайы. 2-топ. Халқы. II Шілікті патша қорғандарын сипаттау. А) 1-Шілікті қорымындағы №5 оба. Б) 3-Шілікті қорымындағы №1 оба. Ортақ тапсырма. Кесте толтыру. Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау. Сергіту сәті. III Жаңа сабақ. "Берел қорымдары". "Берел қорымдары" туралы білесің бе? 1) «Берел» деректі фильмінен үзінді көрсетіледі. Талдау. 2) Кітаппен жұмыс. 3) "Сұрақ бізден, жауап Сізден" "Берел тарихи мәдени қорық мұражайының қызметкерімен" сұхбат. Мұражай жәдігерлермен таныстыру.
Аяқталуы.	Бекіту жаттығулары. 1. Сөзжұмбақ "Аримаспы" шешу. 2."Кім жылдам?" ойыны. "Берел құпиялары." Слайд арқылы сұрақ-жауап беріледі. 3. Кері байланыс. Мен білдім... Мен үйрендім... Маған ұнады... Қиындық туғызды... Менің көңіл-күйім... Үй тапсырмасы: § 38-39 оқу. Тарихи әңгіме жазу: "Берел олжалары не туралы айтылады?" Оқушылардың жауаптарын бағалау. Рефлексия. Сабақ туралы өз пікірлерін жазу.

Практикасы.

1. Грек авторы Итесий 2. Геродот сақтар туралы. 3. Рим тарихшысы Помпей Трог 4. Полиэн. 5. Помпей Трог. 6. Страбон.	а) Сақ малшысы "Шырақ" туралы суреттейтін грек тарихшысы. ә) Томирис пен Кир шайқасы туралы мағлұмат жазып қалдырған. б) "Сақ әйелдері ер жүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп, ұрысқа араласады", – деп баяндайды. в) Сақтар туралы олар "Садақпен, қылышпен қола балталармен қаруланған, сауыт киген", – деп жазған. г) "Киімі мен өмір сүру дағдысы скифтерге ұқсас. Олар егін екпейді, үй малдары мен өзеннен аулайтын балықтарды азық етеді. Сүт ішеді.", – деп жазған. д) Томирис "әйел болса да, жаудың шапқыншылығынан қорыққан жоқ", – деп жазған.
---	---

Сөзжұмбақ «Аримаспы»: 1.Үшінші алтын адамды ашқан белгілі археолог. 2.Кекілінен құйрығына дейін, бүкіл әбзелдері алтынмен апталып, күміспен күптелген сәйгүліктер табылған қорым. 3.Зергерлік өнердегі стильдің бірі. 4.Берел қорымдарын зерттеу жұмысына басшылық еткен белгілі археолог-ғалым. 5.Шілікті қорымынан табылған бесжұлдыз безендірілген көк түсті асыл тас. 6.Сақ дәуірінің 200-ден аса обалары орналасқан Шығыс Қазақстандағы аудан. 7.Шілікті қорымындағы "Алтын қорғанға" жерленген адам. 8.Берел қорымындағы жылқының бетпердесінде бейнеленген барыс тектес мүсінше.

Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы.

ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

Әлфия МЕНДАЛИЕВА,

Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты: Ерте темір дәуірінде Қазақстанда өмір сүрген алғашқы көшпелілер – сақтардың тарихымен таныстыру.
Күтілетін нәтиже: **А.** Ерте темір дәуірінде қазақ жерінде өмір сүрген алғашқы көшпелілер – сақтардың мекен-деген жерлері, қоғамдық құрылысы, тұрмысы мен шаруашылығы, көрші елдермен қарым-қатынасы жөнінде біледі. **В.** Сақтар туралы көне авторлардың деректерін

бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасай алады.

С. Сақтардың тәуелсіздік жолындағы күрестері мен батырларының ерліктеріне баға бере алады.

Құрал-жабдық: Оқулық «Ежелгі Қазақстан тарихы» 6-сынып, сөздік және жұмыс дәптерлері, карта, интербелсенді тақта, үлестірмелі ресурстар, қима қағаздар, бағалау үшін парақтары.

Сабақтың түрі	Аралас сабақ		
Сабақтың барысы	Уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе. Оқушылармен бірге бүгінгі сабақтың табыс критерийін анықтау. «Сақтар» туралы бейне-материалды көрсете отырып, өтілген тақырыптағы материалдарды естеріне түсіру.	5-7 минут	«Сақтар» туралы бейне-материалды көрсете отырып, өтілген тақырыптағы материалдарды естеріне түсіру. Анимациялық бейне-материалды көрсетіп болғасын оқушыларға сұрақтар қояды.	«Сақтар» туралы бейне-материалды көре отырып, өтілген тақырыптағы материалдарды естеріне түсіреді. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді, бейнені талқылайды.
Тұсаукесер. «Мозайка» әдісімен оқушылар киіз үйдің суретін құрастырады. Әрі үш топқа топтасады	10 минут	Оқушыларды түрлі түсті фигуралар бойынша үш топқа топтастырады. Фигураларды (қима қағаздарды) бір-бірімен үйлестіру арқылы берілген тапсырманы оқу керектігін оқушыға түсіндіреді. Сол тапсырманы орындау барысында киіз үйдің бір бөлігін құрастыру керектігін айтады.	Оқушылар түрлі түсті фигуралар бойынша үш топқа топтасады. Фигураларды (қима қағаздарды) бір-бірімен үйлестіру арқылы берілген тапсырманы оқиды. Сол тапсырманы орындау барысында киіз үйдің бір бөлігін құрастырады. Киіз үйдің бөліктері және қасиеті жөнінде айтып шығады.
Негізгі бөлім. «Көшпелі сақтар» атты бинго ойнату. Оқушылар билеттердің торкөздеріндегі сұрақтарға жауап беру арқылы бос торкөздерді жыл немесе цифрлармен толықтырады. Бірінші толтырған оқушы «Бинго!» деп айқайлайды. Тапсырманың дұрыс орындалғанын интерактадан дұрыс жауаптарын көрсету арқылы тексеріледі.	20 минут	Оқушыларға лоторея билеттері үйлестірді. Билеттердің торкөздеріндегі сұрақтарға жауап беру арқылы бос торкөздерді жыл немесе цифрлармен толықтыру қажет екенін түсіндіреді. Тапсырманың дұрыс орындалғанын интербелсенді тақтадан дұрыс жауаптарын көрсету арқылы тексеріледі.	«Көшпелі сақтар» атты бинго ойнату. Оқушылар билеттердің торкөздеріндегі сұрақтарға жауап беру арқылы бос торкөздерді жыл немесе цифрлармен толтырады. Бірінші толтырған оқушы «Бинго!» деп айқайлайды. Тапсырманың дұрыс орындалғанын интербелсенді тақтадан дұрыс жауаптарымен салыстыру арқылы тексереді.
Қорытынды. «Табыс критерийі» кестесін толтыру арқылы рефлексия жасату. Сұрақтар қою арқылы сабақты қорыту.	8-10 минут	«Табыс критерийі». Рефлексия. Бағалау парақшаларын үйлестіру. Сұрақтар қою арқылы сабақты қорыту. Үйге: төртінші тарауды қайталау, «Көшпелілердің бір күнгі өмірі» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.	Оқушылар өздері сабақ алдында анықтаған табыс критерийінің бағамдарына балл қою арқылы өздерін бағалайды

Бинго «Көшпелі сақтар».

Ерте темір дәуірінің хронологиясы		Наурыз мейрамы қашан пайда болды?	Грек тарихшысы Геродот қай жылдары өмір сүрген?		Есік қорғанынан табылған сақ ханзадасының бас киімінде неше алтын жебенің суреті бар?
	Қазақстанда қай уақытта жауын-шашын азайып қуаңшылық күшейді.			Алматы маңынан табылған «Жетісу михрабы» деп аталған құрбандық табағында неше бұқа бейнеленген.	
Кир әскерлерімен сақ жеріне қашан басып кірді?	Марафон шайқасы қай жылы болды?		Қазақ жерінде сақтар қай ғасырларда өмір сүрген?		I Дарийдің әскері сақтарға қай жылы шабуыл жасайды?
	A.Македонский әскерлерімен сақ жеріне қай уақытта келді?			Грек географы Страбон қай жылдары өмір сүрген?	

Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы.

КЕНЕСАРЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

(Қысқа мерзімді жоспар. 11-сынып)

Анар ОТАРҒАЗИНА,
Бершүгір орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты		Кенесары Қасымұлы туралы, оның ерлігі, қозғалыстың тарихи маңызы туралы мағлұматтар беру, сол арқылы оқушылардың елжандылық қасиеттерін одан әрі дамыту.			
Күтілетін нәтиже		-Оқушылардың сөйлеу, жеке ойлау қасиеттері дамиды; тақырыпты өз бетінше оқып, мазмұнын ұғына алады; өз ойларын еркін жеткізе біледі; сыныптастарымен жақсы қарым-қатынас орнатады; өзін-өзі бағалай біледі.			
Әдіс-тәсілдер		Топпен жұмыс, жеке жұмыс, бағалау, сұрақ-жауап.			
Уақыты	Ресурсы	Сабақтың мазмұны			
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Дифференциация	Бағалау
		Сәлеметсіздер ме, балалар. Айтыңдаршы мен қай әлемге тап болдым?	Мұғаліммен амандасады.		
Қызығушылықты ояту	Зерттеушінің таныстырылымы	Оқушылар, мен адасып кеткен сыңайлымын, себебі мен тарих әлемінде өмір сүремін. Тарих елінің зерттеушісімін. Енді мен еліме қалай қайтамын? Балалар, басшыларың қайда? Барлығын түгелсіңдер ме? Қазіргі менің зерттеп жүрген мәселем Кенесары Қасымұлы туралы еді, сендер тарихи тұлғамен таныссыңдар ма? Маған керекті керемет тың жаңалықтарды сендер біледі екенсіңдер? Оқушылар, маған еліме қайтуға көмектесесіңдер ме?	Сабаққа қатысымды айтады. Оқушылар тапсырма туралы өз білгендерін ортаға салады. Мұғаліммен ілесіп жұмыс жасауға әзірленеді.	Жеке-леген оқушыларға көмек	
Мағынаны тану	Оқулық, кеспе жұмыстары. Жеке жұмыс 10 мин	Қане, оқушылар, онда алдарыңда тұрған компосқа назар аударайық. Бірінші кедергіміз «Боқтыбай» тауы екен. Тауға жеке шығамыз. Тапсырмасы (жеке жұмыс). Сызбаны толықтыр. 1.Кестені толықтыр. Кенесарының бейбіт хаттары. Бірінші. Екінші. Үшінші. 2.Қалып қойған сөздерді орнына келтіріп жаз. А) Кенесары Қасымұлы өзінің туы астына _____ руларының едәуір бөлігін топтастыра алды. Кей кездері оның сарбаздарының саны _____ адамға дейін жетті. Ә) Соғыс қимылдары 1838 жылы _____ шабуыл жасаудан басталды. Б) Көтеріліске кіші жүзден – _____, ұлы жүзден _____ В) _____ жылы қазақтардың үш жүзінің өкілдері Кенесарыны «ақ киізге» көтеріп, хан сайлады. Ол өз билігін империяның отаршылдық билігі орныққан _____, _____, _____ бекініс желілері бойындағы аудандардан басқа Қазақстанның бүкіл аймағына таратты. 4. Өзіңді тексер. Иә. Жоқ. Кенесары саясатшы-мәмлелер, батыр. 1840 жылы Қоқан билеушілерінің арандатуынан Қасым сұлтан мен оның жақындары қаза тапты. Орынбор генерал-губернаторы хаттарға жауап беріп, бейбіт келісімге келді. Көтеріліске Кенесарының туыс інілері – Ержан, Құдайменді, Иса, Қошқарбай және басқалары белсене араласты. Кенесары құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды. 1.Компостан қарасақ, келесі – ну орман. Ну орманнан өту үшін топ болу керек. Хандық кезең. Көтерілісті тұншықтыру әрекеті. Көтерілістің тарихи маңызы. 2.Келесі кезең Сарыарқа. Бұл даладан тізбектеліп жүруіміз керек. Олай болса келесі тапсырмаға көшелік. 1-қатар: Хронологиялық тізбек. 2-қатар: Батырлар тізбегі. Ал оқушылар сендерге көп рахмет, өздеріңнің жылдамдықтарыңмен түрлі белестерден өтіп, зерттеуіміздің қорытындысын шығардық.	Өздеріне таратылған жұмыстармен танысып, жауаптарын толтырады.	Жеке-леген оқушыларға көмек	
	Топқа бөлу. 15 мин		Оқушылар топтасып өз таныстырылымдарын жасайды.	Жеке-леген оқушыларға көмек	
	Тізбекті жұмыс. 10 мин		Кезектесіп жұмыс жасайды.	Жеке-леген оқушыларға көмек.	Екі жұлдыз, бір тілек.
Үйге.		§ Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.			

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы.

ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ҮДЕРІСІНІҢ ОДАН ӘРІ ЖАЛҒАСУЫ

Бинұр ӘБДІЛБАЕВА (Абдилбаева),
№3 Кеген орта мектебі-мектепке дейінгі
шағын орталығының тарих пәні мұғалімі

Жалпы мақсаты:	80-жылдардағы Кеңес Одағының саяси жүйесін өзгерту шаралары. Қоғамдық саяси бірлестіктер. Қарағанды шахтерларының ереуілі. Жаңаөзен, Орал оқиғалары туралы білу, түсіну талдау, қорыту, жинақтау.			
Сілтеме:	Оқулық, слайд, АКТ.			
Оқыту нәтижелері:	1. Республика аумағында құрылған қоғамдық бірлестіктер туралы білу. 2. Хронология және оқиғаларды есте сақтау.			
Пәнаралық байланыс:	Дүниежүзі тарихы. Математикамен байланыс.			
Әрекет кезеңдері	Модулді қолдану	Мұғалімнің іс-әрекеті	Уақыты	Оқушының іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	АКТ	1. Амандасу 2. Түгендеу, дайындықтарын тексеру. 3. Топқа бөлу.	3 мин	Оқушылар мұғаліммен амандасып, сабаққа деген ынта-жігерлерін оятап назарларын аударады.
Білу 1-тапсырма топтық жұмыс.	СТО ОЖТ АКТ	1.Слайд арқылы түсіндіру. 2.Жаңа тақырып бойынша постермен жұмыс жасау және оны қорғау.	20 мин	Қазақстандағы демократияландыру үдерісі туралы мәліметті біледі.
Түсіну 2-тапсырма Жұптық жұмыс	АКТ ОЖТ	Ментальды картамен жұмыс.	5 мин	Өткен тақырыпты еске түсіріп, бүгінгі тақырыппен байланыстырады, ортақ мәселені ажыратады.
Қолдану 3-тапсырма. Топтық жұмыс.	СТО ОЖТ	1. Демократия сөзінің мағынасы. 2.Тоталитаризм сөзінің мағынасын айту. 3. 5-5 формуласы. 4. Демократияландыру дегенді қалай түсінеміз. 5. Монополия.	5 мин	Термин сөздермен жұмыс жасайды.
Талдау 4-тапсырма. Жеке жұмыс. Топтық жұмыс.	АКТ СТО ОЖТ	Математикалық ойын.	5 мин	Жеке және топтық жұмыс арқылы кестелермен жұмыс жасап, толтырып, ойларын ашық жазады.
Жинақтау. Жеке жұмыс.	СТО	«Қазақстаным менің» ой толғау	2 мин	Жеке жұмыс
Бағалау Үйге тапсырма	СТО	1. Топ жетекшілері қорғайды. 2. Стикерге өз ойларын жазу. 1. Мәтінмен жұмыс. 2. «Невада-Семей» қозғалысы тақырыбында реферат жазу.	5 мин	
Күтілетін нәтиже: Оқушылар сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Еркін сөйлеуге дағдыландыру.	Қандай түсініктерді игерді? 1. Демократия сөзінің мағынасы. 2. Тоталитаризм сөзінің мағынасы. 3. 5-5 формасы. 4. Демократияландыру дегенді қалай түсінеміз. 5.Монополия сөзі.			Меңгерген дағдылары. Топпен жұмыс жасау барысында бір-бірлерінің ойымен бөлісуге, тыңдауға дағдыланды.

Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылы.

АЛАШТЫҢ ҚЫРАНЫ – ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВ

Эльмира КЕҢЕСБАЕВА,
Абай атындағы орта мектеп-балабақшаның
тарих және қоғамтану пәні мұғалімі,
Гүлмира ЖҰМАЖАНОВА,
Абай атындағы орта мектеп-балабақшаның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мақсаты. Білімділік: Халықтың ұлттық, азаматтық, мемлекеттік сана-сезімдерінің қалыптасуындағы алғашқы қазақ демократтарының тарихи рөлін көрсету. Отыншы Әлжановтың өмірі мен қызметі, ұрпақтары туралы білімдерді игерту. **Дамытушылық:** Алаш қозғалысының ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұғандығы туралы білімдерін дамыту. **Тәрбиелік:** Елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Алаш» қайраткерлерінің суреттері; «Отыншы Әлжанов» туралы слайдтар, қабырға газеттері.

Сабақтың түрі: сыныптан тыс кіріктірілген сабақ.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

II Жаңа білімдерді игерту.

1. Кіріспе. «Алашорда» бейнетаспа. «Алаш» қозғалысының пайда болуы. 2. «Алашорда». 3. Отыншы Әлжанов кім? Өмірбаяны. Сот және мұғалімдік қызметі. 4. Отыншы Әлжановтың саяси қызметі. 5. Ескерткіштің ашылуы. Отыншы Әлжановқа арналған ғылыми конференция туралы. 6. Ұрпақтары туралы. 7. Отыншы Әлжанов баспа беттерінде.

Қазақ тарихының белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған «Алаш» қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру.

«Алашорда» бейнетаспасы көрсетіліп тұрады. С.Торайғыров «Алаш ұраны». Алашорданың құрылуы. Тарихы. «Қазақ» газеті. Отыншы Әлжанов өмірбаяны.

Алашорданың 25 мүшесінің бірі, Шығыс өңірінде алғаш мектеп ашып, қазақ балаларын оқу-білімге тартып, қыр қазағының құқығын қорғаған, ағартушы-публицист, халық мұғалімі, ұлтжанды азамат **Отыншы Әлжанов** болатын.

1873 жылы Семей облысы Зайсан уезі, Нарын болысының №6 ауылында Әлжан Сақауовтың ауқатты отбасында дүниеге келген. Сақаудың (шын аты Мұхаметхан) әйелі Тайбала – білікті қоғам қайраткері, әйгілі аға сұлтан Құнанбайдың туған қарындасы екен. 1882 жылы Зайсан қаласындағы бастауыш орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, оны 1887 жылы үздік бітіріп шығады. 1887-1890 жылдары Омбы қалалық училищесінде оқиды. Білімін одан әрі жетілдіру үшін Омбы мұғалімдер семинариясына түседі. Тек қана сабақ оқып қоймай газет-журналдар мен ғылыми кітаптарды жүйелі түрде оқып тұрады. Алып Ресей мемлекетінің тыныс-тіршілігімен таныса отырып, өз халқының өткені мен бүгіні жайлы толғанып, санасы ояна бастайды. Шығармашылық жұмыспен де шұғылданады. 1894 жылы мұғалімдер семинариясын үздік бітірген О.Әлжанов Дала генерал-губернаторының кеңсесіне губерния хатшысы қызметіне қалдырылады.

1895 жылы Ақмола облыстық сотының аудармашысы болып қызмет істейді. 1897 жылы осы қызметте жүргенде Бүкілресейлік халық санағын өткізуге қатысады. Осы жұмысты өте тиынақты жүргізгені үшін патша ағзам қола медаль мен күелік тапсырып марапаттайды.

40-тан астам әртүрлі тақырыптағы мақалаларында қазақ балаларының оқуы мен тәрбиесі, халықтық педагогиканың артықшылығы мен кемшіліктері туралы әңгіме қозғап, заман талабына орай орыс мәдениетіне ден қоюға шақырған. Мақалаларына «Бабай-Бүркіт», «Орта жүз» деп қол қойған. Семинарияда оқып жүрген

кезінде жинақтаған он дәптерге толы еңбегі жоғалып кеткен. Отыншының жары Нұржәмила Дүйсенбайқызы осы ертегілерді балалары мен немерелеріне айтып беріп отырған. 1962 жылы жарық көрген «Қазақ ертегілерінің» ішіне Отыншы Әлжановтың жинаған ертегілері де енген екен. «Дала уәлаяты» газетінде «Қарынбайдың хикаяты», «Күшік пен мысық», «Толағай туралы аңыз», «Бақсы мен дуана», «Қазақтарға пайдалы кітаптар», «Мысырдағы етікші», т.б. еңбектері жарияланған.

1907 жылы Көкпектідегі 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі болып тағайындалып, Өскемен, Зайсан уездеріндегі қазақ мектептеріне басшылық жасау міндетін қоса атқарады. Жетісу жеріндегі Алаш қозғалысына белсене араласады. Жетісу қазақтары атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Желтоқсандағы съезде жалпы қазақ атынан Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланады. Жетісу аймағында Алаш милициясын жасақтауға бел шешіп кіріседі.

Қазақ жерінің орыс бодандығынан жуырда босаматынына көзі жеткен Отыншы өз жігіттерімен Қытайға өтуге бел байлайды. Жолай нағашысы Шәкәрім Құдайбердиевті тұтқыннан босатып ала кетеді. Біраз дем алып күш жинап алмақ болып, 12 тамыз күні Қытаймен шекаралас Көктұма ауылына келіп қонады. Ауылда Үржар қақтығысынан кейін демалып жатқан қызыләскерлердің үстінен түседі. Атыс кезінде Отыншы пулеметтен оқ жаудырып, жаралы Шәкәрімнің құтылып кетуіне жағдай жасайды. Қарсыластары ала алмаған соң диірменге от қоя береді. Лаулап жатқан шатыр ішке құлап Отыншы екі жолдасымен от ішінде қалып қояды. 1918 жылы оның өлімі туралы М.Дулатов «Қазақ» газетінде «Тағы Құрбан (Отыншы Әлжанов)» деген мақаласында *«Қымбатты Отыншы, алаштың көркейгенін көре алмай арманда кеттім деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем емес.»* – деп жазған екен.

Отыншы атамыздай арыстарымыз ешқашан ұмытылмақ емес!

Алаштың ар-намысы атанған асылдарымызды ардақтау арнасын тапты. Былтыр (2016 ж. тамыз) Үржарда орнатылған О.Әлжановтың ескерткіші ашылып, ғылыми конференция өтті. Алқалы жиында жұрт алдында сөйлеген асылдың сынығы Гүлфарида Төлемісова аталары туралы анасы Сәуле Әлжанова екеуі жазған «Отыншы Альжанов – беркут Алаш-Орда» атты кітаптың дүниеге келуі жайында әңгімеледі.

О.Әлжанов пен Нұржәмила Кемеңгерованың отбасында 4 бала. Халық жауының отбасы ретінде 1933 жылдан қуғын-сүргінге ұшыраған. Әсіресе, кіші ұлы Ғалымжан әкесінің тағдырына ұқсас ғұмыр кешкен.

III Сабақты бекіту. Үржарлық арқалы ақын Құсмилія Нұрқасым: «бұл менің ұлы мерекем» деп, осынау қуанышты күнді ұзақ күткенін және Міржақып Дулатовтың мына бір сөзіне мән беруді өтінді: *«Алаш біріксе, алынбайтын қамал жоқ, егер бірікпесе, құл болудан басқа амал жоқ».*

Қ.Нұрқасымов: «Тарбағатай сұңқарлары», «Тәуелсіздік толғауы».

IV Қорытындылау.

Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы.

Қызылорда облысы Арал ауданы Мақсұқылыш кентіндегі №19 орта мектептің тарих және құқық пәндері бірлестігінің құрамында 7 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде Серікбаева Тұлшара жоғары санатты, Ахметова Бағдауыл, Озангайиева Нұржамал, Төлеуова Жұмағұл 1-санатты, Мұданиязова Тұлнара, Қорғанбаева Жанар 2-санатты мұғалімдер.

Биылғы оқу жылында тарих және құқық пәндері бірлестігінің әдістемелік жұмыс жүйесінің алдына қойған мақсаты: инновациялық тәсілдер арқылы сапалы біліммен, жан-жақты дамыған дүниетанымы кең, шығармашылық ізденіспен жұмыс істейтін жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда алға қойылған міндеттер: мектеп ұжымының, озық тәжірибесін ақпарат құралдары арқылы және мультимедиялық жүйе негізінде таратып, мұғалімдердің шығармашылық педагогтік іс-әрекетін дамыту, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру, мұғалімнің жеке басының білімділігін, кәсіптік шеберлігін арттыруда әдістемелік жұмыстың белсенді түрлерін кеңінен қолдану, оқушыға берілетін білім дәрежесін, бағдарлама талабын, оқулықтағы берілген тақырып мәтінінің ғылыми мазмұндылығын, оқушының сол тақырыпты меңгеру мүмкіндігін ескеру.

Бірлестік мүшелерінің жетістіктері: Озангайиева Нұржамал, Ахметова Бағдауылдың оқушылары «Золотое руно» халықаралық байқауында жақсы көрсеткішке жетті. Қорғанбаева Жанардың оқушысы «Тарих ата» республикалық қатыстық олимпиадасында жоғары ұнай иеленді. «Болашақты бірге жасаймыз» атты облыстық ғылыми-практикалық семинарға қатысқаны үшін Төлеуова Жұмағұл, Мұданиязова Тұлнара сертификат иеленді. «Үздік авторлық оқу-әдістемелік кешендер – 2016» байқауында Мұданиязова Тұлнара «Алғыс хатпен» марапатталды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «Мәңгілік елдің ұлы мұраты» республикалық ғылыми жоба байқауында Серікбаева Тұлшара «Алғыс хатпен» марапатталды.

Төменде аталған бірлестіктің іс-тәжірибесі назарларыңызға ұсынылды.

ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІНІҢ ТАРТЫП АЛЫНУЫ

(Қазақстан тарихы. 8-сынып)

Гүлшара СЕРІКБАЕВА,
№19 орта мектептің жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: оқушыларға әскери шептерді салудың барысы, қазақ-орыс сауда байланыстары, патшалы Ресейдің жер мәселесіндегі отаршылдық саясаты туралы түсінік беру. **Дамытушылық:** сабақ барысындағы тарихи оқиғалар мен фактілер туралы тапсырмалар беру арқылы оқушының өз бетінше жұмыс жасай білу қабілетін дамыту. **Тәрбиелік:** оқушыларды бірлікке, адамгершілікке, елін, жерін сүйе, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі.

Типі: жаңа сабақты меңгерту.

Әдісі: ауызша баяндау, сұрақ-жауап, жеке жұмыс.

Көрнекілік: сызбалар, кесте.

Құрал-жабдық: карта.

Сабақ барысы: I Ұйымдастыру.

а) Сынып оқушыларын түгелдеу.

ә) Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II Үй тапсырмасын сұрау, бағалау.

Қазақстан XVIII ғасырдың ортасында

Әбілқайыр өлгеннен кейінгі жағдай.

Жоңғар мемлекетінің құлауы.

III Өткен сабақты бекіту.

1. Әбілқайыр өлгеннен кейін елде қандай қиындықтар болды?

2. Қазақ-башқұрт қатынасы қалай дамыды?

3. Жоңғар мемлекетінің құлауына не себеп болды?

4. Әмірсана қандай саясат ұстанды?

5. Жоңғария қашан толық талқандалды?

IV Жаңа сабақ.

1. Әскери шептерді салудың барысы:

XVIII ғ. 40-50-жылдарында – Солтүстік-Шығыс Қазақстан өңірі бекініс шептермен қоршалды.

Горкая шебі: Сібір редутынан Омбыға дейін: Ұзындығы – 553 верст.

Ертіс шебі: Омбы бекінісінен Ертіс жағасын қамти отырып, Кіші Нарын бекінісіне дейін, ұзындығы – 1684 верст.

Колыван шебі: Өскемен бекінісінен басталып, Алтай тауларының батысын жағалай, Колыван зауыттарын басып өтіп, Кузнецк шебімен жалғасты. Ұзындығы – 723 верст.

XVIII ғ. 50-жылдарында Ресей үкіметі Звериноголовск редутынан Омбы бекінісіне дейін қосымша бекіністер салуды ұйғарды. Себебі: жоңғар – қытай, жоңғар – қазақ байланысы шиеленісіп кетті.

Есіл немесе Пресногорьковский шебі: екі алты бұрышты, тоғыз төрт бұрышты бекініс, алғашқыда 33 редут.

Осы бекіністердің ең ірісі – ПЕТРОПАВЛ (1752 ж.) қамалы.

Ой шебі: Тобыл өзенінен тартылып Жаңа Есіл шебімен жалғасты. (540 верст).

2. ҚАЗАҚ-ОРЫС САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ.

Орынбор қаласы – XVIII ғ. Ортасындағы сауда айналымының белгілі бір орталығы болды.

1745 – 1749 ж. – қазақ даласы арқылы Орынборға

жеткізілген мал басының жалпы құны 1 млн. сом шамасында болған.

Жәміш, Железинск;

XVIII ғ. II жартысындағы Омбы;

белгілі орталықтар: Семей, Өскемен;

Бұқтырма (1761 жылы негізі қаланған).

XVIII ғ. 60-жылдары – қазақ-орыс сауда байланыстарының кеңейген кезі. Қазақтардың жиі саудалайтын тауарлары: мал, малдың терісі, киіз, т.б.

3. ПАТШАЛЫ РЕСЕЙДІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ:

1756 жылы қыркүйек айындағы қабылданған шешім – Жайық жағасына жақын жерде қазақтардың малын жаюға алғаш рет ресми шек қойылды.

1757 жылғы желтоқсан – Кіші жүз ханы Нұралыға тапсырылған орыс үкіметінің шешімімен қазақтарға Жайық өзенінен мал айдап өтуіне тыйым салынды. Кіші жүз ханы Нұралы мен Батыр сұлтан арасындағы кикілжің нәтижесінде Петербург билеушілері Каспий теңізі мен Жайық өңіріндегі шұрайлы жерді казактарға оп-оңай тартып әперді.

Ең құнарлы жер орыс помещиктері князь **ЮСУПОВ** пен **БЕЗБОРОДКО**-ның қолында қалды.

1757 – 1758 ж. Орынбор өлкесін басқарған П.И.Рычков пен А.И.Тевкелев Жайық бойындағы қазақтарға мал жаюға шек қойған үкімет талабының

орынсыз екенін түсінді.

Орынбор губернаторы А.Г.Давыдов қысым көрсетуден таймады.

Орыс-казактардың санын көбейту үшін осы өңірге Ресейдің әр түкпірінен қылмыскерлерді, жерсіз шаруаларды қоныстандырды.

1799 жылы қарашада – император I Павелдің жарлығына сай, Орта жүз қазақтарынан 45 000 отбасына Ертістің оң жағасына қайтадан қоныстанып, мал жаюына рұқсат етілді.

XVIII ғ. орта шенінде Қазақстанның саяси-экономикалық дамуында бірқатар өзгерістер болды.

-қазақ-орыс сауда байланыстары;

-Қазақстанның шетелдермен қатынастары өзара тиімді жағдайда дамыды.

V Жаңа сабақты бекіту.

1. Қазақ-орыс саудасының басты орталықтарына сипаттама бер.

2. Қазақ-орыс саудасындағы отаршылдықты қалай аңғаруға болады?

3. XVIII ғ. орта шенінде Қазақстанның саяси-экономикалық дамуында қандай тиімді жағдайлар қалыптасты?

VI Қорытындылау.

VII Үйге: Ресейдің XVIII ғасырдың 40-60-жылдарындағы саясаты. Қазақ жерлерінің тартып алынуы.

XI-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ

(Дүниежүзі тарихы. 8-сынып)

Жанар ҚОРҒАНБАЕВА,

№19 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Оқушыларға XI – XV ғасырлардағы шаруашылықтағы қол жеткен табыстар, ортағасырлық қалалардың пайда болуы, жәрмеңкелер туралы түсінік беру. **Дамытушылық:** Оқушыларға сұрақтар, тапсырмалар беру арқылы ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше іздене білуге үйрету, сабаққа деген қызығушылығын арттыру. **Тәрбиелік:** Оқушыларды елін, жерін сүйе білуге тәрбиелеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі.

Типі: жаңа сабақты меңгерту.

Әдісі: ауызша баяндау, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: сызбалар, кесте.

Құрал-жабдық: карта.

Сабақ барысы:

I Ұйымдастыру.

а) Сынып оқушыларын түгелдеу.

ә) Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II Жаңа сабақ. § 18. XI-XV ғғ. шаруашылықтың дамуы.

1. Шаруашылықтағы қол жеткен табыстар.

Ормандар азайды. Егістік жерлер, батпақты жерлер құрғатылды, көбейді, бос жатқан жерлер игерілді.

-үш танапты егіс пайда болды.

-А\ш техникасы баяу болса да жақсара түсті.

А) ауыр доңғалақты соқа пайдаланылды.

ә) темірден жасалған еңбек құралдары көбейді.

б) темір тісті тырмамен қопсытты.

-Егіншілік өнімдерінің түрлері көбейді.

-Егін шығымы артты.

-Сиырдың, қойдың саны артты.

- Жылқы тек мініске қана емес, жүк тасуға да пайдаланылды.

-Темір өндіру артты.

- Жүннен мата тоқылды.

Сұрақ: Қолөнершілер помещьелерінен не себепті қашты?

Феодалдар шеберлер жасаған бұйымдарды салық жинау кезінде тартып алып кетіп отырды.

Кезбе қолөнершілер қай жерлерге тұрақтанды?

-жол тораптарына; -өзен өткелдері бойында.

-теңіз айлағына таяу жерлерде.

Брюгге қаласы («көпір»).

1. Қорған тұрғындарының мұқтаждары мен қажеттері үшін көпір маңына бағалы заттарды сатушылар ағылып келе бастады.

2. Адамдардың тамақтануына, жататын орнына үйлер, мейманханалар ұйымдастыру басталды.

3. «Көпірге барайық» деген сөзді айту әдетке айналды.

Жәрмеңке – сауданың нағыз қызатын жері:

-Жыл бойына дерлік өткізілді.

-Өте шулы және халық көп болды.

-Ақша айырбастаушылар отыратын орын болды.

III Жаңа сабақты бекіту.

1. Ауыл шаруашылығы мен қолөнердегі жетістіктердің бір-бірімен байланысы қалай болды? 2. Қолөнершілер помещьелерден неге кетті, олар қайда қоныстанды? 3. Жәрмеңке деген не? 4. Шығыс елдерімен сауданың қандай түрі жүргізілді?

IV Қорытындылау.

V Үйге. § 18. XI – XV ғ. шаруашылықтың дамуы.

ТАЙПА ОДАҚТАРЫ МЕН ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТІК БІРЛЕСТІКТЕР ШЫҒЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕ

(Қазақстан тарихы пәні. 10-сынып)

Бағдагүл АХМЕТОВА

№19 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Оқушыларға парсы деректері, ежелгі ғұндар мен юэчжилер туралы қытай деректері, т.б. туралы түсінік беру. **Дамытушылық:** Әр түрлі деректер келтіру арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру. **Тәрбиелік:** Оқушыларды өз жерінің, елінің тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі.

Типі: жаңа сабақты меңгерту.

Әдісі: ауызша баяндау, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: сызбалар, кесте.

Құрал-жабдық: карта.

Сабақ барысы: I Ұйымдастыру.

а) Сынып оқушыларын түгелдеу.

ә) Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II Ұй тапсырмасын сұрау, бағалау.

Қазақстанда темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың зерттелуі.

III Өткен сабақты бекіту.

1. Сақтар туралы дерек қалдырған грек, парсы ғалымдарын ата.

2. Анахарсис кім?

3. Темір дәуірі кезіндегі ескерткіштерді кімдер зерттеді?

IV Жаңа сабақ.

Ежелгі Қазақстан тарихы жөнінде жазбаша деректемелер: 1. Көне парсы; 2. Көне грек; 3. Латын; 4. Қытай тілдерінде бізге келіп жетті.

АВЕСТА:

-Зороастризм дінінің киелі кітабы;

-Авторы Заратуштра;

-Ол б.з.д. II мыңжылдық ортасында өмір сүрген.

-Каспий теңізінің шығыс-солтүстігін қоныстанған арий тайпасының Спитами тайпасынан шыққан;

-Ол адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар

-Табиғи дарынының арқасында арийлердің батыр ұлдары жайлы жырлап, 30 жасында жаңа дін – зороастризмнің негізін салды;

-Заратуштра ілімі Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Әзірбайжан, Ауғанстан жерінде таралған;

-Бұл қасиетті жазбалар жинағы б.з.д. III ғ. Сасанид дәуірінде хатқа түсті.

-21 кітаптан тұрады.

1. Ежелгі ғұндар мен юэчжилер туралы қытай

деректерінде.

Б.з.д. 1 мыңжылдықтың басында – Орталық Азияны мекендеген тайпалар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан.

Б.з.д. V ғасырдың соңында – Орталық Азияда көшпелілердің күшті бірлестігі – ҒҰНДАР мен ЮЭЧЖИЛЕР пайда болды.

ЮЭЧЖИЛЕР:

-Шығыс скиф тайпаларына жатады;

-Құрамында үйсіндер де болған;

-Аумағы: Тянь-Шаннан бастап Орталық және Батыс Моңғолия, Жоңғария, Алтай өңірі, Шығыс Түркістанды қамтыды;

-Олар ғұндардан да күшті болған;

-Түтін саны – 400 мың; әскері – 100 мың, олар көшпелі мемлекет, әдет-ғұрпы ғұндарға ұқсас.

ҒҰНДАР:

-Б.з.д. IV ғ. Қытайлықтар өздерінің алғашқы қарсыластары екендігін айтады;

-Б.з.д. III ғ.соңы мен II ғ. басында 24 тайпалар одағынан тұрған;

-Шығысында Тынық мұхиттан бастап, батысында Тарбағатай тауларына дейін құлаш жайған;

-Кейбір зерттеушілер «Бұл мемлекеттің батыс шекарасы Арал теңізі, кейде Каспий теңізіне дейін жеткен», – деген пікірлер айтады.

-Б.з.д. IV-III ғ. қытайлар Ұлы Қытай қорғанын салған.

Н.Я.Бичурин:

- Қытай деректерін ғылыми айналымға енгізуге алғаш еңбек сіңірген орыс қытайтанушысы;

- 1807-1821 жж. Пекиндегі православие діні миссиясында жұмыс істеген кезінде тарихи құжаттарды жинаумен айналысты.

V Жаңа сабақты бекіту.

1. Арийлер мен турлар деген тайпалар қай жерде мекендеген?

2. «Авеста» жинағы туралы не білесің?

3. Ежелгі Қазақстан тарихын оқып үйренуде қытай жазба деректерінің алатын орны қандай?

VI Қорытындылау.

VII Үйге тапсырма.

Тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер шығыс деректерінде.

ӨЗ ПӘН БІРЛЕСТІГІҢІЗДІ ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Пән бірлестігі сөз алады» айдарымен әр мектептің пән бірлестігінің іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр пән бірлестігінен кемінде 5 мұғалім 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық бірлестік мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) бірлестіктің соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 1 беттік мәлімет,

4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 1-2 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы бірлестіктің ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе» айдарына фотосымен, жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүлдегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.

Редакция алқасы.

ЗАҢДЫЛЫҚТЫ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Гүлнара ЖҮБАНИЯЗОВА,
№19 орта мектептің құқық және тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Оқушылардың құқықтық сауатын арттыру, өмірі мен болашағы жөнінде оқушылардың азаматтық түсініктерін қалыптастыру. **Дамытушылық:** Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру. **Тәрбиелік:** Тарихи фактілерді келтіре отырып, отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елін, жерін, тілін сүйуге тәрбиелеу. Өзіндік ізденіске бағыттап отырып, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Сабақтың барысы. Ұымдастыру.

1. Өнұранды орындау.
2. Оқушыларды 3 топқа бөлу.
3. Сайыстың мақсаты мен мазмұны.

Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар!!!

Бүгінгі 9-сыныптар аралығында өтіп жатқан "Құқықтық тәрбие – заман талабы" атты сайыс сабағымызға қош келдіңіздер!

Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.

Сайыс жоспары.

I Таныстыру 9 а, б, г.

II «Кім шапшаң».

III «Ойланп жауап жаз».

IV «Түсіндірме сөздік».

V «Жағдаятты шешу».

1-жүргізуші. I Бөлім «ТАНЫСТЫРУ» (әр топ атын, топ ұстанымын, топ төс белгісін таныстырып өтеді. Жоғары ұпай – 10).

2-жүргізуші. II Кім шапшаң.

1. Құқық дегеніміз не? (Мемлекет тарапынан қадағаланатын, қорғалатын заңды құжат).
2. Республика заңдары қай кезде күшіне енеді? (Президент қол қойғаннан бастап).
3. Егемендік алғаннан кейін ҚР Конституциясы қанша рет қабылданды? (2 рет 1993-28 ақпан, 1995-30 тамыз).
4. Республикадағы жоғарғы заң шығарушы органды ата! Парламент.
5. Қасым ханның қасқа жолы қанша тараудан тұрады? (5 тарау).
6. ҚР өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырады? (Тәуелсіз, демократиялы, құқықты, зайырлы).
7. Еліміздегі мемлекеттік тіл (қазақ).
8. ҚР баланың құқықтары туралы заң қай жылы күшіне енді? (2002 ж. 8 тамыз).
9. ҚР төл теңгесі қашан қолданысқа енгізілді? (1993 15 қараша).
10. Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы қашан қабылданды? (1948 ж. 10 желтоқсан).
11. ҚР бала құқықтары туралы заң қанша тараудан тұрады? (10 тарау 53 бап).
12. Жеті жарғыны қабылдаған қазақ ханы кім? (Төуке хан).
13. ҚР-ның жаңа әнұраны қашан қабылданды? (2006 ж. 6 қаңтар).
14. 17 желтоқсан қандай күн? (Демократиялық жаңару).
15. Адам құқықтары жөніндегі адам құқықтары туралы декларация қашан қабылданды? (1989 ж. 20 қараша БҰҰ бас Ассамблеясында).

III тапсырмалар. «Ойланп жауап жаз».

1) Оқушы неге құқылы?

Білім алуға, емделуге, ұрлық жасауға, қоршаған ортаны ластауға, өз сыныптастарына кедергі жасауға.

2) Оқушы неге міндетті?

Білім алуға, ата-анасын тыңдауға, басылымдарға жазылуға, оқулықтарын таза ұстауға, мектеп тәртібін сақтауға, үй тұрғызуға.

IV «Түсіндірме сөздік». **Алаяқтық** – алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен бөгде мүлікті немесе мүлікке деген құқықты алу.

Бұзақылық – қоғамдық тәртіпті, қалыпты еңбек етудің жағдайларын, қоғам тыныштығын өрескел түрде бұзу, азаматтардың денсаулығына зиян, мүліктеріне залал келтіру.

Деликт – құқық бұзушылық, яғни заңсыз әрекет, теріс мінез-құлық, қылмыс. Тар мағынада жасалған залал мен келтірілген зиянның орнын өтеуді міндеттейтін азаматтық құқық бұзушылық.

Деликт қабілеттілік – жасаған құқық бұзушылық үшін тұлғаның заң алдында жауапты болу қабілеті.

Заңды міндет – құқыққа өкілеттігі бар тұлғаның мүддесін қанағаттандыру үшін белгіленген заңды әрі міндетті жүріс-тұрыстардың мөлшері.

Кінә – тұлғаның өзі жасаған заңмен тыйым салынған қоғамға қауіпті әрекетіне психикалық қатынасы.

Қылмыс – қылмыстық заңмен жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекет.

Қарақшылық – бөтен адамның мүлкін ұрлау мақсатында адам өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл.

V «Жағдаятты шешу». *Әлиева бір жыл бұрын Байсаловаға әжептәуір ақшаны қарызға беріп, қайтарып ала алмай жүреді, себебі Байсалова үнемі мүмкіндігім жоқ деп қарызын қайтарудан бас тартады. Сотқа берсе сот процесінің ұзаққа созылатынын ойлаған Әлиева өзінің жиенін Байсалованың пәтеріне кіріп, шамамен қарыз көлеміне сәйкес келетін зат ұрлап шығуға көндіреді. Жиені туысының өтінішін орындап, Байсалованың пәтерінен бірнеше алтыннан жасалған зергерлік бұйымдарды алады. Тергеу барысында ұрланған заттың бағасы Байсалованың қарызының бағасына сәйкес келетіні анықталды.

Қалай ойлайсыңдар, Әлиева мен оның жиенін қылмыстық жауапқа тартуға бола ма?

*Киім базарында Берікбаевадан теріден тігілген манто сатып алып тұрған Құрамысов ақшасын төлеп жатқан кезде, сатушының ұқыпсыздығын пайдаланып, төленетін ақшаның орнына «қуыршақ» салып жібереді, оның үстіңгі және төменгі бөлігіндегі ақша ғана шын ақшалар, ал қалғаны ұқыптап кесілген қағаздар болатын.

Құрамысовтың жауапкершілігі туралы мәселені шешіндер.

Қорытынды. Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.

Біздің мақсатымыз – оқушылардың құқықтық сауатын арттыру, Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезім қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Жақсықылыш кенті.

Қазақ тарихы
№3 (150), наурыз, 2017

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЖЫМ

Ақтоты БӨКЕНБАЕВА,
Атамекен орта мектебінің құқықтану пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға еңбек ұжымы, ұжымдағы адамдардың қарым-қатынасы, ынтымақтастығы, мәдениеті, сыпайылық, әдептілік ұстанымдары туралы баяндау. Оқушылардың ұжым туралы түсініктерін кеңейту, белсенділіктерін дамыту. Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі тапсырма.

Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру: оқушыларды түгендеу, сабаққа даярлау.

2. Үй тапсырмасын сұрау. §6 Адамдардың өзара қатынас әлемі.

Үлестірме тапсырмалар тарату.

1. Адамдар арасында өмір сүру дегеніміз не? (өзінің айналасындағы адамдармен үнемі қарым-қатынас үстінде болуы).

2. Қарым-қатынас деп нені айтамыз? (Адамдардың қызметті бірлесіп істеу қажеттігінен туындайтын, адамның өзге адаммен немесе адамдар тобымен қауышуын айтамыз).

3. Адамдардың қарым-қатынас ұғымдарына нелер жатады? (адамдардың өмір сүру формасының бірі, адамдардың психикалық қызметін күшейткіш құрал, адамды тәрбиелеу құралы).

4. Қарым-қатынастың жақтарын ата! (коммуникативті, интерактивті, перцептивті).

5. Лат. Communication – біріктіремін, байланыстырамын қарым-қатынастың қай жағы? (коммуникативті жағы).

6. Интерактивті жағы ағылшын тілінен аударғанда қандай мағына береді? (өзара әрекеттесу, әсер ету).

7. Қарым-қатынастың перцептивтік жағын түсіндір. (лат. perceptio – қабылдау – адамның әлеуметтік объектілерді қабылдау, түсіну және бағалау үдерісін көрсетеді).

8. Қарым-қатынас түрлерін ата! (ресми және бйресми).

9. Адамдардың өмірлік қызмет аясы қандай? (Екі аясы бар. Қоғамдық орындардағы өндірістік қызмет аясы, екіншісі – тұрмыстағы өндірістен тыс аясы).

10. Қарым-қатынастың формаларын ата! (төте және жанамалы).

3. Жаңа сабақ. Жоспар: 1. Еңбек ұжымы, қарым-қатынас мәдениеті және этикет.

2. Ұжымдық қарым-қатынас үдерісіндегі демократиялылық.

3. Ұжымдағы адамдардың ынтымақтастығының өндіріс үдерісіне әсері.

4. Қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік ұстанымдары.

5. Сөйлеу мәдениеті. Адам өмірлік практикада өзге адамдармен үнемі қатынаста болады. Қарым-қатынас адамдардың әрекеттесу, өзара ақпарат алмасуы. Мазмұны жағынан ол ресми немесе бейресми болып екіге бөлінеді. Қарым-қатынас түрлері жағынан зайырлы, формалы – рөлдік, іскерлік, тұлғааралық,

рухани және формалды болуы мүмкін. Әдеп және сыйластық қауысушылар арасындағы қатаң норма болып табылады. Ал мораль ізгілік пен жауыздық, арлылық пен арсыздық арасын ажыратып, әр тұлғаның сөзі мен ісі үшін жауаптылығын арттыруға ықпал етеді. Қарым-қатынас кезінде әріптесті жәбірлеуге, оның қадірін түсіруге, оған дауыс көтеруге, сөзін бөліп тастауға ешқашан жол беруге болмайды.

Осы орайда Жүсіп Баласағұнның мына бір сөздерін айтып өткім келеді. Жақсы басшы ақылды, жан-жақты білімді, айналасындағы адамдарды бес саусағындай білетін, жұрттың жақсы, жаман істерін әділ бағалайтын, табанды да қайсар, ерік-жігері күшті, ұйымдастыру туралы іліммен қаруланған, халыққа қиянат жасамайтын, жағымпаздық пен тамыр-таныстыққа жаны қас, өзіне жақсы жәрдемші таңдап алатын, көрегенді басшы болуы қажет.

Ұжымдық қызметтің алға басуына қажетті үш шарт. Олар:

1. Иерархия. 2. Қаражат. 3. Қарым-қатынас мәдениеті.

Адамдар арасындағы қатынастарда демократиялылық болған жағдайда ғана жеке адамдар еркін еңбек етіп, қызметтестер арасында достық қарым-қатынастар орнайды. Демократиялылықтың басты бір белгісі – әр түрлі мәселелерге қатысты кез келген адамға әділ және объективті сындар айтылуы.

Тілдік белгілеріне қарай қарым-қатынас вербалды және вербалды емес болып бөлінеді. Адамдардың белгілі бір тілді қолданып қарым-қатынасқа түсуі вербалды, ал түрлі белгілерді, символдарды, сызбаларды қолдана пікірлесу вербалды емес қарым-қатынасқа жатады.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – қоғамдық даму үдерісіндегі қалыптасқан әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын меңгеріп, диалогсудың түрлі жағдайларында сөз қолданудың мақсаттары мен мазмұнын іріктей ала отырып, ойды тиянақты жеткізу ережелерінің жиынтығы.

Сөйлеу мәдениеті қарым-қатынас барысында қатысушы адамдардың амандасуынан бастап, олардың бірлескен қызметінің нәтижелерін шығарып, жұмыстарын аяқтағанға дейінгі қатынастарда болатын сөйлесу амалдарының бәрін қамтиды.

Тіл анық болмаса, ой анық емес деген сөз. Тіл – ойдың айнасы. **Тілдегі сауатсыздық** – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының жетімсіздігі. Адамдардың диалогласу үдерісінде қаратпа сөздерін таңдап ала білуінің маңызы ерекше. Өйткені қаратпа сөз арқылы диалогласудың сипаты анықталады. Іскерлік әдеп нормалары қоғамдық қызмет бабында адамдармен жүздесуде тек «сіз» деген қатынасты ғана қолдануды жөн санайды. «Сіз» деп сөйлесу тек сыпайылықты ғана білдіріп қоймайды, іске ресмилік рең береді.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» **Бауыржан Момышұлы.**

Сабақты бекіту: 1-топ.

1. Ұжымдағы басшымен қызметкер арасында қарым-қатынас орнатуы, қатынастың қай түріне жататынын анықтаңыз (ресми қарым-қатынас түріне).

2. ----- бұл – адамдардың өзара ----- формасы, өзара ----- және эмоциялық қатынас актісі (қарым-қатынас, әрекеттесу, ақпарат алмасу).

3. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не? (қоғамдық даму үдерісінде қалыптасқан әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын меңгеріп, ойды тиянақты жеткізу).

2-топ. 1. Ұжымдық қызмет алға басу үшін қажетті шарттар (иерархия, қаражат, қарым-қатынас мәдениеті).

2. ----- сауатсыздық адамның жалпы сауатсыздығының, ----- төмендігінің көрінісі, ----- байлығының жетімсіздігі (тілдегі, мәдениеті, рухани).

3. Қарым-қатынас түрлерін ата (вербалды және вербалды емес).

3-топ. 1. Қарым-қатынастағы демократиялылықты түсіндір (қоғамда алатын орны мен еріктік қатынастары тұрғысынан тең бола алмайтын адамдар арасында теңдіктің қамтамасыз етілуін айтамыз).

2. Адамдардың белгілі бір ----- қолданып қарым-қатынасқа түсуі ----- қарым-қатынас деп аталады (тілді, вербалды).

3. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарда біреудің екіншіге үстемдік жүргізуі құлтарлық әрекет пе? (жоқ құлтарлық әрекет емес).

Бағалау.

Үйге тапсырма: § 7. 37-бет.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

ҰСТАЗ ЗЕРТТЕУІ

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ БАНКИРІ

Манат ОРАЗБАХОВА,
№ 10 мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі

Тәуелсіз Қазақстанда алғаш қабылданған заңдардың бірі – 1993 жылдың 14 сәуіріндегі «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР заңы болды. 1997 жылы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. 2017 жыл қуғын-сүргін жылдарына 80 жыл толғалы отыр.

Қазақ тарихындағы жеткілікті зерттелмеген саланың бірі – елдің қаржы-экономикалық жүйесінің қалыптасу тарихы. Бұл мәселе ішінара Қазақстан банктерінің тарихын жазғанда айтылғанымен, ол бүгінгі күн тұрғысынан түбегейлі зерттелген жоқ. Әсіресе, банк жүйесінің қалыптасуына тер төккен қазақ азаматтары жайында әлі күнге білетіндеріміз аз. Солардың бірі – қазақ елінің банк саласының бастауында тұрған ірі қаржыгер маман, қоғам және мемлекет қайраткері, кешегі 37-жылдың қанды қырғынның құрбаны – **Төребек Османов.** Қазақтың тұңғыш банкирі, қоғам және мемлекет қайраткері, алаштың арысы Төребек Османовтың есімін ұлықтау, артында қалған мұрасын іздестіру, еңбектерін жинастыру секілді шаралар тек өткен ғасырдың 90-жылдарынан кейін қолға алына бастады.

Төребек Османовтың 1924 жылғы 10 қарашада өз қолымен орысша жазған «Менің өмірбаяным» деген қолжазбасы сақталған. Осында келтірілген мәліметтерге қарағанда, ол 1893 жылғы 3 мамырда бұрынғы Сырдария облысының Қызылорда уезінің Қызылқұм ауылында дүниеге келген. Ол 1916 жылдан 1918 жылға дейін Мемлекеттік банктің Ташкент конторында ұсақ несие инспекциясы жөніндегі нұсқаушы ісқағазын жүргізуші қызметінен бастаған. Сонымен бірге, ол бухгалтердің көмекшісі деген қызметті қоса атқарады. Оның болашақ тағдырын айқындаған еңбек жолы осылай басталған еді. Мемлекеттік банктегі жұмысы Төребектің тәжірибе жинақтап, мықты қаржыгер маман болып

қалыптасуына зор ықпал еткен.

Қазақстанда азамат соғысы аяқталғаннан кейін, экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдай ауыр болды. Шаруашылық жүргізу жүйесінің өзгеруі алмағайып заманның орын алуы және соғыстың тұралатуы салдарынан кейбір уездерде аштық басталды. Мұны жою мақсатында Қазақстанда да азық-түлік салғырты жүргізілді. Бұл жағдай шаруалардың табиғи наразылығын тудырды. Сондықтан 1921-1922 жылдары уездерде халықтың тұрмысын жақсарту, оларды жаңа кеңестік қоғам мен еңбекке баулитын мақсатты көздеген «Қосшы» одақтары құрылды. Оны құруда және Оңтүстікте жер-су реформаларын жүргізуде Ж.Бөрібаев, О.Жандосов, А.Розыбакиев, т.б. қоғам қайраткерлері көрнекті қызмет атқарды. Міне, осындай кооперациялық қозғалыстардың бел ортасында Төребек Османов жүрді. «Қосшы» одағы 1921 жылы Түркістан Компартиясының бесінші съезінің шешімімен құрылған болатын. Бұл одақ ауылдар мен қыстауларда саяси-экономикалық мәселелердің шешімін табуына ықпал етуді мақсат еткен. Сауатсыздықпен күрес, елде белең алған кедейшілікті жоюдың жолдарын қарастыру, кооперативтер құру секілді жаңа заманның іргетасын қалауға алғышарт болатын бірқатар мәселелермен айналысқан Т.Османов «Қосшы» одағында 1922 жылға дейін жұмыс жасайды. Содан кейін 1922 жылдың қыркүйегінде Ақмешіттен Ташкентке келіп, сонда 1925 жылдың 5 қыркүйегіне дейін жұмыс істейді. Т.Османов 1925 жылдың басында Казоблодақ «Қамқор» Басқармасының Төрағасы етіп тағайындалады. Басқарма Қызылорда қаласында орналасады. «Қамқордың» Басқармасын Ташкенттен Қызылордаға көшіру туралы шешім қабылданады. Жалпы «Қамқордың» ел халқының шаруашылығын түзеуге тигізетін әсері зор болды. Ол тұрғын халықты қажетті тұтыну заттарымен қамтамасыз етумен бірге

олардың өндірген заттарын сатып алып, екі жақты тиімді жұмыс атқаруға септігін тигізеді. Сонымен бірге, арнайы баспасөз органын ашып, халықтың қаржылық сауатын ашуға, тұрғындарға кооперацияның мәнін, оның атқаратын қызметінің бағыттарын түсінуге жұмыстар атқарады. Сөйтіп «Қамқор» журналы Түркістан өлкесінің ауыл шаруашылық несие одағының органы ретінде 1925 жылы Ташкент қаласында жарық көреді, кейін ел астанасы Қызылордаға «Қамқор» одағымен бірге қоныс аударған. Журналда кооперативтік ұйымды құрудың тәртіптері, оның жұмысын ұйымдастыру жайы, оған қатысушылардың міндеттері, шаруашылық жүргізу тәсілдері жайлы материалдар жариялайды. Басылым араб әрпімен басылған. Басылымда Т.Османовтың «Қарақалпақ ауылшаруашылығы кооперациясының міндеттері», «Одақтың ісі туралы», «Баланс пен кредиттің түрлері», «Түркістан қазақтарының шаруа кооперациясы мүддесі», «Қамқордың шаруашылық жайы», «Кооперация кітаптарын оқыңыздар» деген материалдар жарық көрген. Журналдың қамтыған мәселелері тікелей ұйымдасып, шаруашылық жүргізуге қажетті материалдарды көпшілікке түсіндіру мақсатын көздеген. Т.Османовтың «Түркістан қазақтарының шаруа кооперациясы мүддесі» атты мақаласында қазақ даласында кооперацияның мәні, оны ұйымдастыру жайы, негізгі мақсаты мен міндеттері жақсы ашылған. Ол, әсіресе, қазақтың өндірген затын тиімді өткізу мәселесіне ерекше назар аударады. Т.Османовтың ұсынып отырған жолы – тек шикізат өндіруші болып қалмай шикізатты өңдеп, бұйым шығаруға кірісу. Яғни толыққанды экономикалық қуатты елге айналу деген. Сол секілді «Түркістанның көшпелі аудандарындағы қазақтарды кооперацияға ұйымдастыру» атты мақаласының да өзектілігі айқын. Онда көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар арасында кооперация құрудың тәсілдеріне тоқталып, қазақ халқының мал шаруашылығын жүргізудің заманға сай жаңа тәсіліне көшу жолдарын тарата баяндайды.

«Көшпелі аудандарда сауда керуенін жасау» мақаласында елге кооперация жұмысы керекті әдістің бірі екендігін көрсетеді. Кооперацияның көшпелі ауданға сауда керуенін жіберу алғашқы қадамы. Әрине, елге сауда керуендерін аралауға шығарғандағы мақсат – сауда істеп күрделі пайда табу емес, елге керек-жарақ нәрселерді жеткізу, елдегі сатылмай жатқан өлі бұйымдарды алып, кө-

зін тауып өткізу, үшінші өкімет тарапынан шаруа түзеуге беретін жәрдем-қарыздармен қамтамасыз ету. Т.Османовтың редакторлығымен шығып тұрған «Қамқор» журналының қазақ елі арасында кооперациялық қозғалыстың тамырлануына, шаруашылық жүргізу жүйесін индустрияландыруға үлесі зор болды.

Төребек Османовты НКВД 1937 жылдың 15 шілдесінде түнде үйінен тұтқындап алып кетеді. 37 жылғы нәубет Османовтар әулетінде де өз тауқыметін ала келді. Төребек Османов тұтқындалып, «халық жауы» ретінде атылғаннан кейін оның бала-шағасы мен туған-туыстарын да қудалау басталған. Жары Фатима абақтыға жабылса, бала-шағасы балалар үйіне жіберіледі. «Орнында бар оңалар» дегендей, Төребектен қалған ұрпақ адал еңбек етіп, білім алып, қатарға қосылды, отбасын құрып, ұрпақ өрбітті. Сөйтіп, бүгінде бір қауым елге айналды.

Қазірде еліміз дербес, зайырлы, тәуелсіз мемлекет. Өлі де болсын жетік зерттелмеген Алаш зиялыларымыз қаншама. Оларды зерттеп, еңбектерін өскелең ұрпаққа таныстыруға қазір ешқандай кедергі жоқ. Бірақ сонда да біз өзіміздің тарихымызды оқыған кезде қазақтан шыққан тұңғыш банкирдің есімін кездестіре алмаймыз. Бұл өте өкінішті жәйт. Төребек Османовтың есімі қазақ халқының Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Бейімбет Майлин, Сүлеймен Есқараев, Сұлтанбек Қожанов сияқты марғасқа тұлғаларының қатарында тұруға әбден лайық. Төребек Османовтың өмірі мен еңбек жолы туралы айтылмай қалған әлі талай сыр бар. Алмағайып заманда ғұмыр кешсе де, өшпес із қалдырып, өнегелі өмір үлгісін көрсеткен аяулы азаматтың есімі барған сайын айқындалып, айшықтала түспек. Төребектану енді бас-талды. Тәуелсіз елдің аспанында оның жұлдызы барған сайын биіктей бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Төребек Османов және оның қыздары /**Асқар Н.**/ Ана тілі – 2013 ж. 30 мамыр-5 маусым (№22) 6-бет.
2. Төребек Османов – тұңғыш банкир /**Нұрлан Асқаров**/ 2011 жыл / «Арыс» қоры/Алматы.
4. Қазақтың тұңғыш банкирі, экономист – Төребек Османов туралы /**Ержанбаева.А.**/ Қазақ батырлары /2004 жыл/ мамыр.

Қызылорда қаласы.

ӘРІПТЕСІМІЗ КАМАЛБАЙ РАДЖАПОВ – 60 ЖАСТА!

Тұттыңтаймыз!

Әріптесіміз, Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы А.Жұбанов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі **Камалбай Раджапов** асқаралы 60 жасқа толғалы отыр.

Раджапов Камалбай 1978 жылы Нүкіс Мемлекеттік университетін бітіріп, Қарақалпақстанның Әмудария ауданындағы №10 мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. 2005 жылы ол Көші-қон квотасы бойынша, өз Отаны – Қазақстанға қоныс аударып, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, А.Жұбанов атындағы орта мектебіне тарих және құқық негіздері пәні мұғалімі болып орналасты. Осы уақыт ішінде Камалбай ағай ұжымда салмақты, салмақты мінезімен зор беделге ие болды. Тиынақты, сапалы сабағының арқасында шәкірттері аудандық, облыстық және Халықаралық қашықтық олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленді.

Камалбай ағай! Асқаралы алтыс жасқа келіп, керемет кемелденген шағыңызда деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілей отырып, мына өсіріп жатқан ұл-қыздарыңыздан немере сүйін, шөбереге жетіңіз деген игі тілектер тілейміз!

Рүстем БАЙНИЯЗОВ,
А.Жұбанов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі.
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТІРЕГІ

(5-сынып. Ашық тәрбие сағаты)

Сағадат ҚАЛАҒАЕВА,
№87 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты: оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжан-дылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспен-шіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды пат-риоттық рухта тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер, т.б.

Ой қозғау. – Балалар, біз қай мемлекетте тұ-рамыз?

– Тәуелсіздік дегенді қалай түсінеміз?

Мұғалім кіріспесі (тәуелсіздік туралы).

Әнұран орындалады. «**Менің Қазақстаным**».

1. Желтоқсан құрбандарына тағзым.

Аружан: – 1986 жыл, 16 желтоқсан. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жақын, әрі қаралы да, қасіретті күн еді.

Қасқалдақ ұшып көлінен

Шүрегей келіп қонған күн

Қыранды қуып көгінен

Қарғалар билік алған күн...

Аппақ қар қанға боялып,

Қып-қызыл мұз боп жатқан күн...

Енді қайтып келмесін

Сол бір қарғыс атқан күн.

Жүргізуші: – Желтоқсан көтерілісінің арқасында 1991 жылы еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш Тәуелсіз ел дүниеге келді.

Желтоқсан-ау ұмтылмайсың жүректе,

Ұрпақ өсер айналатын тірекке,

Егемендік тиді бүгін еншіме,

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Тәуелсіздіктің шыңы... «25 жылдың 25 жарқын жетістігі».

Әділхан: – 1991 жылы желтоқсанның 1-де Респу-блика жұртшылығы тұңғыш рет Нұрсұлтан Назарбаевты Республиканың Президенті етіп сайлады.

Ақбөдинұр: – 1999 жылы тұңғыш Қазақстан Пре-зиденті Н.Ә.Назарбаевты ел қайта сайлады, ал 2005 жылы желтоқсан айының төртінші жұлдызында бол-ған сайлауда ел қалауымен Н.Ә.Назарбаев тағы жеті жылға сайланды.

Марлен: – 1992 жылы 4 маусымда Президент «Қа-зақстан Республикасының мемлекеттік Туы, Елтаң-басы, Әнұраны» туралы Заңға қол қойды.

Үш оқушы үш рәміз туралы тақпақ айтады.

Хормен: Қазақстан елтаңбасымен еңселі, туымен тұғырлы, әнұранымен айбарлы. Оқушылар Қазақ-станның 25 жылдағы мынадай жетістіктерін атайды:

1991 жылы қазан айында тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.

1993 жылы, 13 қарашада төл теңгеміз дүниеге келді. Ал, 2006 жылы қарашада қолданысқа жаңа үлгідегі теңгелер енгізілді.

1994 жылы 30 маусымда қазақ халқының екінші қыраны – ғарышкер Талғат Мұсабаев аспан көгіне 6 айлық сапарға аттанды.

1995 жылы ақыл-ойдың данышпаны, қазақ хал-қының дана ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толғанын ЮНЕСКО көлемінде атап өттік.

1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз қабылданды.

1996 жылы 9 желтоқсанда Президент жарлығы-мен Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбекке «Халық қаһар-маны» атағы беріліп, айрықша, ерекшелік белгісімен – «Алтын жұлдыз» тапсырылды.

1996 жылы 16 желтоқсанда Алматыда Тәуелсіздік ескерткіші ашылды.

1997 жылы Астана Ақмола қаласына көшірілді.

1997 жылы «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып белгіленді.

1998 жылы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы үкімет қау-лысы шықты.

1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болды.

1999 жыл «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» болып белгіленді.

2000 жыл «Мәдениетті қолдау жылы» болды.

2001 жылы Тәуелсіздіктің 10 жылдық мерекесі атап өтілді.

2002 жыл «Денсаулық жылы» деп белгіленді.

2003-2004 жыл «Ауыл жылы» болып саналды.

2005 жыл Дүниежүзі қазақтары үшін құрылтай болды.

2006 жылы 6-қаңтарда әнін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Н.Ә.Назарбаевтың өңдеуімен «Менің Қазақстаным» атты ҚР жаңа мемлекеттік әнұраны бекітілді.

2010 жылы ҚР ҰҚЫҰ саммитте Астана декла-рациясы қабылданды.

2011 жылдың басты оқиғасы – ҚР Парламенті референдум ұйымдастырып, сол арқылы Президент-тік уақытты одан әрі ұзарту туралы ұсынысы берілді. Президент Н.Назарбаев бұл ұсыныстан бас тартып, сайлау өткізу туралы шешім қабылдады.

2012 жыл Лондон Олимпиадасында Қазақстан құрамасы 7 алтын алып, жалпы командалық есепте 12 орынға ие болды.

2013 жыл «Әділет» және «Руханият» партиялары бірігіп жаңа бір саяси партия құрды және оның аты «Бірлік» болып аталды.

2014 жыл Астана күні қарсаңында Елордада жа-надан салынған Ұлттық музей ашылды.

2015 жылы Қазақ Хандығының 550 жылдығы той-ланды. Осы жылы қазақтың 3-ші ғарышкері Айдын Айымбетов ғарыш көгіне самғады.

Қазақ поэзиясының алыбы – Абайдың 170 жыл-дығы тойлануы да осы тәуелсіздік жемісі.

2016 жылдан бастап 12 жылдық білім алу және биылғы 2016-2017 жаңа оқу жылынан бастап 1-сынып оқушылары білім алуда және үш тілде білім алып жатыр. Қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын. 2016 жылы Тәуелсіздікке – 25 жыл кең көлемде аталып өтті.

«Тәуелсіз Қазақстан» туралы бейне ролик көрсету.

Хор: «Туған ел».

Жүргізуші: – Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқы-мыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!

Қызылорда облысы,

Арал ауданы,

Сексеуіл кенті.

АДАЛ ҰРПАҚ

Қуаныш МАҚТИЕВ,
тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі

Біздің халық ұрпақ тәрбиесіне айрықша назар аударып, ерекше көңіл бөлген. Тәрбие бесіктен басталады десек те, дүниеге енді келетін ұрпағының қамын іште жатқаннан ойлайтын ата-бабаларымыздың сәбиіне деген ізгі пейілі керемет. Жүкті кезінде аяғы ауыр келінін тіл мен көз тимесін деп қызғыштай қорыса, іштегі шарана дұрыс өсіп-жетілсін деп жамағатының дұрыс тамақтануы мен күтінуін де қалт еткізбей қадағалаған. Жарық күннің есігін ашатын періште ғұмырдың тілегін тілеп, айналасындағы елге сыйлы, құрметті, ақылы асқан, дана жандардан «кіндік әке» мен «кіндік шеше» тағайындаған. Халқымның ырымы бойынша сәби ұл боп туса, кіндік әкеге, қыз боп туса, кіндік шешеге тартады екен деп, осы бір істі кез келген жанға жүктемеуге тырысқан. Құрсақтағы баланың мінез-құлқы жағымды болып қалыптасуына жағдай жасап, екіқабат әйелдің көңіл-күйінің жақсы болып жүруіне ерекше мән берген. Өмірге келген сәбиін тал бесікке бөлегеннен кейінгі басталатын тәрбие үрдісі бала өсіп-жетіліп, ат жалын тартып мінетін азамат болғанша толассыз жалғас табады. Қарпайым ғана мысал, баланың дұрыс өсіп-жетілуінің бір кепілі тыныштық пен жайлылық болса, бесікте жатқан бала пейіште жүрген жанмен бірдей күй кешетінін кім білмес?! Баланың асты үнемі құрғақ, химиялық «Памперс» емес, табиғи «Памперс»-пен жатқан баланың жаны жайлы болатыны анық. Қарны ашып қыңқылдаған сәби ана сүтіне тойып алғаннан кейін ана әлдиімен бесікте балбырап жата бермекші. Бесіктен мейірім мен шапағатқа бөленіп өскен бала зейіні жақсылық пен ізгілікті бөгеусіз қабылдайды, ата-анасының, үлкендердің айтқанын қалт еткізбей, тәрбиеге көніп ер жетеді, бой жетеді. Ұстазына үлгілі шәкірт бола алады. Бала тәрбиесі – қай халықтың болмасын басты мәселесі болса да, қазағымның жөні бөлек екенін ескерткім келеді. Біз баланы тек ата-ана ғана емес, қоршаған орта, ауыл-аймақ болып тәрбиелейміз. Қоршаған орта дегенде мен таза табиғатты айтпақпын, киіз үйдің ішінде, тал бесікте іңгәлап жатқан сәбидің құлағына дала үні – судың сылдыры, жапырақтың сыбдыры, торғайдың шықылықтағаны, иттің үргені естіліп, періште көңілін еліктіріп жататыны белгілі. Бесіктен бастап табиғат әлдиімен өскен бүлдіршіннің ой-санасына адамгершіліктің әліппесін де енгізетін сол табиғат, маңыраған қозы-лақ, шәуілдеп үрген күшік, құлдыраңдай шапқан құлын, үлбіреген бота, ойнақтаған бұзау, қысқасы бәрі де өзі сияқты бүлдіршін, пәк жаратылыс, уыз әлем. Бала жаны сол әлеміне тартылып, жаны ашып, мейірімі түсіп тұратыны түсінікті, соларымен ойнайды, соларымен тілдеседі, соларымен жұбанады. Бүгінгінің баласы неге эгоист, өзімшіл, қатыгез деп дал боламыз ғой, биттейінен бастап ересектер әлеміне араласып кеткен бала ондай болмағанда қайтеді, ал мына жағдай баланы мейірімділікке, ізгілікке баулитыны тағы да түсінікті. Өзі сияқты қорғансыз сәби сынды тіршілік иелері қиналса бірге қиналып, қуанса бірге қуанып, алақайлап, шапқылап жүрген бала табиғаты мейірімді, көпшіл, жанашыр болып қалыптасады.

Судың мөлдірлігін қалайтын бала оны лайламауға тырысады, талдың көлеңкесін сүйетін сәби, оны сындырмауға тырысады, сөйтіп кең даласының әр шыбығын аялап өскен ұрпақ, сол кең даласы сияқты кең, дархан, жомарт болып, өседі, қалыптасады. Бала тәрбиесіндегі ауыл-аймақтың орны тіпті бөлек, ол өз алдына бір тақырып.

Зырян аудандық білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімі оқушылар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз көзқарасты қалыптастыру мақсатында жасалған республикалық деңгейдегі Бағдарлама арқауымен аудан мектептеріне арналған рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие үрдісіндегі жаңа жоба жасап шығарып, соның негізінде аудан мектептерінде «Адал Ұрпақ» клубын құру туралы ұсыныс жасаған хатын алғанда басыма келген ойлар осы болды. Сыбайлас жемқорлыққа жан-тәнімен қарсы шығар жаңа толқын, жас ұрпақты, Адал Азаматты тәрбиелеп шығару – ел болып, қоғам, мемлекет болып қолға алатын үлкен жұмыс, ардақты іс. Толғағы жеткен мәселе. Қазақстан қоғамына дерт болып жабысқан бұл кеселмен мектеп қабырғасы ғана емес, балабақшадан бастап биліктің ең жоғары деңгейіне дейін аяусыз күрескен жөн. Корей еліндегі сияқты жемқорлықпен қолға түскен жоғары билік иелерін зеңбіректің аузына байлап тұрып атып тастамасақ та, ел бетіне қарай алмайтындай етіп жазалау керек. Жас ұрпақты қауіпті тенденциядан аулақ әкетудің бірден-бір жолы – тәрбие, қоғамдағы ұлы іс – тәрбие жұмысын мейлінше жандандыру. «Адал Ұрпақ» клубын құру идеясын біздің мектеп те, қызу қолдап іске кірісіп кетті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кәрімова Гүлнәз Кеңесбекқызы жетекшілік еткен ұстаздар тобы – клубтың кешенді жұмыс жоспарын жасап, белгіленген шараларды жүзеге асырып жатыр. Өткен жылдың қараша айында 1-4-сынып оқушылары арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» айдарымен сурет байқауы, 7-8-сыныптарда «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны өткізіліп, оқушыларға тәлім мен тәрбие берілді. Мектеп фойесінде «Парасатты азамат» бұрышы ұйымдастырылып, көрермендердің көзайымына айналған. 5 – 8-сыныптар арасында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығармашылық байқауы өтеді деп жоспарлануда. Жоспардағы оқушылардың БАҚ құралдарымен жұмыс істей отырып жасайтын «Жемқорлық құқық бұзушылардың картасы» атты жобасы мейлінше қайтарымды болады деп күтілуде. Мектеп оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға тәрбиелеу қысқа мерзімдік науқан еместігін, ол ұзаққа созылатын, аталған кеселді түп-тамырымен жоюға бағытталған, ұшы-қиыры жоқ ұлы іс екендігін ұмытпай, «Адал Ұрпақ» ұранымен еңбек еткен қазақстандықтардың барлығына жемісті жұмыс тілеймін!

Шығыс Қазақстан облысы,
Зырян ауданы,
Серебрянск қаласы.

МАТЕМАТИКА – ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ПАТШАСЫ

(тарих, әдебиетпен байланыстыра өткізген математика пәні он күніндегі сайыс сабақ)

Бағила ДЕКЕНОВА,

№6 жалпы білім беретін орта мектептің математика пәні мұғалімі

Мақсаты: Оқушылардың математика пәні бойынша білімдерін тексеру, сапасын арттыру, логикалық ойлауын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

– Құрметті ұстаздар мен оқушылар! «Математика – ғылымдардың патшасы» сайыс сабағымызды бастаймыз. Сайысқа екі топ қатысады. «Үшбұрыш» тобы, «Төртбұрыш» тобы.

Математика сырлары,

Қызықтырды біздерді.

Ойынға бірге қатысуға,

Шақырамыз сіздерді.

I Көрініс. (Ғалымдар жайлы тарихи мәліметтер көрініс арқылы беріледі. Көріністегі ғалымдардың қай ғалым екенін, олардың шығармашылығы мен өмір жолдарын айтып кетеді).

II Математика тарихынан сұрақтар:

1. Б.э.дейінгі II, III ғасырда өмір сүрген ежелгі грек математигінің «Бастамалар» деп аталатын еңбегі бар ғалым (Евклид).

2. Б.э.дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек ғалымы «Бірінші ұстаз» аталған асқан ойшыл ғалым (Аристотель).

3. Б.э.дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек математигі мектептегі геометрия оқулығында аты шулы теоремасы бар ғалым (Пифагор).

4. Ерте дүние цифрларының ішінен қандай цифр осы күнге дейін қолданылады? (Рим цифрлары).

5. XVI, XVII ғасырда өмір сүрген француз философ-математигі және физигі координаттар әдісін зерттеген ғалым (Декарт).

6. XVI ғасырда (1540-1604) өмір сүрген француз математигі. Алгебралық символдары әріптерімен

белгіленген мектептегі алгебра оқулығында өз атымен аталатын теоремасы бар ғалым (Виет).

7. Жәутіков Орынбек, Асқар Жұмаділдаев сынды ғалымдар туралы білетіндерің (Әр топтың нақты, мағыналы жауаптары).

III Кім жылдам.

1. Математика грек тілінен қазақшаға аударғанда қандай мағынаны білдіреді (білім, ғылым).

2. Математика тілі (сандар).

3. «Математика – барлық ғылымдар патшасы» деп кім айтқан? (Гаусс).

4. Ұлы математик болып саналатын ғалым кім? (Карл Гаусс).

5. Ондық бөлшекті алғаш рет ашқан XV ғасырда өмір сүрген өзбек математигі кім? (Өл-каши).

6. XVIII ғасырда 1-ден 100-ге дейінгі сандарды сабақ үстінде қосып нәтижесін тапқан ғалым (Карл Гаусс).

IV «Тіл-өнер». Шарты: Оқушы мақал-мәтелдердің айтылмай қалған бөлігін тауып, орыс, ағылшын тіліндегі аудармасын айтады.

1. жылда ел жаңа.

2. Ағайын – алтау, Ана -.....

3. Батыр бір өледі, Қорқақ.... өледі.

4. Қызға..... үйден тыйым.

5. Айдағаны – ешкі, Ысқырығы жер жарар.

6. Екі елі ауызға, ... елі қақпақ.

7. Ат баспаймын деген жерін, басады.

8. Бір тал кессең, тал ек.

Сайысымыздың жеңімпаздарын құттықтап, қошеметтейік!

Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы.

МАТЕМАТИКА ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

Кәмшат ШЕРНИЯЗОВА,

№6 жалпы білім беретін орта мектептің математика пәні мұғалімі

Мақсаты: Оқушылардың математика пәні бойынша білімдерін тексеру, сапасын арттыру, логикалық ойлауын дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру.

– Құрметті достар, қонақтар! «Математика тарихтан сыр шертеді» атты кешімізді бастайық. Кешімізге екі топ қатысады. 8-сынып «Үшбұрыш» тобы, 9-сынып «Шеңбер» тобы. Осы топтарға басшылық жасайтын құрметті қонақтарымызды ортаға шақырайық.

Ойын бес кезеңнен тұрады. Бір сұрақ көрініс түрінде.

I кезең. Ежелгі Грекия. **1-сұрақ:**

Көрініс: Ежелгі Грекияның киімін киген қыз отыр. Қолына әдемі құмыраны ұстаған қара құл кіреді. Қыз: «Құмыраны тарпедзионға қой» дейді. Құрметті ойыншылар! «Трапедзион» деген сөздің мағынасы және оның математикаға қатынасы қандай? Топ

мүшелері сұраққа жауап береді.

2-сұрақ: Ежелгі Грекияның атақты математик әйелін ата!

а) Афродита ә) Клеопатра

б) Гипатия в) Афина г) Аспасия.

3-сұрақ: Пифагор мектебі қай қалада алғаш ашылған?

а) Афина ә) Кротон б) Рим

в) Александрия г) Спарта

I кезең аяқталды.

II кезең. «Қызықты сұрақтар» ұсынамыз:

Командаларға кезектесіп сұрақтар қойылады. Егер бір команда сұраққа дұрыс жауап бере алмаса, онда басқа команда жауап беру құқығына ие болады. Дұрыс жауап – бір баллмен есептелінеді.

1. Сандарды бірді – I (таяқша), онды – П (кіпсен),

жүзді – С (өлшеуіш жіп), мыңды – (гүл жапырақ) деп белгілеген мемлекет (Мысыр).

2. 1-9 дейінгі сандарды алфавиттің бастапқы тоғыз әріпімен белгілеген мемлекет (Гректер).

3. Архимед заңын моншада ойлап тауып, қуанғаннан айқайлаған сөзі? (Эврика).

4. Архимед ғажайып құрал жасап, римдіктердің теңіздегі флотын өртеп жіберген. Ол, қандай құрал? (Айна, оптика).

5. Өзін шауып өлтіргелі келе жатқан жендетке: «Сәл кідіре тұр, сызбамды сызып аяқтап алайын» – деп айтқан ғалым (Архимед).

6. Санаудың позициялық жүйесі деп аталатын, қазіргі жаппай қолданып жүрген он таңбалы сан кімдерден келген? (Үнділіктерден).

7. Философия және жаратылыстану ғылымдары бойынша жүзден аса бағалы еңбек жазған ғалым (Әл-Фараби).

8. Хорданы олар – «джива» – садақтың кермесі деп алған кімдер? (Үнділіктер).

III кезең. 1-сұрақ: Ең алғашқы вертолеттің жобасын салған, математика, физика, астрономия, геология, адам және жануар физиологиясымен, химиямен айналысқан, бірақ дүние жүзіне аты басқа жетістігімен танымал болған адамның атын атаңыз.

- а) А. Циалковский ә) Л. Да. Винчи
б) Ч. Дарвин в) К. Гаусс.

2-сұрақ: Ең алғашқы сегіз разрядты сандардың

қосындысын табатын машинаны жасаған кім?

- а) Паскаль ә) И. Ньютон
б) Лейбниц в) Чебышев г) Галуа.

IV кезең. Орны ауыстырылып берілген сөздерден математикаға байланысты сөздер құрастыруы керек. Ойлануға 3 минут уақыт беріледі.

1. Симметрия (симметрия),
2. Келшөб (бөлшек),
3. Гариф (фигура),
4. Кардвд (квадрат),
5. Функция (яфиункц).

V кезең. Қазақстан. 1-сұрақ: Миллион деген сөзді қазақ арасына қай ағартушы жеткізді?

- а) Ы. Алтынсарин ә) А. Құнанбаев
б) Ш. Уәлиханов в) А. Байтұрсынов
г) Қ. Сәтпаев.

2-сұрақ: Физика-математика факультетін бітірген, генерал Панфиловтың туысы кім?

- а) А. Жұбанов ә) Н. Тілендиев
б) О. Жәутіков в) Б. Байқадамов

3-сұрақ: Кім алгебра оқулығын қазақ тілінде жазып, бірақ баспаға шығарған жоқ?

- а) А. Байтұрсынов ә) Ы. Алтынсарин
б) Қ. Сәтпаев в) О. Жәутіков

Сайысымыздың жеңімпаздарын құттықтаймыз.

Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы.

АСТАНА – БАС ҚАЛА

Салтанат БОКУШОВА,

№6 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты Күтілетін нәтиже	1. Білімділік: оқушылардың білім деңгейін тексеру. 2. Дамытушылық: таза, сауатты жазуға дағдыландыру. 3. Тәрбиелік: халқымыздың мұрасын бағалай білуге, тарихымызды қадірлеуге тәрбиелеу. Сабақтың көрнекілігі: суреттер, плакаттар, т.б. Сабақтың түрі: бақылау сабақ.		
Психологиялық ахуал	Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз.	Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.	
Қызығушылықты ояту. «Астана әсем қала». Жоспар құру. Өңгімелесу, ақылдасу, жазу.			
Сергіту сәті.	Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне, керегі: Екеуі қайың астынан.	Біреуі терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке?	Ой сергітеді, шаршағандары басылады.
Ой толғанғыс.	- Бүгін Отанымыздың бас қаласы Астана туралы толық мағлұмат алдық. - Қазақстан бүгінгі күнде гүлденіп дамыды. - Біздің Астанамыз 1998 жылы Астана қаласы болып аталса 2006 жылы Өнұранымыз да жаңарды. Өнұранымыздың авторы: Ж.Нәжімеденов, оны өңдеген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Өнұранды әрбір Қазақстанда тұратын Ұлттар жатқа білуі керек. Біздің Астанамыз жайқалып гүлдей берсін, ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып айтылатын ардақты қала болсын! Сабағымызды Өнұранмен аяқтайық.		
Үйге.	Мазмұндау.	Күнделіктеріне жазып беремін.	
Бағалау.	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.	Бағалау парақшасын толтырады.	
Кері байланыс		Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады.	

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 25 ЖЫЛ

(Тәрбие сағаты)

Дина ҚОЙЛЫБАЕВА,

№6 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты. Білімділігі: оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. **Дамытушылық:** Отан байлығын қорғауға, болашақта Отанымыз – Қазақстанды өркендетуге баулу. Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Тәрбиелілігі:** туған жерін, елін сүйетін, ұлтжанды, намысшыл, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеу.

1-жүргізуші: – Бізге тәуелсіздік туын, қазақтың көк байрағын биік көтеріп, ел екенімізді дәлелдеп, дүние жүзіне танылуымызға себеп болған және дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасына биыл 30 жыл толып отыр.

2-жүргізуші: – Тарихта «Құйын – 86» деп мәңгі есте қалады. Бұл жойқын шабуыл қазақ қыздары мен жігіттерін араларымыздан алып кете барды. «Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын, Ұранға «алаш» деген атты аламын», – деп азаттықты аңсаған, сол жолда аянбай қызмет еткен алаш арыстарының барлығы да қуғын – сүргінге ұшырап, Сталиндік қызыл террордың құрбандары болды.

1-жүргізуші: – Сол алаш қайраткерлерінің азаттық идеясын жалғастырған, қыршын кеткен арыстардың аманатын арқалаған кейінгі толқын іні – қарындастары 1986 жылдың желтоқсанында тәуелсіздік үшін күресе білді.

2-жүргізуші: – Сол бір ызғарлы ерте түскен қыс, тоқырау тажалының табанында аяусыз тапталған ар-намыстың ышқынған даусы құлағымызды әлі шыңылдатып тұрғандай. Бұл дауыстың ішінен қызғалдақтай Ләззат сенің де нәзік үнің естіледі.

Еліңнің сен намысы үшін,

Құрбан еттің жаныңды.

Мазақ етіп қорлай алмас,

Ешкім сенің арыңды.

Сәбира Мұхамеджанова бар-жоғы 16 жаста еді. 26 желтоқсан күні астанадағы дүрбелеңге үн қосқаны үшін, өзінің ар-намысына, анасына, балағаттаған қорлығына шыдай алмай, Өскемен педагогика училищесінің I курс студенті Сабира жатақхананың 5 қабатынан құлап мерт болды.

*Желтоқсанда шындық жырын жырлаймын деп
шарқ ұрдың,*

*Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Айналайын, айналайын жас өркені халқымның,
Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды
бұл әнің.*

Желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков 22-ақ жыл ғұмыр кешті. Елінің болашағы, бостандығы, егемендігі үшін күресті.

Қайрат деген атым бар,

Қазақ деген затым бар.

Еркек тоқты құрбандық,

Атам десең, атыңдар.

Бұл 1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ елінің азаттық көктемі үшін, сол айқай саясатқа қарсы алғаш рет бас көтеріп, қыршынынан кеткен қазақ жастарының сөнген шырақтары.

Тәуелсіздік, тәуелсіздік, жыр-әнім,

Ел іргесі берік болсын – ұраным.

Тәуелсіздік – өзіңді еркін сезіну,

Салт-дәстүрім – қолдан түспес құралым.

Тәуелсіздік! Не деп оны түсіндік?

Тәуелсіздік, ар-ождань кісілік,

Адамға адам жолдас, бауыр туыс боп,

Ел жұртыңның алма құнын түсіріп!

Тәуелсіздік! Менің байтақ Отаным,

Бір өзіңсің Мұхтар, Абай, Шоқаным,

Тәуелсіздік, сәбилердің шаттығы,

Тәуелсіздік, ақ батасы атаның.

Тәуелсіздік, тәуелсіздік, жыр-әнім,

Көк байрағым, Елтаңба, Әнұраным,

Атыңнан айналайын, Тәуелсіздік,

Қолда елімді қасиетті Құраным!

1-жүргізуші: – Еліміздің 25 жылдық мерейтойы тағы да құтты болсын! Тәуелсіздік тұғыры биік болсын! Тәуелсіздігіміз ұзағынан жарылқасын!

2-жүргізуші: – Тарихтың ойлы-қырлы белестерінде халықтың жүрегінде сақталып, жадында қалған, қоғамдық дамуға айрықша әсер етіп, ұлттық сана-сезімге қозғау салған тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы.

БАЛАЛАРЫҢЫЗБЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН 10 ҚАҒИДА

1. Баладан сіз сияқты немесе сіз қалағандай болып өсуін күтпеңіз, керісінше оған өз-өзін қалыптастыруға көмектесіңіз.

2. Баладан оған жасаған барлық жақсылықтарыңыздың өтемін талап етпеңіздер. Сіздер оған өмір сыйладыңыздар. Ол сіздерге қалайша алғыс білдіруі қажет? Ол басқаға, басқасы үшіншісіне өмір сыйлайды, ол өмірдің қайтарымысыз жақсылық заңы.

3. Қартайғанда өмірдің ашылығын тартпау үшін өз реніштеріңізді балаға артпаңыздар, басқаша айтқанда «Не ексең, соны орасың».

4. Оның проблемаларына жоғарыдан қарамаңыз, өйткені өмір жолы ауыр жол, ал оның өмірлік тәжірибесі жоқ.

5. Қорлық-зомбылық көрсетпеңіз.

6. Адамның өміріндегі маңызды кездесуі – ол оның балаларымен кездесуі екендігін ұмытпаңыздар.

7. Өз балаңызға ештеңе істей алмасаңыз, өз-өзіңізді босқа қинамаңыз.

8. Бала – сізді толық билеп алатын басқыншы емес. Ол сіздің қуанышыңыз, махаббатыңыз, жаныңыздың бір бөлшегі, өміріңіздің жалғасы.

9. Өзге баланы да жақсы көре біліңіз, оны да өз балаңыздай көріп, ешқашан оған жамандық істемеңіз.

10. Өз балаңызды – дарынсыз, жолы болмағыш, үлкен болса да жақсы көріңіз. Онымен қарым-қатынас орната отырып, қуаныңыз, өйткені бала деген – үнемі сізбен бірге болатын МЕЙРАМ!

<http://www.tattialma.kz/>